

**ҚАЗАҚСТАН БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУВРАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ**

Қолжазба құқығында

Д.С. Адильбаева

**ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚ СТУДЕНТТЕРІН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ
ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

Педагогика магистрының академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған
6М010300 «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
магистрлік диссертация

ПАВЛОДАР – 2014

**Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
Инновациялық Еуразия университеті**

Қорғауға жіберілді:
«Педагогика және психология»
кафедрасының меңгерушісі
медицина ғылымының докторы,
профессор __Ю.А. Россинский
« ____ » _____ 2014 жыл

Магистерлік диссертация

**ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚ СТУДЕНТТЕРІН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ
ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

6М010300 «Педагогика және психология»

Магистрант _____ Д.С. Адильбаева

Ғылыми жетекші,
п.ғ.к., доценті _____ А.К. Сатынская

ПАВЛОДАР - 2014

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1.Зерттеу жұмысының теориялық- әдіснамалық негіздері	
1.1 Қазақ тілін оқыту мәселесінің зерттелу тарихына шолу.....	11
1.2. Техникалық мамандық студенттеріне қазақ тілін оқытудың психологиялық- педагогикалық негіздері.....	15
1.3. Техникалық мамандық студенттерін қазақ тіліне оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологиялардың педагогикалық мүмкіндіктерін қолдану	22
2. Техникалық мамандық студенттерін қазақ тілін оқытудың дидактикалық шарттары	
2.1. Техникалық мамандық студенттерін қазақ тіліне оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қолдану әдістемесі.....	40
2.2. Техникалық мамандық студенттерін қазақ тіліне оқытудың дидактикалық моделі.....	49
2.3 Техникалық мамандықтарына қазақ тілін электрондық оқулық арқылы оқытудың тиімділігін анықтаудың эксперименттік жұмысының нәтижесі.....	55
Қорытынды.....	70
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	74
Қосымшалар.....	81

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазақстан Республикасындағы білім беруді

дамытудың 2010-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім берудің мақсаты - қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру екендігі көрсетілген. Оны жүзеге асыру – техникалық мамандық студенттерін қазақ тіліне оқытудың дидактикалық шарттарын анықтауға септігін тигізетін оқу үрдісін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Мемлекеттік бағдарламада, сондай-ақ, оқу үрдісіне педагогикалық және ақпаратты технологияларды кеңінен пайдалану - білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі екендігі атап көрсетілген [1].

Ақпарат ағымының ұдайы молаюы мен жаңаруына байланысты қоғамды ақпараттандыру кезеңінде оқу тәрбие үрдісіне, оның мазмұны, әдістері, ұйымдастыру формалары мен басқару түрлеріне сапалық түрғыдан жаңа талаптар қойылуда. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында орта білім беруді ақпараттандырудың екінші кезеңіне оқу үрдісі жүруде, ол мазмұндық түрғыда болады және компьютерлік сауаттылықтан жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға көшумен сипатталады. Мұнда әрбір студенттің қазіргі ақпараттық техника мен технологиялар негізін меңгеріп қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі, интернет, яғни ғаламдық ақпарат желісін өзінің белсенді танымдық ізденістеріне пайдалана білуі көзделген. Алайда, бұл іргелі ғылыми зерттеулерді қажет ететін күрделі мәселе.

Ел президентінің Қазақстан халқына Жолдауында өткен ғасырдың отызыншы жылдарында сауатсыздықпен күрес жүргізілгендей, компьютерлік сауаттану жөніндегі ауқымды іске азаматтарды, әсіресе, жастарды тарту қажеттігі айтылған және мемлекеттік қызметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде компьютерді, интернетті қолдана білу дағдысы міндетті талап болуға тиіс екендігі атап көрсетілген [32]. Осыған байланысты ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы техникалық мамандық студенттердің қазақ тілін қызығушылығын арттыру және білім сапасын көтеру.

Қазіргі қоғам талабына сай сапалы білім беру және жастарды бәсекеге қабілетті етіп оқыту мен педагогика ғылымы саласында жаңа әдіснамалық негіздегі ғылыми зерттеулерді талап етіп отыр. Өйткені, дәстүрлі оқыту мазмұны мен әдістері мұндай нәтижеге жетуге кепілдік бермейтінін күнделікті іс-тәжірибе көрсетіп отыр. Мәселенің шешімі - оқу үрдісіне жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды ендіруде жатыр. Педагогикалық технология оқу үрдісінің қойылған мақсатқа жетуіне кепілдік

береді.

Оқытудың педагогикалық технологиясының мәні, педагогикалық технологиясының жеке аспектілері мен түрлері В.П.Беспалько [33], В.М.Монахов [34], М.В.Кларин [35], П.И.Третьяков [36] және т.б. жұмыстарында зерттелген. Біздің республикада оқытудың педагогикалық технологиясы Ж.А.Қараев [23], Қ.Қабдықайырұлы [37], Т.Т.Ғалиев [38], Ж.У.Кобдикова [39], Б.О.Қуанбаева [40] т.б. жұмыстарында қарастырылған.

Оқытудың ақпараттық коммуникациялық технологиясы педагогикалық оқыту технологиясының құрамды бөлігі болып табылады. Ақпараттық коммуникациялық технология белгілі бір педагогикалық технологияның оқу үрдісіне енгізілуіне қолайлы жағдай жасайды, жалпы студенттердің қазақ тіліне оқуға деген ынтасын арттыруға, оқу үрдісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Сол себепті, қазіргі кезде танымдық белсенділікті компьютерлік технологияны пайдалану арқылы арттыру педагогика ғылымы мен практикасының жаңа, болашағы мол бағыты болып табылады. Оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдану өз бетімен іздену негізінде шығармашылық типтегі іскерлікті қалыптастырады. Оқыту үрдісінде ақпараттық компьютерлік технологияны пайдаланудың негізгі мәселелері С.Пейперт [41], В.Я.Ляудис [42], Г.И.Дацюк [43], И.В.Роберт [44], Ж.А.Қараев [45] т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған.

Диссертациялық жұмыста ақпараттық компьютерлік технологияны пайдаланып оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық талаптарын анықтау қазақ тілі пәнін оқыту мысалында қарастырылған. Алайда, қазақ тілі сабағында ақпараттық компьютерлік технологияны пайдалану арқылы студенттердің танымдық белсенділігін арттыру көкейкесті мәселе болса да, қазіргі педагогикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нысаны ретінде аз қамтылған. Қазақ тілі сабағында компьютерлік техниканы пайдалану мәселелері ВА Извозчиков [46], А.С.Кондратьев [47], В.В.Лаптев [48], И.М.Низамов [49], АН.Верник [50], Е.Е.Минина [51], АК.Немцев [52], Э.В.Бурсиан [53], В.Е.Ильин [54], Л.В.Гурьева [55], А.Атабаев [56], Н.Н.Керімбаев [57] және т.б. ғылыми зерттеулерінде қарастырылған. ақпараттық компьютерлік технологияны оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану барысында студенттердің танымдық белсенділігін арттырудың ғылыми-теориялық негіздемесін Ж.А.Қараев ұсынған. Алайда, біріншіден, он жылдан астам уақыт бұрынғы компьютерлік технологияны педагогикалық, бағдарламалық-аппараттық мүмкіндіктері мүлдем өзгеше (төмен) болғандықтан; екіншіден, бұл жұмыста интернет желісі, электрондық оқулықтар мен виртуальды лабораториялар мүмкіндіктері қарастырылмағандықтан; үшіншіден, танымдық белсенділікті компьютерлік технологияны пайдалану арқылы арттырудың тұтастай дидактикалық шарттары жиыны анықталмағандықтан, біз өз диссертациялық жұмысымызда осы аталған мәселелерді зерттеу жұмысының басты міндеттері етіп алдық.

Қазақстан Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Қазіргі заман жағдайында жоғары білім берудің мақсаты қоғамның, мемлекеттің және жеке тұлғаның сапасы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, әрбір адамға оқытудың мазмұнын, нысанын және мерзімін таңдауға кең мүмкіндік беру керектігі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген. Соның бір белгісі, мемлекеттік тілінің мәртебесін көтеру, дамыту бағытында көптеген құжаттар шығарылды, олар, «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы», «Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасы» . Бұл құжаттарда қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту мәселесіне үлкен мән берілген. Осы тұрғыдан алғанда кәсіптік орта орындарында оқытын орыс бөлімдерінің студенттерін қазақ тіліне оқыту барысында мамандыққа сәйкес қарым-қатынас құралы ретінде үйрету.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің қалыптасуына зор еңбек сіңірген А.Байтұрсынов, Ы.Мамановтың, И.Ұйықбаевтың, М.Жұмабаевтың және т.б. әр кезеңде шығарылған еңбектеріне көз жеткізуге болады. [1,,3,4].

Сонымен бірге белгілі әдістемеші ғалымдардың қазақ тілін ана тілі ретінде және басқа аудиторияда оқытуға арналған оқулықтары, оқу құралдары мен нұсқаулары, тілашар мен сөздіктері Н.Оралбаеваның Х.Қожахметованың Т.Аяпова т.б. ғалымдарының әр кезеңде жарық көрген еңбектерінде толық талданған.

Қазіргі қолданып жүрген оқулықтардың ішінде Ш.Бектұров, А.Бектұрованың Б.Құлмағамбетованың, Н.Н.Оралбаеваның, З.Кузеквананың, Д.Х. Ақанова, А.М.Алдашева, З.Қ.Ахметжанова (ресми-іскерли қазақ тілі, 2002ж) оқулықтары.

Колледждегі қазақ тілі курсына қатысты аталмыш проблема Н.Н.Оралбаеваның және тағы басқалардың диссертациялық зерттеулерінде қарастырылған.

Осы жұмыстардың авторлары колледждегі қазақ тілі курсының мазмұнын іріктеуге негізделетін принциптерді анықтап, орта кәсіптік оқу орындарындағы қазақ тілі курс бағытының маңызын ашып, оның қажеттілігін көрсеткен.

Қазақ тілін оқытудың бағытын жүзеге асыру бірінші кезекте оқу орындарындағы қазақ тілі курсының мазмұнына белгілі бір талаптар қояды. Мазмұнды таңдау мәселесінің өткірлігі мен өзектілігі және т.б. танымал педагог-психологтар мен әдіскерлер және сыныды тілшілердің ғылыми жұмыстарында аталып көрсетілген.

Аталған ғылыми еңбектерінде оқушының танымдық белсенділігін арттыру, жеке дамуы, өзіндік жұмысы өз бетімен білім алуы, білік, дағдыларын қалыптастыратын тиімді жолдары, жалпы қазақ тілінің теориялық аспектісі жан-жақты берілген. Дегенімен, жан-жақты қарастыруды талап ететін мәселелер әлі де бар. Сондай өзекті мәселелерінің бірі орыс бөлімдерінде қазақ тілін жандандыру болып отыр, қазіргі қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік –

экономикалық өзгерістер мағлұматтарды қарапайым беруге негізделген жеткілікті дәрежеде айқын, яғни қазақ тілінің материалын аз уақыт көлемінде меңгерту. Жеке тұлғаға деген талаптың күшейе түсуі қазір дүние жүзінде білім беру саласында жобалы өзгерістер жасау тенденциясының үдей түсуіне себеп болып отыр.

Білімнің педагогикалық технологиясын техникалық мамандық студенттеріне қазақ тілін оқытуды неғұрлым кәсіптік бағыт беру арқылы енгізу, нәтижесінде осы мамандықтарда оқитын студенттердің білім деңгейін көтеру, жаңа әлеуметтік шартта осы проблеманың практикалық маңыздылығы мен теориялық маңыздылығы жасалмағаны зерттеу мазмұнын анықтап, диссертациялық зертеуіміздің тақырыбын **«Техникалық мамандық студенттерін қазақ тіліне оқытудың дидактикалық шарттары»** таңдауымызға себеп болды.

Бір жағынан қоғам мемлекеттік тілді меңгеруді талап етсе, екінші жағынан қазіргі жағдайы кезіндегі оқу мазмұны және олардың қазіргі оқыту барысындағы проблемалары мен олардың арасындағы қайшылықтарды педагогикалық технологияны жүзеге асыру барысында дидактикалық шарттарын көрсету мен мінездемелеу зертеуіміздің көкейкестілігі анықтады.

Біз дидактикалық шарттар деп қойылған мақсаттарды тиімді шешуге әсер ететін мазмұндар, әдістемелер және оқыту құралдарының элементтерін таңдау, құрастыру және пайдалану нәтижесін пайда болған жағдайлар деп түсінеміз.

Зертеудің мақсаты: техникалық мамандық студенттерін қазақ тіліне оқытудың дидактикалық шарттарын анықтау.

Зерттеу нысаны: техникалық мамандық бойынша оқитын студенттерінің қазақ тілін оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні: ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы техникалық мамандық студенттеріне қазақ тілін оқытудың дидактикалық шарттары.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер орта техникалық мамандық бойынша оқитын студенттерге қазақ тілін мамандыққа қатысты оқыту үдерісінің дидактикалық шарттары негізгі бірлігі етіп алынса, ғылыми тұжырымдамасы жасалса, оқытудың кезеңдері анықталса, қазақ тілі оқытудың модельдері құрылса, осының негізінде студенттерді жаңаша оқытудың электрондық оқулығы пайдаланса, онда студенттердің мемлекет тілді үйренудің сапасы артады, өйкені бүгінгі қоғамға өте білікті, бәсекеге қабілетті және ақпараттық технологияларды игерген жоғары білімді техникалық мамандар қажет.

Зерттеудің міндеттері:

- техникалық мамандарды даярлаудың қазіргі заманғы жағдайын анықтау, қазіргі кезеңдегі білім мазмұны мен оқыту әдістемесінің жағдайын стандарт талабы тұрғысынан зерттеу, қазіргі заманғы қазақ тілі білім жүйесінің даму тенденциясын көрсету;
- техникалық мамандық студенттерін қазақ тіліне оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологиялардың педагогикалық мүмкіндігін анықтау;
- техникалық мамандық студенттерін қазақ тіліне оқытуда дидактикалық

шарттарына жол ашатын дидактикалық моделін жасау, қалыптасқан іскерлік және дағдыларын, негізгі элементтерінің тиімділігін тәжірибе арқылы тексеріп, көрсету;

- болашақ техникалық мамандық студенттерге қазақ тілін оқытуды жеңілдететін дидактикалық негіздерін жіктеп «Қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияларды пайдаланудың кейбір мәселелері» атты оқу құралын жасап, оларды сынақтан өткізу.

Зерттеудің жетекші идеясы: қазіргі технологиялық процестің даму бағыттарын және оқытудың дидактикалық негіздерін тірек етіп, болашақ техникалық мамандық студенттерге қазақ тілін мамандықтарына қатысты оқытуда ақпараттық технологияларды пайдаланып, оқудың сапасын арттыру.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері болып тұлғаның қоғамдағы әлеуметтік орны туралы ілім, оның дамуындағы әрекет пен қатынастың рөлі, философия, психология, педагогика ғалымдары саласындағы негізгі қағидалар, қазақ тілін оқытудың теориялық заңдылықтары пәннің заңдылықтарының негізінде құрылу принциптері, оқыту үрдісін дамыту модельдерін құру теориясынан, білім мазмұны жөніндегі психологтар мен педагогтардың зерттеулері, дидактика негіздері, студенттерді дамыта оқыту теориясы, алдыңғы қатарлы педагогтік тәжірибе, еліміздің әлеуметтік – экономикалық түрлендірулер концепциясы негіздері құрады.

Зерттеу көздері: Зерттеу мәселесі бойынша ғалым-тілшілердің, философтардың, педагогтар мен психологтардың, ғылыми-зерттеу еңбектері, оқулықтары, Қазақстан Республикасының ресми материалдары, оқу-әдістемелік құралдар; Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, жоғары білімді дамыту стратегиясы, Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2010-2015 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, ақпараттандыру құжаттар; ғылыми-педагогикалық мерзімді басылымдар; диссертантың педагогикалық және зерттеушілік іс-тәжірибесі.

Зерттеу әдістері: Мемлекеттік деректік құжаттарды, заңдарды зерделеу; зерттеу бағыты бойынша ғылыми-әдістемелік, педагогикалық әдебиеттерді талдау; студенттер арасында сауалнамалар жүргізу; берілген әдістеменің тиімділігін анықтау мақсатында оқу тапсырмаларын дайындау; педагогикалық экспериментті ұйымдастыру және алынған қорытынды нәтижелерді өңдеу, дәлелдеу, сипаттау, салыстыру, тәжірибеден өткізу.

Зерттеудің ғылыми жаңалықтары: Техникалық мамандық студенттерін мамандыққа қатысты ғылыми-әдістемелік негізі жасалды. Студенттерге мемлекеттік стандартты меңгеруге мүмкіндік беретін орта кәсіптік оқу орындадарындағы оқитын техникалық мамандық студенттерге қазақ тілді білімді қалыптастыру үшін оқу үрдісін педагогикалық технология тәсілімен дидактикалық шарттары нақтыланды. Мұнда білім стандартына сай негізінен кәсіби бағытта оқытылатын болашақ техникалық мамандықтарға қазақ тілі білім беру проблемасын, жетілдіруге жаңаша тұрғыдан жақындап келуі көрсетілген. Орта кәсіптік оқу орындадарындағы студенттерге кәсіби бағытты

ескеретін педагогикалық технологияны пайдаланып іске асыратын, техникалық мамандарын дайындаудың дидактикалық-әдістемелік жүйесін жасауға мүмкіндік беретін білім әрекетінің жүйелері ұсынылды, бұл жүйені іске асырудың әдістемелік тұрғысы анықталды.

Зерттеудің теориялық мәнділігі:

-техникалық мамандық студенттерін мамандыққа қатысты оқыту әдістемесі оқытудың қазіргі заман талабына сай ақпараттық технология негізінде құрылып, қазақ тілі білім стандартына сай негізінен кәсіби бағытта оқытылатын моделі ұсынылды. Оқу нәтижесіне студенттердің міндетті қазақ тілі деңгейіне бағытталған білім әрекетіне талаптар анықталды, қазақ тілін оқытудың кезеңдері анықталып, дәйекті фактілермен дәлелденді, компьютерлік технологияны пайдаланып оқу үрдісінің сапасын арттырудың дидактикалық шарттары анықталды және әдістемесі жасалды, қазақ тілін дидактикалық негіздерін қамтитын «Қазақ тілі» атты электрондық оқулық ұсынылып, электрондық оқулықты қолданудың тиімділігі эксперименттік жұмыстарда сыналды.

Зерттеудің практикалық мәні: диссертацияда техникалық мамандық бойынша оқытын студенттерін қазақ тіліне оқытудың бағыт-бағдарын анықтауда бұл зерттеу ғалымдарының еңбектеріне сараптама жасалды, қазақ тілін оқытудың модельдерінің дамытушылық, меңгертушілік бағыттарының сипаты ашылды. Орта кәсіптік оқу орындадарында оқу үрдісінде енгізілген: «Қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияларды пайдаланудың кейбір мәселелері» атты оқу құралы.

Зерттеудің базасы: Инновациялық университетінің колледжі, ПҚ БАИ

Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі:

Диссертация нәтижесін зерттеу барысында алынған нәтижелер мен қорытындылар дәйектемелерді әдіснамалық негізделуімен, теориялық түбегейлілігімен, қойылған мәселені шешудің біртұтас жүйесімен, зерттеудің мақсатына, міндетіне, ізденіс логикасына сай жалпы ғылыми және нақтылы әдістерінің бірлігімен, педагогикалық тәжірибеден оң нәтижелермен дәлелденіп, негізделді.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

-қазақ тілін мамандыққа қатысты оқыту әдістемесі заман талабына сай ұтымды әдістемелік жаңалықтармен үнемі толықтырылып отырылуы керектігі, қазақ тілін мамандыққа қатысты оқыту әдістемесін жаңа, жоғары сатыға көтеруде ақпараттық технологияны қолданудың саналы нәтижеге жеткізгендігі.

- қазақ тілін оқытуда жақсарту үшін ғылыми негізде дәлелденген жаттығулар жүйесінің әдістемесін қолданудың ұтымдылығы;

- қазақ тілі оқытудың сапасын арттыруда электрондық оқулық негізінде қазақ тілін оқытудың дидактикалық шарттары және әдістемесі;

- техникалық мамандық бойынша оқытын студенттеріне қазақ тілін оқытуда электронды оқулықты қолданудың тиімділігін анықтаудағы эксперимент жұмыстардың нәтижелері.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы:

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері эксперимент барысында жүзеге асты. Халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциясына қатысқан дәлелдемелер ұсынылған.

Диссертация құрылымы: Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, кестелерден, сұлбалардан және қосымшадан тұрады.

Кіріспеде: зерттелген тақырыптың маңыздылығы сараланып, оның мақсаты, зерттеу нысанасы, пәні, ғылыми болжамы, жетекші идеясы айқындалды. Зерттеу міндеттері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, зерттеу кезеңдері, қорғауға ұсынылатын қорытындылар, зерттеу жұмысының іс-жүзінде сынаулы мен тәжірибеге енгізуі сипатталған.

«Зерттеу жұмысының теориялық - әдіснамалық аспектілері (негіздері)» атты бірінші тарау үш параграфтан тұрады және онда зерттеліп отырған тақырыпқа байланысты ғылыми басылымдар талданып, көрсетілді. Жалпы оқу үрдісін ақпараттық технология тәсілімен комплексті түрде қаралып, моделі оның мазмұны мен әдістемесіне сұрыптау енгізу қажеттігі негізделді. Білім стандартына сай оқыту үрдісінде болашақ техникалық мамандық студенттердің білім деңгейін педагогикалық технологияны пайдалану арқылы көтеруді жүзеге асыру және осы саладағы ғалымдардың педагогикалық технологиясының мәні мен олардың қазақ тілін оқытудағы технологияландыру үрдістері мәселелері қарастырылды.

«Техникалық мамандық студенттерін қазақ тілін оқытудың дидактикалық шарттары» деп алатын екінші тарауда осы курстың алатын орны мен рөлі, пәннің мақсаты мен мазмұны жеткіліктілігі жан-жақты талданып, айқындалады. Курстың білім стандарты негізіндегі құрылымдығы мен дидактикалық шарттары қарастырылып, қойылған мақсатты жүзеге асыру мақсатында педагогикалық технологияның базаларының элементтері және технологияны пайдаланып қазақ тілін оқытуды іске асыру жолдары көрсетілген. Бұл тарауда эксперименттік жұмыстың мазмұны, әдісі және нәтижесі келтірілген.

Қорытынды бөлімінде алынған және эксперимент арқылы дәлелденген нәтижелеріне қорытынды жасалды.

Қосымшада «Қазақ тілі» пәнін оқытуға арналған ақпараттық технологияның негізгі базаларының басты элементтері келтірілген.

Зерттеу кезеңдері: Зерттеу жұмысы Павлодар университеті колледжінде (Инновациялық Еуразия Университеті колледжінде) жүргізілді, ПҚ БАИ№ Оның барысын төменгідей кезеңдерге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең: (2010-2011 ж.ж.) зерттеудің алғы шарты негізінен теориялық зертеулеріне арналды. Болашақ білікті техникалық мамандықтардың моделін, қазақ тіліне дайындаудың теориялық негізін, орта кәсіптік оқу орындарындағы ғылыми-педагогикалық әдебиеттері мен тәжірибелеріндегі проблемаларының қазіргі жағдайын анықтау мақсат етілді. Психологиялық – педагогикалық әдебиеттерге талдау жасаланылып, зерттеу проблемасының ғылымда, педагогика теориясында зерттелу деңгейі, орта кәсіптік оқу орындарындағы

тәжірибесіндегі нақтылы жағдайын талдап, қазақ тілінің осы мәселедегі теориялық негіздері туралы тұжырымдамалар зерттеліп, таңдалды. Педагогикалық зертеуіміздің жалпы бағыты, оның мақсаттары мен міндеттері анықталып, осыған байланысты эксперимент жүргізуді кеңістігі мен әдістемесі қалыптастырылады. Бұл кезде негізінен анықтаушы тәжірибелік жұмыстар атқарылады. Электронды оқулықтың жасалу үлгісі мен түрлерінің қолдануы мен қандай салада пайдаланатымен танысу, тақырыпқа байланысты әдебиеттерге талдау жасалып, сұрыпталды. Студенттерге сауалнама таратылып, әңгімелер өткізіледі, бақылау жұмыстары жүргізілді.

Екінші кезеңде (2011-2012 ж.ж.) орта кәсіптік оқу орындарында қазақ тілін оқыту ерекшеліктерін ескере отырып, техникалық мамандық студенттерге қажетті қазақ тілі білім көлемі, яғни оқу мазмұны анықталды. Білім стандартына сай негізделген кәсіби бағытта пайдаланылатын деңгейлік материалдар талданып, жасалынды. Ақпараттық технология бойынша оқу үрдісі жобаланды, электронды оқулықтың құрылымы мен үлгісі және қазақ тілін оқытудың дидактикалық шарттары мен әдістемесі жасалды. Қазақ тілін орта кәсіптік оқу орындарында электронды оқулық арқылы оқыту негізінде техникалық мамандық студенттердің электронды оқулықтарды пайдалануға даярлығын қалыптастырудың көрсеткіштері мен өлшемдері анықталды, ұсынылып отырылған электронды оқулықты қолданудың тиімділігін анықтау үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізілді.

Зертеудің үшінші кезеңінде (2013 -2014 ж.ж.) зерттеудің теориялық негізі анықталды, тәжірибелік-педагогикалық жұмыстар жүргізілді. Білім стандартына сай негізінен сй негізінен кәсіби бағытта пайдаланылатын оқу материалдарының мазмұны анықталып, оқу үрдісін педагогикалық технолигияны іске асыру бейімдендіріледі. Болашақ мамандар аудиториялық, қосымша және өзіндік сабақтарда, әдістемелер негізінде бақылау және эксперименттік топтарды анықтап, нақты тақырып пен бөлімдерге сәйкес келетін тиімді пішін мен әдістемелер анықталды. Педагогикалық қалыптастыру эксперименттері жүргізіліп, қорытындылары жүйелі түрде талқыланып отырылды. Зерттеу нәтижесіндегі жалпы қорытындылар жасалынып, тақырыпқа байланысты ғылыми негізделген ұсыныстар және жинақтау іске асты, негізгі нәтижелері талқылаудан өтті. Зерттеу нәтижелері математикалық, компьютерлік өңдеуден өтті.

1.Зерттеу жұмысының теориялық –методологиялық негіздері.

1.1 Қазақ тілін оқыту мәселесінің зерттелу тарихына шолу

Қай заманда болмасын тіл мәселесінің салалық қолданбалы айқындылық пен нақтылы тұжырымдамаларды талап етеді. Тілдің замандыққа қатысты қолдану аясы тек еліміздің тәуелсіздікке қолы жеткен кезінен басталды демекпіз. Күні бүгінге дейін шешілмей келе жатқан өзекті мәселелерінің әлі болсын бар екені даусыз. Соның бірі- техника ғылымына қатысты тіл аясының бір мәмлеге келмеуі , әрине , техникалық саласының ғылыми мәнділігін қазақ тілінің құрылымын –жүйесін меңгермей, оның теориялық аспектілерін зерделемей, одан алған білімдерді тәжірибеде қатысымдық сапада қолданбай

арттыру, оның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес. Тіл – қоғамдағы тарихи, әлеуметтік, мәдени, рухани өзгерістерінің айнасы. Яғни, адам баласының барлық әрекетін, дүниетанымдық ерекшеліктерін, жинақталған білім жүйесін, оның болмысын тілсіз танып білу мүмкін емес.

«Оқыту» үрдісі бар жерде «Білім теориясы» да бар деген ұғым қатар жүреді. Міне, осыдан әрбір оқыту үрдісінің өзі ғылым мен білім жүйесінің біртұтастық сабақтастықта келуіне бейімделуін қажет ететіні байқалады. Сөйтіп, белгілі бір нысанның (техника ілімінің) ғылыми және білім сипатын айқындаудағы рөл атқаратын құрал-мемлекеттік тіл деген қорытынды шығады. Білім теориясын анықтау тек сол меңгеруге тиісті ғылымның тілін құрастыру үрдісін ескеру дегенді аңғартады. Тіл, меңгермеген, оның заңдылығын дұрыс қолдана алмайтын субъекті, өнімді жетістікке жетпейтіні белгілі. Бұл іс-әрекет қазақ тілі мәнінің құрылым-жүйесінің тұтастығын ұштастыруға бағыт береді.

Тілдің қатынас құралы қызметін атқаратыны туралы пікірлер айтылғанымен, тілдік қатынастың жеке мәселе ретінде зерттелуі соңғы жылдардың үлесіне тиеді.

Әр ғылымның даму жолында, оны дамытуда ерекше қызмет атқаратын белгілі ғалымдар бар. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне тілді қатынас құралы тұрғысынан, оқытуға арналған алғашқы оқу құралдарының бірін жазған С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев, И.Ұйықбаев болады. (С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев, И.Ұйықбаев. Казахский язык. Алма-Ата, Мектеп, 1988). Қазақ тілі білімінің қай саласында болсын өз ізін қалдырған А. Байтұрсыновты атауымызға болады. Басқа ұлт өкілдеріне тілді қатынас құралы тұрғысынан, сөйлесім әрекетіне сай жаңаша үйретуді көздейтін белгілі әдіскер Ә.Жүнісбек,

Соңғы жылдары басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесіне байланысты баспадан шыққан еңбектердің авторлары Н.Оралбаева, Ф.Оразбаева, Б.Мешінбаева, Ш.Бектұров, А.Бектұрова, Т.Аяпова т.б.

Қазақ тілін өзге ұлттарға оқытудың әр кезеңін қорытындылай келе, мына ерекшеліктерге тоқталуға болады:

1. Республикадағы барлық тілдердің тең құқықта қолданылатыны жарияланды.
2. Екінші кезеңде қазақ тілінің қолдану аясы біресе тарылып біресе кеңейіп тұрды. Кеңес дәуірінде тілді басқа ұлт өкілдеріне оқытпақ түгіл қазақ тілінің өзіне қауіп төнген кездері де болды.
3. Қазақ тілін орыс аудиториясында оқытудың алғашқы бағдарламасы жарық көрді.
4. Жоғары оқу орындары, мектептер, курстар үшін оқулықтар шығарылып, бағдарламалар жасалды. Әдістемелік мақалалар көбейді.

Білім беру саласында жиі көтеріліп жүрген мәселелерінің бірі-студенттердің өзін-өзі басқаруға үйрету. Осы мақсатты алға қойып, оқытуды жаңаша ұйымдастыру, студенттің пәнге деген қызығуын арттыру мақсатында әрбір сабақты түрлендіріп өткізу әдістері енгізілді. Білім берумен қатар, жастарды жан-жақты дамытып өзі таңдаған ісінің маманы болып қалыптасуына мүмкіндік жасауы керек. Қазақ тілін берумен қатар, студенттің жан-жақты білімі мен іздемпаздығын, логикалық ойлауын, білімін өз заманына сай

жаңартып отыру қажеттілігін қалыптастырып, қысқаша айтсақ, оқуға үйрету керек. Олай болса, қазақ тілінде сөйлеу әрекетінің түрлерін үйретуге байланысты техникалық оқу құралдарының тиімді түрлерін анықтау қажет.

Әр жекеленген адамға бағытталған білімнің қажеттілігін В.В.Краевский И.Я.Якиманская негіздеп берді, ал оқытудың әр адам баласын дамыту функциялары Т.Н.Мальковский еңбектерінде зерттелді.

Зерттеу нәтижесінде көптеген авторлар білім жүйесінің бірнеше тізбегінің жалғасу принципіне негізделген., кәсіби дайындауға тиімді әсер ететін және динамикалық дамитын талаптар жүйесін жасау үшін негіздер бар екендігін көріп отырмыз:

-білікті техникалық мамандарды жан-жақты дайындауды және оқу , тәрбие үрдістерін іске асыруда ең басты нәрсе маманның тұлғасы болуға тиіс;

-техникалық мамандарды заман талабына сай дайындауда таным әрекеттеріне дайындауды қалыптастыратын қазақ тілі пәндерді жалғастырып оқыту қажет.

Студенттерге қазақ тілін оқытудың негізгі материалдарын таңдап алу принциптері мен оны оқыту әдістемесі үлкен ықпалын тигізгендер: үйренушілердің оқу материалдарын меңгеруінің нақты механизмдерін айқындау С.Л.Рубенштейн, Е.Н.Кабанова-Меллер; есте сақтауды П.И. Зинченко, А.А. Смирнов, В.Я.Ляудис, ойлауды Ф.Н.Шемакин, А.М.Матюшин, В.Н.Пушкин, Л.Л.Гурова; қабылдауды В.П.Зинченко , Ю.Б. Гиппенрейтер; тілдік қарым-қатынас және тіл оқытуды В.А.Артемов, Н.И.Жинкин, Г.Эббингауздың эксперименттік мәліметтерінде бір уақытта адамның есте сақтап, жаттап ала алатындығы жазылған. Аталған ғалымдардың еңбектерінде таным теориясын терең зерттеген Есипов Б.П. Көптеген педагог-ғалымдардың еңбектерінде оқу үрдісін «технологияландыру», яғни бағдарламалап оқыту тәжірибесінде іске асатын білім технологиясы, дамып оқыту тәжірибесінде контекстісіндегі педагогикалық технолгия , жаңа ақпараттық технологияның мәні , мазмұны, оларды оқу үрдісінде енгізу, мәселелері ашылып қарастырылған Ж .А.Қараев, Т.А. Ильин Л.Н.Оразбекова және т.б. зерттеу жұмыстарда мәнді шығармашылық жасалыну мәселелері қозғалса да, педагогикалық технологияны дидактикалық арнайы зерттеу ретіндегі оқулар мен талдаулар олардың жан-жақты және толық жасалынбағаны көрінеді.

Кез келген оқыту үрдісінің нәтижесі де, қазақ тілінің іс жүзінде қолданылу аясы да, ең алдымен, сол пәнді оқыту жүйесіне қатысты жасалған бағдарламаға тікелей байланысты. Оқытудың негізі бағдарлама екені белгілі. Оқу бағдарлама оқулықтар мен оқу құралдарында болатын өзгерістерді қамтиды және оқытудың мазмұнын айқындап, негізгі мақсатына жетудегі жетекші құрал болып табылады. Оқытудың мақсаты бағдарламаға сай терең, күрделі және аумақты болуы да, сонымен бірге әр сабақтың мақсатына қарай нақтылы, шағын немесе тапсырмаларының ыңғайына орай қысқа, дара болуы да мүмкін.

Көптеген зерттеу жұмыстарында тек кейбір тенденциялары қарастырылады да, оларды тәжірибе жүзінде ғылыми негіздеу мәселелері болмай, педагогикалық технологияның дамуының стратегиялық жолдарын болжамдау қиынға соғады. Солардың бірі оқу үрдісін педагогикалық технология

тәсілімен .. мәселелерін айтуға болады, сонымен қатар өзекті мәселелерінің бірі орыс бөлімдерінде қазақ тілін материалдарын аз уақыт ішінде меңгерту. Оқытуды жандандырудың көкейкесті мәселе болуының бір себебі осы. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихи қалыптасу жолында көрнекті ғалымдардың (мәтіннің ғылыми-теориялық жағынан дәлелденген жүйесін қолданудың , мәтіндерді ғылыми негізде сұрыптаудың , мәтіндермен жүргізілетін жұмыс түрлерін анықтаудың жолдары).

Республиканың оқу орындарында техникалық құралдарды қолдану мәселесіне М.Құдайқұлов зор үлесқосқан ғалымның «Некоторые вопросы кинофикации учебного процесса в школах Казахстана» атты диссертациялық жұмысы (1965), «Мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуде қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалану» (1972) сияқты еңбектерінде оқу –тәрбие үрдісінде техникалық құралдарды, оның ішінде, оқу киносын қолданудың артықшылықтарды көрсетіп, оларды тиімді пайдалану жолдары сөз болады. Жалпыдидактикалық тұрғыды жазылған бұл еңбектер мұғалімдерге жақсы көмекші құрал болғаны сөзсіз.

1970 жылы Р.Г.Усманованың қазақ студенттеріне орыс тілін оқытуда техникалық оқу құралдарын қолданудың мәселелері туралы «Некоторые вопросы методики обучения студентов-казахов русскому языку с использованием технических средств» атты кандидаттық диссертациясы жарық көрді. Еңбекте техникалық жоғаыр оқу орындарында орыс тілі сабақтарын лингафон кабинетін пайдалана отырып жүргізу мәселесі сөболды. Дәстүрлі аудиториялық сабақ пен лингафон кабинетіне жүргізілетін сабақтардың үлгілерін келтіре отырып, олардың әдістемелік айырмашылықтарын көрсетеді. Сондай-ақ, еңбекте эпифильмнің оқу ісіндегі тиімділігі де қамтылады. Автордың айтуы бойынша, эпифильмдерді қолданудың өткен материалды қайталау мен бекітуде пайдасы зор.

Одан кейінгі жалпыдидактикалық тұрғыда жазылған жұмыстарының бірі- К.Өстемировтің «Оқыту құралдарын пайдалану негіздері» (Алматы, Мектеп, 1989ж.) атты оқу құралы. Бұл еңбекте оқыту құралдарын мектепте, ортакәсіптік-техникалық училищелерінде жасау мүмкіндіктері туралы кеңестер беріледі және оларды сабақта пайдаланудың тиімді әдістері көрсетіледі.

1970 жылдардан бастап, қазақ тілінде диафильмдері мен кинофильмдер жасау қолға алына бастады. Г.Бектұрованың «Обучение орфографии с помощью ЭВМ» атты диссертациялық еңбегінде компьютердің білім беру саласына енгізілу тарихына тоқтала отырып, оның тиімді тілді оқытудағы мүмкіншіліктерін зерттеген еңбектерге қысқаша талдау жасайды. Компьютермен оқытудың психологиялық-педагогикалық егіздерін қарастырады. Қазақстандағы оқу жүйесін компьютерлендіру жағдайы нашар деген пікір айтады. Оның себептерін көрсетеді:

- дәйекті ойластырылған, ғылым материалдық-техникалық жағынан нашар жабдықталуы;
- білім беру саласы мекемелерінің материалдық-техникалық жағынан нашар жабдықталуы;

-электрондық-есептеу техникасының қымбаттылығы;
Компьютердің оқу ісіндегі мүмкіншіліктерін жете түсінбеу;
Оқыту бағдарламасының жоқтығы, т.б.

Бұл орында айтылған пікірдің әлі күнге дейін өз шешеімін таба алмауы, бұл мәселенің күн тәртібіндегі өзектілігін анықтай түседі. Бұдан әрі Г.Бектұрова қазақ орфографиясы мәселелеріне тоқтала келіп, оны оқытуда, яғни студенттерге орфографиялық дағдыларды қалыптастыруда компьютерлерді пайдалану тиімді деген шешімге келеді.

Қазақ тілін орыс бөлімдерінде оқыту әдістемесі қолға алынып отыр. Қазақ тілін басқа ұлттарға оқытуда техникалық құралдарды пайдалану жөніндегі қазақ тілінде арнайы жазылған көлемді әдістемелік еңбектер, зерттеулерде ғалымдар зерттеу жұмыстарында бұл мәселеге зор көңіл бөлетіндіктерін байқауға болады.

Жалпы алғанда, қазақ тілін орыс тілді аудиториясында оқыту мәселесі зерттеу жақсы жолға қойылған.

Тілдік жоғары оқу орнында қазіргі орыс тілін оқыту барысында техникалық оқу құралдарын қолданудың лингводидактикалық негізін қарастырған Қадырова Г.Ш. өз зерттеу жұмысында бұл құралдардың пайдасын, олардың сабақта қолданылу орнын және жолдарын көрсеткен. Әсіресе, практикалық сабақтарда информация беру және студент білімін тексері кезінде үлкен көмек көрсететінін баса айтады. Бұл еңбекте, сондай-ақ, лингафон аппараттары мен статистикалық проекция құралдарын тиімді қолданудың жолдары көрсетілген.

Техникалық оқу құралдарын орыс тілін шетелдік студенттерге үйретуде пайдалану мәселесі дежақсы зерттелген. Осы мәселе тірегінде зерттеу жұмыстарын жүргізген А.И. Усейнова, С.Д.Леонова, С.Р.Налбандян орыс тілі мен студенттердің ана тілдерін салыстыра отырып, тәжірибе нәтижелерін негізге ала отырып, нормативті бағдарламаға түзетулер енгізген. А.И.Усенованың пікірінше, шетелдік студенттер, біріншіден, дұрыс сөйлеуді үйренуі тиіс, себебі, олар айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасай алуы керек; екіншіден, білім алуына қажетті әдебиеттерді оқып, түсіне жазбаша тілді де меңгеруге тиіс. Осыған байланысты, тіл дамытуға арналған аудио-визуалды жаттығулар жүйесіне кіргізуге болатын жай сөйлемдер конструкциялары анықталады. Диссертацияда техникалық құралды пайдалана отырып, жайсөйлемді меңгеру арқылы шетелдік студенттердің тілін дамыту әдістемесі ұсынылған.

Студенттердің танымдық белсенділігін арттыратын, оларға аз уақыт ішіндегі көп мәлімет беретін техникалық құралдың бір түрі-бейнефильмдер. Бейнефильмдерді шетел тілін оқытуда қолдану мәселесін В.П. Поляков зерттеді. Оның еңбегінде болашақ шетел тілі мұғалімдеріне анализ жасауға үйрету барысында оқу теледидарын қолдану мәселесі өз шешеімін тапты.

Сонымен, техникалық оқу құралдарын оқу ісінде пайдаланудың тиімділігі артықшылығы жан-жақты зерттелген.

1.2. Техникалық мамндық студенттерін қазақ тіліне оқытудың психологиялық –педагогикалық негіздері.

Қазақ тілі –техникалық жоғары оқу орындарындағы ерекше пән. Ол оқушы мен студенттің өзара тілдік қатынасына негізделеді. Қазақ тілін оқытудың сапалы болуы, теориялық ғылыммен қаруланған оқытушы дайындау ісімен де тығыз байланысты.

Психологиялық процесстің көлемінде тікелей тіл үйренуге қатыстыларының бірі-ес. Естің есте қалдыруы, есте сақтау және ұмыту деген түрлері бар. Мағынаны түсіну, материалды терең ұғыну, оны жүйелей білу арнайы есте қалдырудың маңызды шарттарының бірі болып есептеледі. Арнайы есте қалдыру нәтижелі болу үшін көрнекі құралдарды тиімді пайдалануға болады. Меңгерген материалды уақытысында қайталап отырудың да өзіндік пайдасы бар.

Қазақша тіл дамыту мәселелерінің практикалық, қатысымдық ұстанымдардың негізінде ұйымдастырылуын қадағалау қажет.

Оқытуда көрнекілікті пайдалану мәселесіне көптеген еңбектердің арналғаны белгілі. Оның ішінде Я.А.Коменскийдің, К.Д.Ушинскийдің, Г.И.Песталоцидің классикалық еңбектерінен бастап, тілді оқытудағы көрнекілікті әр түрлі аспектіде қарастыратын қазіргі замағы зерттеулер бар (В.А. Артемев, Б.В.Беляев, И.А.Зимняя, Е.И. Машбиц, А.А. Леонтьев Н.И. Жинкин сияқты белгілі психологтардың адам әрекеті, сөйлеу механизмі, оның екінші тілді (біздің жағдайымызда орыс бөлімдерінде қазақ тілін) оқыт уәдістемесі жоғары нерв жүйесінің тілді реттеп отыру қызметі (регляция), ойлау, сөйлеу, ес, қызығушылықтың пайда болуы, білімнің сапалылығы мен беріктігі және т.с.с. мәселелерге негізделеді.

Қазақ тілін басқа ұлтарға оқытудағы біздің мақсатымыз-орыс тілді студенттерге тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу дағдыларын қалыптастыру арқылы қазақ тілін меңгерту. Сөйтіп, студенттердің әлеуметтік-сәси, қоғамдық -өндірістік және танымдық салада қазақ тілін қолдануын амүмкіндік жасау. Ал тілді үйрету үшін аталған дағдалардың қандай психикалық үрдіске негізделетінін білуіміз керек.

«тілді үйренуде оқушының қабылдау процесінің қызметі ерекше. Психологтар қабыладудың төмендегі түрлерін белгілейді:

Көру, сезу, есту. Тіл үйренуде оқушылар алдымен ауызекі сөйлесуге үйренеді. Онд адыбыстарды, сөздерді есту, сөйлеуді қабылдау арқылы үйренеді» ,-деп жазады К.Жаксылықова. Психологтардың зерттеулеріне негізделен осы пікірге сүйене отырып, аталған қабылдау түрлерін есту және көру компьютер құралдарының көмегімен жүзеге асыруға болады деп ойлаймыз. Себебі, Г.А.Жданова айтқандай, «Наглядность, осуществляемая с помощью технических средств-это не только основа чувственного восприятия, необходимая для сознательного усвоения новых знаний, но и путь, средство, ведущее к развитию мышления».

Көрнекілікті пайдалану мидың қабығында қосымша тітіркедіргіштердің пайда болуына ықпал етеді. Нәтижесінде, И.П. Павлов теориясы бойынша,

оның қабылдағыштығы артады да, мұның өзі білімнің терең де берік болуына жақсы әсер етеді. Көрнекіліктің пайдасын И.П.Павлов мектебінің физиолағтары келтірген мына факті де растайды. Адамның сөздік тітіркендіргішке және заттық тітіркендіргішке жауап реакциясы (мысалы, «қоңырау» деген сөз бен шылдыратын көрсетілген қоңырауға реакциясы) зерттелген. Заттық тітіркендіргіш жылдам әрі тікелей жауап реакциясын берген. Ал сөздік тітіркендіргіш белгілі бір аралық кезеңнен өтіп барып, реакция берген. Мұның мәнісі мынады: ми қабығына бұрыннан сақталуы тұрған сөз бен бейне арасындағы байланыс «тіріліп», студент оны еске түсірген, яғни, бұл сөздің нені білдіретінін еске түсіремін дегенше, арада біраз уақыт өткен. Демек, екінші тілді оқытуда сезімдік-көрнекілік кезең қажет. Себебі, тілді үйренушіге заттың не құбылыстың бейнесі көрсетілмесе, тілдік белгілер өз бетінше тұрып оларды түсіндіріп бере алмайды. Бұл жерде көрнекіліктің пайдасы-тілді үйренушінің оқу материалын тез қабылдап, түсінуіне оңды әсер етеді.

Көрнекілікті қолдану нәтижесінде адам санасында көру, есту, мотрлы және т.б. бірнеше анализатордың жұмысымен байланысты сезімдік бейне қалыптасады. И.А. Зиняның айтуы бойынша, «Чем больше анализаторов участвует в процессе восприятия, тем больше организуется в коре головного мозга временных нервных связей, тем больше создается условий для более прочного запечатления этого образа в памяти».

Психологияда тіл адамдардың қарым-қатынасында қолданылатын таңбалардың жүйесі болып танылады. Ол таңбалар – дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөздердің түрленуі, бір-бірімен байланысуы. Біз оларды естиміз, айтамыз және жазба түрінде көреміз, яғни оқимыз. Демек, тілдік таңбалар біздің санамызда бейнелене алады, біз оларды «материалдық объект» ретінде қабылдаймыз. Сезім мүшелерінің арқасында біз оны ести аламыз, көре аламыз және айта аламыз. Сөздің тұтас бейнесі адамда бірден емес, біртіндеп, тілді меңгеру барысында қалыптасады. Алғашында есту бейнесі, кейінен адамның жазба тілді қаншалықты меңгергеніне қарай, дыбыстық-әріптік сәйкестік орнатылады. Санада сөздің күрделі көру-есту-айтылу бейнесі қалыптасады. Сонымен, сөз-тілді меңгеру үрдісінде бір-бірімен тығыз байланысқан есту және көру «бейнелерінің» бірлігі болып табылатын тұтас құбылыс түріндегі дыбыстар жиынтығы.

Оқушылардың сапалы білім алуындағы қалыптастырудың аса маңызды орын алатындығын іргелі психологиялық-педагогикалық зерттеулерге талдау жасау арқылы көз жеткізуге болады.

Белгілі психологтар Е.И.Машбиц [2], С.Л.Рубинштейн [3], П.Я.Гальперин [4], Л.С.Выготский [5], В.В.Давыдов [6], Д.Б.Эльконин [7], Қ.Б.Жарықбаев [8], С.Бап-Бабаның [9] зерттеулерінде танымдық белсенділіктің психологиялық ерекшеліктері ашылып, оның білім беру ісін дамытуда басты рөл атқаратыны дәлелденген.

Педагогикада проблемалық оқытуды ұйымдастырудың оқушылардың танымдық белсенділігін дамытудағы маңызы И.Я.Лернер [10], Л.П.Аристова [11], МА.Данилов [12],

М.И.Махмутов [13], Т.И.Шамова [14], оқушылардың танымдық белсенділігін жетілдірудің жеткілікті шартын оқу үрдісіне пайдалану Я.А.Коменский [15], П.И.Пидкасистый [16], Н.А.Половникова [17], Б.П.Есипов [18], Ю.К.Бабанский [19], М.Н.Скаткиннің [20] еңбектерінде зерттелген.

Г.И.Шукина [21], Н.Г.Морозова [22] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде танымдық белсенділікті оқу үрдісінде қалыптастыру механизмдерінің ерекшеліктері анықталған.

Отандық ғалымдар ЖАҚараев [23], Т.С.Сабыров [24], Н.Д.Хмель [25], М.Ә.Құдайқұлов [26], А.Е.Әбілқасымова [27], Р.Садыкова [28], С.С.Смаилов [29], Р.С.Омарова [30], А.С.Мустояпова [31] т.б. ғылыми еңбектерінде оқушының танымдық белсенділігін арттыру, жеке дамуы, өзіндік жұмысы, өз бетімен білім алуы, білік, дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылған.

Ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау ақпараттық технологиялар талабы тұрғысында оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың психологиялық-педагогикалық негізі әлі де болса зерттеуді қажет ететінін байқатты.

Орыс бөлімдерінің студенттері ауызша және жазбаша тіл дағдыларын орыс тілінде меңгерген, яғни оларда сөздің орыс тіліндегі көру-есту-айтылу бірлігі туралы түсінік қалыптасқан. Қазақ тілін оқытудағы оқытушының міндеті-орыс тілді студенттердің санасында қазақ тіліндегі сөздің тұтас көру-есту-айтылу бейнесін қалыптастыру. Мұны қалайша жүзеге асыруға болады, соған тоқталайық.

Сезім мүшелері қабылдаған кез-келген белгі (сигнал) мида қандай да бір әсер, «із» қалдырады және ми ана тіліндегі сөздердің айқын «іздерін» сақтап қалады. Қажет болған жағдайда, ми бұрын қабылданған сигнал «іздерін» «тірілту», яғни қайта жаңғырту қабілетіне ие. Сонымен қатар, ми қабығының белгілі бір бөлімдері жаңа түскен хабарды мида сақталуы тұрған хабармен үнемі салыстырып отырады. Тану (узнавание) мен еске сақтау әрекеттері шамамен осылайша жүреді. Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, тілід қабылдау деп отырғанымыз-тану әрекеті.

Орыс тілді студенттердің санасында орыс тілі сөздерінің, дыбыстарының тұрақты бейнесі, айқын «іздері» сақталуы болғандықтан, қазақ сөзін (олар үшін жеке дыбыстар мен дыбыстардың «ретсіз» жинағын) олар өз миларындағы хабармен, яғни орыс тілі дыбыстарымен, сөздерімен салыстыра отырып қабылдайды. Ал бұл қазақ сөздерін тануда, оларды айту мен есте сақтауда кері әсерін тигізеді. Мұның дәлелі орыс аудиториясындағы қазақ тілін оқытуың алғашқы кезеңінде жиі кездесіп отырады десек, артық айтпаймыз. Олай дейтініміз, тәжірибеден байқағанымыздай, бастапқыда, яғни студенттердің қазақ тілін меңгеру деңгейі төмен кезде, студенттердің ішкі ой әрекеттері орыс тілінде жүреді. Ал қазақша айту немесе жазу керек болғанда, олар орыс тіліндегі үлгілерге қазақша түр (форма) береді. Нәтижесінде қазақ дыбысын айтуда, сөздер мен сөзтіркестерін, грамматикалық формаларды қолдануда қателер жібереді. Мысалы, «о» дыбысының орыс тілінде сөздің басында,

екпінсіз қалыпта айтылатынын ерекшелігіне қарап, қазақ тіліндегі «Орман», «Оспан» және т.с.с сөздерді «Арман», «Аспан» деп айтады. Немесе қазақ тіліндегі сөз тіркестері мен сөйлемдерді орыс тілінің заңдарына сүйеніп құрайды. Мысалы, «книга Марата-кітап Мараттың» және т.с.с. Әрине, біз барлық студенттер осындай қателер жібереді деуден аулақпыз. Себебі, мектепте қазақ тілін өз дәрежесінде оқыған студенттердің даярлығы біршама жақсыболады. Алайда, әр түрлі жағдайларға абайланысты мектептерінде қазақ тілін пәні жүргізілмеген немесе нашар жүргізілген студенттер, сондай-ақ, басқа мемлекеттерден келген студенттер өз жұмыстарында қателер жіберіп жатады. Студенттердің өз ойларын дұрыс жеткізе алмай, қате жіберуінің себебі, олар іштей орыс тілінде сөйлейді де, осы сөйлеу модельдерін ойша қазақ тіліне аударады. Мұндай жағдайлар болмасу үшін, оқытушылар оқытудың ең бастапқы кезеңінен-ақ студенттерге санасын орыс тілі ережелерінен қазақ тілі заңдарына «бұруы» керек. Өзжұмысында оқытушылар есту және көру құралдарына сүйенсе, жаңа дерек тез әрі сапалы меңгеріледі.

Қазақ тілін оқытын орыс тілді студенттер қазақ тілі дыбыстарын дұрыс қабылдауды, тануды, және айтуды үйренуге тиіс. Тану әрекеті қабылданып жатқан дыбыстардың бейнелері-эталондары-есте болғанда ғана жүзеге асады. Қазақ тілін оқытуда ест уқұрадларын қолданудағы мақсаттың бірі-студенттің қазақша сөйлеуіне ықпал ететін және сол әрекетте эталон болатын дыбыстың айтылу үлгісін жасау.

Сөйлеудегі есту-айту дағдыларының қызметі тұрғысынан алағандағы сөйлеу әрекеті құрылымының психологиялық ерекшеліктерін зерттеу нәтижесінде ғалымдар ана тілінде сөйлеудің негізінде жатқан тілдік дағдылардың рефлекстік табиғатын ашып көрсетті. Бала ана тілінде сөйлеуді саналы түрде меңгермейді. Оның сөйлеуді үйренуде ест уанализаторының қызметі ерекше. Өзін қоршаған адамдардың сөздеріндегі дыбыстардың үлгісін естіген бала өзі шығаратын дыбыстарды да осы үлгіге барынша ұқсатуға тырысады. Бұлжөнінде психолог Қ.Жарықбаев былай дейді. «Бала тілінің қалыптасуына ересек адамдардың сөзінің әсері өте күшті екендігі түсінікті. Бала оларға үнемі еліктеп, өз бетімен сөз шығаруға талпына бастайды. Баланың тіл сезімі күшті болады». Бұл жерде есту анализаторы 1) бала шығарған дыбысты эталонға теңестіргіш, ұқсастырғыш рөлін; 2) дыбыс шығарудың нәтижесін бақылаушы рөлін атқарады. Сөйтіп, баланың тілі шыға бастағаннан-ақ, Н.И. Жинкиннің айтуы бойынша сөйлеу және есту анализаторларының арасында тығыз байланыс орнайды.

Өз тілінің дыбыстарын қабылдау және айту дағдыларын тұрақты қолданылатын жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Мұны алғашқылардың бірі болып психолог С.И. Бернштейн атап көрсетті: «Ведь основная трудность при обучении иноязычному произношению состоит в том, что учащийся воспринимает звучание чужой речи сквозь призму фонетической системы родного языка. Обладая устойчивыми навыками слышания и произношения звуков родного языка, они подгоняют под эти шаблоны свое восприятие и воспроизведение звуков чужой речи». Осы пікірді негізге ала отырып,

студенттерді қазақша сөйлеуге жатттықтормас бұрын, оларға қазақ тілінің сөздерін дұрыс тыңдауды үйрету қажет деп ойлаймыз. Студенттердің санасында қазақ тілінде сөйлеудің есту бейнелері (іздері) тұрақты, нық қалыптасса, олар осы тілде біршама еркін сөйлейтін халге жетеді деген пікірдеміз.

Қазақ тілі оқытушыларының алдында орыс тілді студенттері үшін қазақ тілі дыбыстарын есту үлгілерін жасау міндеті тұр. Орыс тілді студенттердің есту байқағыштығын және есту жадын дамыту үшін оқыту процесінде модульмен оқытудың тиімділігіне көз жеткіздік. Яғни, модульмен оқыту, бір жағынан, білім, біліктің жүйелі әрі бірізділікпен берілуін қамтамасыз етсе, екінші жағынан, ірі блоктарға енген әрбір тарау, тақырыптар студенттің күнделікті өмірмен, болашақ мамандығымен тығыз ұштастырылып отыруын қадағалаудың мүмкіндігін арттырады. Білімнің мұндай жүйемен тартылып берілуі студенттің тілдік іскерліктерін шыңдауымен қатар, студенттің өз бетінше меңгертуге ұмтылатындығы, жадының алуан түрлері арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамыту, өзін-өзі өзектендіруге, шығармашылық қажеттілігін қанағаттандыруға, сөздік қорын дамытуға бағытталады.

Жаңашыл-педагогтердің негізгі мақсаты-студенттердің алатын білімін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз қалау.

Танымдық қажеттілік нақ осындай әсерді қамтамасыз етеді, сондықтан ақыл-ой қызметінен қанағаттану сезімі пайда болған кезде, қабілеттіліктің дамуы байқалмай, тез және жеңіл түрде жүреді. Бұл эмоциялар жоқ болса қабілетті ұзаққа созылған тынымсыз ақыл-ой еңбегінің нәтижесінде де дамыту мүмкін емес.

Мотивация дегеніміз - қажеттіліктің белгілі әрекетті тудыратын түрткі-ниетке өзгеру үрдісі. Әр мәселені шешу үшін тұлғадан белгіленген мақсатқа жету үшін жұмсалатын іс-әрекет қажет етіледі [17].

Мотивтер, мүдделер, сенім, ұмтылушылық қажетсінуі қанағаттандырумен байланысты. Студенттердің бойында мотивтерді, қызығушылықты, белсенділікті, ынтаны т.б. қалыптастыруға көптеген зерттеулер арналған, алайда мұндай мәселелер жалпы білім беретін мектеп деңгейінде өз шешімін талап етуде. Техникалық студенттерді оқуға деген ынтаның нашарлығын, өзінің күштеріне сенуден айырылғандығын жиі аңғаруға тура келеді.

Қандай да болсын оқушының іс-әрекеті мотивтен туып, белгілі мазмұн мен мақсатқа жетуге көзделген. Мақсат - әрекеттің нәтижесі қандай болуы тиісті екендігін анықтайды.

компоненттерінің мазмұнын ашуға, талдау жасауға ұмтылыс жасалды.

Т.И.Шамованың пікірінше танымдық белсенділіктің компоненттерін практикалық талдау мақсатында ғана жіктеуге болады дейді. Танымдық белсенділіктің еріктік компоненті алдыңғы екі компонентпен тығыз байланысты, өйткені олардың негізінде адам белсенділігінің басты қайнар көзі-қажетсіну жатыр. Ерік дағдылары адамды әрекетке итермелеуші бастапқы себепкер ретіндегі қажетсінуге байланысты. Мұнда осы жалпы негіз

-қажетсіну мотивациялық және еріктік компоненттерінің сезіммен байланысын айқындайтынын байқамауға болмайды, өйткені сезімде қажетсінудің белсенді жағы бейнеленеді [65]. Танымдық белсенділіктің әр компоненті өзіне тән белгілі бір қызмет атқарады: мотивациялық-тұлғалық компонент қызығушылықты тудырады, оқу-танымдық белсенділікті оятады. Оны іске асыру үшін негіз жасайды және жүзеге асыруға мүмкіндік береді, процессуалдық-еріктік компонент оның аяқталуын қамтамасыз етеді. Әр компонент өз қызметі арқылы оқу-танымдық белсенділіктің белгілі бір кезеңін жүзеге асырады:

а) оқу-танымдық белсенділіктің мотивациясы тұрақты болып, қызығушылықтан қажеттілікке ауысатын болса; ә) студенттер негізгі интеллектуалдық іс-әрекеттерді және өзіндік жұмыстарды жүзеге асыра алатын болса;

б) өзінің танымдық іс-әрекетін басқару сипаты сыртқыдан ішкі қажеттілікке ауысса;

в) студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеті шығармашылық, зерттеушілік сипатқа ие болса, онда олардың танымдық белсенділігі артты деп саналады [28].

Оқушылардың білімдердің және оқу-танымдық қызмет тәсілдерінің жүйесі қамтылады, бұл тәсілдер жаңа білімдермен әрекет тәсілдерін өз бетінше игеру біліктілігін айқындайды. Бұл компоненттің ерекшелігін айқындау үшін мектеп оқушыларының білімдерін және олардың оқу-танымдық қызмет тәсілдері жүйесінің ерекшеліктерін анықтау қажет. С.И. Архангельский [89,384с.] жоғары білімнің мазмұнына үш компонент кіру тиіс деп есептейді: біріншісі ғылымның қазіргі жай-күйін, екіншісі даму үстіндегі ғылым мен техниканың жаңа мазмұнын айқындайды; үшіншісі ғылым мен техниканың болжамды дамуын көрсетеді. Бірінші компонент ғылымда тұжырымдалған және практикада қабылданған нәрседен тұрады. Білімді игерудің саналы сипаты оқушының білімдері сапасының жетекші көрсеткіші болып табылады, бұл саналылықтың жоғары деңгейі алынған білімдерді практикада қолдана білу біліктілігінде көрініс табады. Оқу-танымдық іс-әрекеттің мақсаты анықталады және есептерді шешуде нақты жоспары жасалады.

Студенттердің жетекші білімдері жүйесінің негізінде танымдық белсенділіктің жақтары қалыптасады. Біліктер үш топқа бөлінеді, олар: ақыл-парасат, оқу еңбегі және арнаулы біліктер. Осы біліктерді меңгерудің белгілі бір деңгейі танымдағы белсенділіктің ілгері басуын қамтамасыз етуі тиіс. Сөз жоқ, ақпарат алып, өздеуді қамтамасыз ететін ақыл-парасат білігі жетекші білік болып табылады. Оның қалыптасу деңгейінің жалпы танымдық белсенділікті дамыту үшін зор маңызы бар.

Жалпы алағанда оқушының танымдық белсенділігінің жағы басқа сапалық деңгейімен ерекшеленеді, мұның өзі ақыл-парасат дамуының неғұрлым жоғары деңгейімен және оқушының оқу-танымдық қызметінің ерекшелігімен

байланысты.

Ең басты нәрсені ажырата білу білігі оқу-танымдық қызметінің осы тәсілдерінде жетекші рөл атқарады, бұл білікті танымдық белсенділіктің мазмұндық-амалдық жағы үшін жүйе құрайтын фактор деп есептеуге болады. Ең бастысы нәрсені ажырата білу біліктілігінің қалыптасуы мазмұндық-амалдық компоненттің дамуының негізгі көрсеткіші болып табылады. Ол хабардың басты идеясын қабылдап жаңғыртуда, алдағы оқу-танымдық қызметтегі ең басты нәрсені айқындауда және осы негізде, осы қызметтің алға қойылған мақсатына сәйкес жұмысты жоспарлай білу және жұмыстың мақсаты мен оқылатын материалдың ерекшелігін ескере отырып, өзін-өзі бақылау біліктілігі танымдық белсенділіктің мазмұндық-амалдық компонентінің қалыптасуының қосымша көрсеткіштері болып табылады. Егер жеке тұлға белгілі бір ерік күшін жұмсамаса, білімді және әрекет тәсілдерін игеруге талпынғанымен, білімдердің белгілі бір жүйесі болғанымен және біліктілік қалыптасқанымен танымда белсенділікпен ілгерілеушіліктің болуы мүмкін емес. Сондықтан еріктік компоненті танымдық белсенділіктің ажырамас бөлігі болып табылады, бұл компоненттің негізінде таным барысындағы қиындықтарды жеңу жөнінде ерік күшін жұмсауға дайын тұрушылық және әрекетте іске асырушылық жатыр. В.И. Селиванов көрсеткендей, "атқарудағы қиындықтарды жеңе білу біліктілігі - жеке тұлғаның еркінің дамуын бағалайтын негізгі өлшем" [90,208 с]. Танымдық белсенділіктің еріктік компоненті алдыңғы екі бөлікпен тығыз байланысты, өйткені олардың негізінде адам белсенділігінің қайнар көзі - қажетсіну жатыр, мұнда осы жалпы негіз - қажетсіну мотивациялық және еріктік компоненттердің сезіммен байланысын айқындайтынын байқамауға болмайды, өйткені сезім де қажетсінудің белсенді жағын бейнелейді [91]. Сезім қажетсінудің қанағаттандырылуы немесе қанағаттандырылмауы нәтижесінде пайда болады және сонымен бірге адамның әрекетін реттеушілердің бірі ретінде көрініс табады.

Таным үрдісі түрлі қиындықтарды жеңумен байланысты. Таным барысындағы қиындықтарды жеңу, бұл үшін қажетті ерік күшін жұмсау жеке тұлғаның өзінің танымдық әрекетін нысаналы түрде және саналықпен реттеуін талап етеді. Еріктің болуы жеке тұлға үшін елеулі, маңызды мақсаттар мен міндеттердің болуымен байланысты. Мақсаткерлік адамның ерік мінез-құлқының негізгі нысандарының бірі, жеке адамның ерік күшін іске асыру үшін зор маңызы бар. Алға мақсат қою және оны қабылдау-жеке тұлғаның мақсатқа жету жөніндегі бұдан былайғы ерік күшін айқындайтын кезең болып табылады. Таным - әрекет түрлерінің бірі болғандықтан, таным барысындағы қиындықтарды жеңу жөніндегі ерік күші таным әрекетінің мақсатын кімнің алға қоятынына елеулі дәрежеде байланысты деп жорамалдауға болады [92]. Танымдық белсенділіктің еріктік компонентінің қалыптасу деңгейлерін ажырату ерекше қиындық туғызады,

өйткені психологияда осы мәселенің әзірленуінің қазіргі деңгейі жеке тұлға еркінің дамуының, атап айтқанда, танымдағы ерік күшінің дамуының айқын өлшемдеріне шығуына мүмкіндік бермейді. Сондықтан оқушының оқу-танымдық қызметінде айқынырақ көрініс табатын көрсеткіштер ретінде сабақтарда жұмыстың ынталы жүргізілуін, жұмыстағы жүйелілікті, танымдық қызметтің барлық түрлерін аяқтауға үмтылушылық ұсынылады.

1.3. Техникалық мамандық студенттерін қазақ тіліне оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологиялардың педагогикалық мүмкіндіктерін қолдану

Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың даму кезеңі оқу-ағарту саласында технологиялық жаңа әдістерді кең көлемде қолдануды қажет етеді. Күнделікті сабақта компьютерді пайдалану - заман талабы. ХХІ ғасырда қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар: білім сапасын көтеру, компьютерлендіру, интернет, компьютерлік желі, электрондық телекоммуникация, электрондық оқулықтар даярлау. Бұлардың оқушылардың қазіргі заман талабына сай білім алуына, танымдық белсенділігін арттыруға әсері мол.

Жаңа ақпараттық технологияны адамзат қызметінің барлық саласына енгізу ақпараттық қоғамның басты көрінісі болып отыр. Компьютерлік техниканы үздіксіз білім беру жүйесінде пайдалану оқытудың педагогикалық технологиясы, оқытудың ақпараттық технологиясы, оқытудың компьютерлік технологиясының туындауына себеп болды. Сонымен біз осы ұғымдарға тоқталып өтуді жөн көрдік. Оқытудың компьютерлік технологиясы деп оқушының өз бетімен танымдық іс-әрекетін дамытуға, оқыту мен оқуды басқаруға, сондай-ақ оқу мен практикалық есептерді ойындық, адам-машиналы тұрғышан шешуге бағытталған өдіснамалық, психологиялық-педагогикалық, бағдарламалық-техникалық және ұйымдастыру құралдарының кешенін айтады [93]. Кез-келген педагогикалық технология- ақпараттық технология болып табылады. Оқу-тәрбие үрдісінде білім беруді ақпараттандыру үшін жаңа ақпараттық технологияға көшу қажет. Білім берудегі жаңа ақпараттық технология деп оқу мен оқу-тәрбие материалдарының, үйретуге арналған есептегіш техника мен аспаптық құралдарының жиынтығы, есептегіш техника құралдарының оқу үрдісіндегі рөлі мен орнын, мұғалімдер мен оқушылардың еңбегін жетілдіруде оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы ғылыми білімнің жүйесін айтады [34].

Технология идеясы жаңа ұғым емес. Оқыту үрдісін технологияландыру туралы пікірді осыдан 400 жыл бұрын ЯАКоменский айтқан, яғни оның пікірінше оқыту "технологиялық" болуы қажет. Оның мағынасы - нені үйретсе де, нені оқытса да оқу үрдісі табыссыз болмауы керек. Мұндай оқыту механизмін Я.А.Коменский "дидактикалық машина" деп атады [15]. Технологияға мақсат қою, осы мақсатқа жетудің құралдарын іздестіру, бұл

құралдарды қолданудың ережелерін табу маңызды болды. Соған байланысты, мақсат - құрал - оның қолдану ережелері - нәтиже модулі шықты. Бұның өзі - білім берудегі кез-келген технологияның өзегі.

Компьютерлік технологияны оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануда оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың педагогикалық мүмкіндіктері ЖАҚараевтің еңбегінде көрсетілген. Алайда, интернет желісі сияқты жаңа телекоммуникациялық жүйелердің пайда болуына байланысты компьютерлік технологияның педагогикалық мүмкіндіктері өзгерді. Демек, оқыту үрдісінде компьютерді қолдану білім мен біліктілікке қоятын талаптарды қайта қарап, жетілдіріп жүйелеуді талап етеді. Білім беруде компьютерлік технологияларды пайдалану оқыту үрдісін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған моделін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі оқыту құралдары (компьютерлер, телекоммуникациялық байланыс құралдары, қажетті интерактивті бағдарламалық және әдістемелік жабдықтар) әр түрлі оқыту формаларын жетілдіруге мүмкіндік береді, оған қоса оқушылардың өзіндік жұмыстарын орындататын әдістемелік құралдар ретінде атқаратын жұмысының маңызы өте зор.

Білім беруді ақпараттандыру кезінде түрлі бағдарламаларды, жүйелер мен орталарды кең қолдану кезінде оқытудың формалары мен әдіс-тәсілдері, сондай-ақ білім беру үрдістерінің мазмұны да маңызды өзгерістерге ұшырайды. Сондықтан мектеп алдында тұрған жаңа мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту тиімділігін арттыруға компьютерлік технологияны қолдану оны жүзеге асыру мен оңтайландыруға тікелей әсерін тигізеді:

- оқушылардың өзіндік жұмысын арттыру;
- ақпараттың түрлі көздерімен жұмыс істеу біліктілігін қалыптастыру;
- ақпаратты беру, өңдеу, сақтаудың қазіргі заманғы әдіс тәсілдеріне оқушыларды үйрету;
- олардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілетін дамыту;
- өмірге икемдеуге себеп болатын әлеуметтік қызмет дағдыларын қалыптастыру [43].

Ю.К.Бабанскийдің теориясын қолданушылар оқытудың тиімділігін көтеруге келесі тәсілдермен жетуге болады деп есептейді:

- оқыту мен оқушылардың еңбегін ғылыми түрде ұйымдастыру формасын жетілдіру жолымен;
 - оқытуды интенсификациялау тәсілін қолдану арқылы;
 - оқытудың қазіргі заманғы технологиялық құралдарын жасап, қолдану арқылы [83].
- Ал мұндай өзгеріс оқушының білімге деген ынтасын арттырып, сабақтың, нәтижелік бақылаудың жаңа модельдерін (баяндама, есеп беру, жұрт алдында жобаларды топ болып бірігіп отырып қорғау) іздеуге итереді, оқытудың жеке адамға бағытталған қызықты түрлерін енгізуге көмек етеді. Біз компьютерді кең көлемде ақпарат құралы ғана емес, адамның қоғамдағы өзін басқаруына, өзіндік танымына жаңа жол ашатын және қуатын жаңа

жағдайға, жаңаша көзқараспен пайдалануға мүмкіндік беретін қуатты құрал деп есептейтін философтардың пікіріне қосыламыз.

Ю. К. Бабанскийдің айтуынша оқыту үрдісіне компьютерді енгізу оқушылардың оқу-танымдық белсенділігіне басшылық жасауда, оны интенсивтендіруде жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізеді [83].

Оқыту әдісі кезінде компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін пайдаланудың дұрыс бағытының бірі — компьютерлік модельдеу, имитация және виртуальды стенд. Бұл бағыт оқушыға нақты құбылыстар мен объектілерді зерттеудің құралын айқындауға септігін тигізеді. Мысалы, виртуальды стендпен жұмыс істеген кезінде оқушылар компьютердің өз командасына берген бағасын көре алады. Бұл тұрғыдан алғанда шешімнің дұрыстығын ғана емес, сондай-ақ ұстанған бағыттың күшті және әлсіз жақтарын, жіберілген қателіктерді де оқушыларға көрсетіп отыратын интеллектуалды танымдық жүйелер де қолданылады.

Оқыту мотивациясы мен оқушылардың жұмыс істеу қабілетін арттыру үшін де компьютерлік оқу ойындарының алар орны ерекше. Өйткені жоғарыда айтылып өткендей сабаққа компьютерлік технологияны пайдалану танымдық ойындар әдістері оқу мотивациясын қалыптастырудың өз алдына жеке әдістері ретінде көрсетілсе, компьютерлік имитациялық модельдеуде бұл екі әдіс бірігіп, қойылған мақсатты шешуге зор ықпал етеді.

Осындай әдіс-тәсілдерді қолдану қоршаған ортадағы құбылыстарды өздігінен танып-білуге, олардың дамуын негіздейтін ғылыми тұжырымдамалардың қалыптасуына, игерілетін заңдылықтардың оқушылар жасаған компьютерлік моделінің негізінде осы тұжырымдамалардың дұрыстығын тексеріп отыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушыны өзіндік жұмысқа бағыттай отырып, олардың танымдық белсенділігін арттыру, өзін-өзі бақылау мен өзіндік жұмысты орындату арқылы оқытудың сапасын жақсартып, оқуға деген қызығушылығын арттыруға да септігін тигізеді.

Қазіргі заманғы компьютерлік телекоммуникациялар әр деңгейдегі оқу ақпаратын алу және білім беруде дәстүрлі оқыту әдістерімен бірдей, кейде одан да тиімді түрде жүзеге асырады.

Ақпараттық-оқу ортасының белгіленуі жеке тұлғаның шығармашылық қызметке деген қабілеті мен потенциалдық мүмкіндіктерінің ашылуы және дамуы, білімді өз бетінше сапалы түрде игеруі, оқу нәтижесін өндеу үрдісін, оқудағы жетістіктерді автоматтандыруды қамтамасыз етеді.

Танымдық белсенділікті арттыруда компьютерлік технологияны пайдаланудың бастапқы негіздері мынандай бөліктерден тұрады: жеке тұлға, жеке тұлғаның санасы оның қызметімен қалыптасады; қызметінің нәтижесінде жеке тұлға пайда болады; оның қалыптасқан қасиеттері реттеп отыратын құрал ретінде қызмет атқарады [143].

Көп жағдайда оқушы осындай шағын әлемді өзі құра алады және онымен тиімді танымдық іс-әрекет жасай алады. Ең бастысы оқушы оқытудың осындай жүйесінде ақпаратты немқұрайлы қабылдаушы емес, өз білім жүйесін белсенді жасаушы болып табылады.

Адамның компьютер көмегімен атқаратын оқу іс-әрекеттері өте күрделі және алуан түрлі. Оларды төменде атай отырып, біз бұл іс-әрекеттің негізінде оқушыларда шығармашылық ойлау пайда болатынына көз жеткіземіз:

- игерілетін теориялық білімдер системасының негізінде жатқан жалпы қатынастарды табу мақсаты бойынша оқу міндеттерінің шарттарын қайта қарау;
- аталған қатынастарды графикалық және белгі түрінде модельдеу;
- қатынас моделін оның жалпы белгілерін игеру мақсатында қайта қарау;
- жалпы әдіс негізінде нақты практикалық міндеттерді бөліп алып, шеіпу;
- алдыңғы іс-әрекеттің орындалуын бақылау;
- берілген міндетті шешудің жалпы тәсілін игеру бағасы.

Ақыл-ойды керек ететін оқу іс-әрекеттерін орындаудың шарттарымен байланысты оқу амалдары алуан түрлі және өзгермелі, себебі, осы шарттар әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнына байланысты. Егер оқу іс-әрекеті мен амалдың бір-бірімен байланыстылығын ескерсек, оның құрамын анықтау өте қиын болды. Сол себепті оқу үрдісінде электрондық және одан да күрделі техникалық құралдар бұрынан қолданылып келе жатса да, адам-машина жүйесін жасауда елеулі қиындықтар да кездесіп тұрады.

Компьютерлік технологияны қолдану арқылы бағдарламалық оқыту тәжірибесі қазіргі кезеңге дейін ылыми-практикалық мәнге ие. Оқытудың компьютерлік технологиясын құру стратегиясы ең тиімді әдіс болып табылады. Көрнекі құралдың жаңа заман талабына сай түрлерінен саналатын мультимедиялық энциклопедия, қашықтықтан оқыту, электрондық оқулықтар мен түрлі дыбыстық таспа материалдары бүгінгі таңда оқушылардың қай пәнді болмасын тез әрі терең, шығармашылықпен игеруіне ықпалы қолайлы жағдай тудырып отыр.

Қазіргі кезде білім беру жүйесінің дүниежүзілік дамуына көз салсақ, оның бірнеше үлгі аралық алдыңғы қатарлы бағыттары көзге түседі [94]. Тиімді де ұтымды деп танылған осы бағыттардың ішіндегі қашықтықтан білім беру жүйесін ерекше атауға болады. Жалпы қоғамға ашық түрде үздіксіз білім беру тәсілімен көзге түсетін қашықтықтан оқып-үйрену жүйесі осы күнгі ең болашағы бар оқу түрі болып саналады [95]. Қашықтықтан оқыту 1970 жылдары бастау алған үрдіс. Жаңа компьютерлік технологияның дидактикалық мүмкіндіктері (дыбысты қосу-өшіру, жауапты дискіге микрофон арқылы жазу, эталонмен салыстыру, мәтінді жоғары-төмен, оңға-солға жылжыту, СБ-КОМ негізінде мультимедиялық құралдар арқылы мәтінді, дыбысты, графиканы, мультипликация мен бейнені біріктіру және т.б.) мәдениаралық қатынастардың тиімділігін анағұрлым арттырады.

Қашықтықтан оқыту оқытушының оқыту ісіне шығармашылық тұғырының қалыптасуына, білім-білігін үнемі жетілдіріп, талмай ізденуіне үлкен қозғауыш күш болып табылады. Себебі Веб-сайт арқылы оқытушы дүниежүзілік әдістемелік жүйелермен танысады, тағы сол сияқты көптеген мүмкіндіктер ашылады, оқытушы өз шығармашылық әлеуметін таниды, жүзеге

асырады.

Қашықтықтан оқыту - білім орталығынан қашық тұратын оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерінің (олардың алған білімінің деңгейіне тәуелсіз) мақсатты және әдістемелік ұйымдастырылған технологиясы. Қашықтықтан оқыту ең аз міндетті сабақтарда мұғалім мен оқушының педагогикалық қарым-қатынасының құралдары мен әдістері көмегімен жүзеге асырылады. Қашықтықтан оқытуда әр түрлі субъектілер қатысады: қашықтықтан оқытушы педагог, негізгі педагог техникалық нұсқау беруші, қашықтықтан оқытудың үйлестірушісі немесе басқарушысы, жергілікті үйлестіруші, оқу материалдарының авторлары-әзірлеушілері. Аталған қызметтік рөлдерді бір ғана мамандар қатарынан атқара алады, мысалы, қашықтықтан оқытушы педагог бір мезгілде курстың әзірлеушісі де бола алады, ал жергілікті үйлестіруші оқушының өзі де болады "Қашықтықтан білім беру" деген термин жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, істеп жүрген жұмысыңнан немесе оқудан қол үзбей, білімінді жетілдіру ісін жүзеге асыру деген мағынаны білдіреді. Бұл сөздің мәнін тереңірек ашар болсақ, қашықтықтан білім беру ісі оны жүзеге асыру бағытындағы әдістер мен тәсілдерді жете меңгеруге талпынғаннан гөрі осындай мүмкіндіктер болашағын жете ұғынып, оның қажет екендігін түсінуден тұратынын байқауға болады [96].

Қашықтықтан оқытуда біздің елдегі және шет елдік тәжірибелердің өрісі кеңейе түсуіне қарамастан, ол туралы әлі күнге шейін көпшілік мақұлдаған анықтамалар жоқтың қасы. Бұл істің соны бағыт екендігін ескерсек, білімдегі мұндай табиғи құбылыстың анықтамаларының да сан алуан және көп болуы, оның күн талабының биік тұғырынан көрінген, зерттеулер жүргізуге болатын жаңа әрі өміршең бағыт екендігін дәлелдейді. Кейбір шет елдік зерттеушілер қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда телекоммуникацияның ерекше рөлін көрсете отырып, оған теле оқыту деп те анықтама береді.

Қашықтықтан оқыту арқылы мынадай әлеуметтік маңызды функциялар іске асады:

- қоғамның білімдік деңгейін көтеру, білімнің сапасын көтеру;
 - мемлекеттің сапалы мамандар дайындау қажеттігін қанағаттандыру;
 - халықтың әлеуметтік және кәсіптік жағдайын көтеру, кәсіпкерлерді әлеуметтік түрде активтендіру, өзіндік білім деңгейін көтеру;
- жоғарғы мектепте жинақталған білімдерді сақтау және кеңейту;
- ТМД территориясында біркелкі білім кеңістігін сақтау және дамыту [97].

Қашықтықтан білім берудің әдістемелік негізі коммуникациялық технологияны кеңінен пайдалана отырып, білім беру жүйесін ақпараттандыру ісіне негізделген. Қашықтықтан білім беру жүйесі жайлы қызу талқылау болып жатқан кезде жоғарыда аталған салалар да қалыптасу кезеңіне жаңадан аяқ басады.

Қашықтықтан білім беру жүйесін енгізу және іске қосу кезеңінде мына бір ережелерді ерекше атап өткен орынды: интерактивтілік ұстанымдары оқу

үрдісі мен өзара ықпал етушілік үрдістері арасындағы іргелі сипаттамаларымен тығыз байланысты. Қашықтықтан білім берудің негізгі, үстанымы: бір-бірімен бетпе-бет кездесуінсіз-ақ оқушы мен оқытушы арасында интерактивті қарым-қатынас орнату және аталған курс бойынша білім мен дағдының белгілі бір мөлшерін өз бетінше игеру. Қашықтықтан білім беру мен дәстүрлі оқытудың бір-бірінен елеулі айырмашылығы бар: оқушы мен оқытушының кеңістік бойынша

алшақтығы; оқыту үрдісінде оқушылардың белсенді рөлінің күшеюі (білім беру мақсатын белгілеуде, оқытудың темпі мен түрлерін тавдауда); қашықтықтан білім беру үшін арнайы материалдың іріктелуі.

Жаңа ақпараттық технология базасында қашықтықтан оқытудың әр түрлі өдістері қолданылады:

интерактивті телевидение, телекоммуникация, СБ-КОМ технологиясы, оқу радиосы.

Қашықтықтан оқыту жаңа технология базасына сүйенеді және сырттай білім алуда жинақталған бүкіл тәжірибені қолданады. Қашықтықтан оқыту оқушыдан жоғары мотивация мен танымдық біліктілікті талап етеді. Сонымен қатар тәртіптілік, мәселені шешуге бағыттылық өзіндік қабілеттерін телебайланыста көрсете алуын талап етеді. Жүйелері мен бағдарламаларының интерактивті мүмкіндіктері кері байланысты жөнге салып, белсенділігін арттыруға, дәстүрлі оқыту жүйелерінің көбінде орындалмайтын диалог пен тұрақты көмекті де іске асыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқыту дүние жүзі бойынша кең тараған білім. Бірақ педагогикалық категория түрінде педагогикалық ғылымда қаралмаған. Біздің міндетіміз оның маңызын ашып көрсету.

Әдебиеттерге [94,95,96,97,98] талдау жасай отырып біз қашықтықтан оқыту анықтамасына үш бөліктің кіретінін көреміз: ашық түрде оқыту, компьютерлік оқыту және коммуникациялық компьютерлік жүйе (интернет). Бұл үшін өте күшті танымдық мотивация тән, сол себепті қашықтықтан оқыту ХХІ ғасырдың технологиялық оқытуы болып табылады. Мотивацияны дамытумен қатар компьютер оқыту құралы ретінде оқушылардың танымдық белсенділігінің мазмұндық-амалдық және процессуалдық-еріктік жағын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқытудың бұл түрін ХХІ ғасырдың мамандарын дайындау жүйесі деп атауға болады.

Мамандардың пікірінше, оқытудың бағдарламасында компьютерлік графиканы қолдану шығармашылық жеке адамды тәрбиелеуді жүзеге асырады.

Жаңа әдістерді гипертехнология, мультимедиа, телематикалық жүйелер, сияқты жаңа технологиялар көмегімен оқыту тәсілдерін өрістетуге жаңа формалы интерактивтілік үстанымдарын іске асырудың бірден-бір жолдары болып саналады. "Интерактивті өзара байланыс" термині отандық және шет елдік педагогикалық әдебиеттерде кең қолданылады. Сөздің тар мағынасында "интерактивті өзара байланыс"- бұл қолданушының бағдарламамен диалогы, яғни тақырыптық сұраныстар және жауаптармен алмасуы. Диалог жүргізудің едәуір дамыған әдістерін қолдану кезінде жұмыс режимі мен оқу материалы

мазмұнының варианттарын тандау мүмкін болады. Бағдарламаны басқару мүмкіндіктері көбірекболған сайын, қолданушы диалогқа белсендірек түрде қатысады. Сөздік кең мағынада интерактивті өзара байланыс дегеніміз - тиісті әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы субъектілердің бір-бірімен диалогқа түсуі. Бұл кезде екі жақ сұрақ-жауап алмасу, диалог барысын басқару, қабылданған шешімдердің орындалу барысын бақылау және т.б. міндеттерді атқаратын диалогқа белсенді түрде қатысулары қажет. Миллиондаған адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуіне арналған телекоммуникациялық орта интерактивті орта болып табылады. Интерактивтілік кей кезде коммуникациялық жүйелерге сүйеніп оқылатын бағдарламалардың тиімділігіне баға бере алатын көрсеткіш қатарына енеді [43].

Оқу үрдісінің тиімді болуы ең алдымен оқу материалдарын оқу үрдісіндегі нақтылы жағдайларға қарай бейімдей білуге байланысты. Осы ұстанымды өркендету үшін қазіргі заманға сай телематикалық жүйелердің тигізер пайдасы зор. Бұл жерде оқу үрдісіне сай бейімдеу туралы сөз болып отырған жоқ. Оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін зерттеп өвдеушілер, оқытушылар оқу курсын немесе оқу материалдарын тартымды да ұғынықты етіп, жеңілдетуі туралы әңгіме етуде

Мультимедиялық технологиялар мультимедиялық өнімдердің жасалу үрдісімен байланысты (яғни электрондық кітаптар, мультимедиялық энциклопедиялар, компьютерлерлік фильмдер). Бұл өнімдердің өзіндік ерекшеліктері текстік, графикалық, аудио, видео ақпараттардың, анимацияның бірігуі болып табылады. Әдеттегі бағдарламалық құралдардан айырмашылығы мультимедиялық өнімде бірінші орынға көлемі 100 мегабайт бола алатын ақпарат шығады [99].

Мультимедиялық технология компьютерді тең дәрежедегі өңгіме-дүкен құрушыға айналдырып қана қойған жоқ, оқушыға сыныптан (үйден) шықпай-ақ үлкен ғалымдар мен педагогтардың лекциясына қатысуына, өткен және қазіргі тарихи оқиғаларға куә болуына, әлемнің ең белгілі музейі мен мәдени орталықтарына, жер түкпірлеріне сапар шегуіне мүмкіндік жасады.

Мультимедиа - оқытудың әр түрлі құралдарын пайдалану: басылған оқу құралдары, аудио және видео жазбалар, компьютерлік оқу бағдарламалары және т.б. Мультимедиа -компьютерде дыбысты, ақпаратты, тұрақты және қозғалыстағы бейнелерді біріктіріп көрсету үшін жинақталған компьютерлік технология. Ол ақпаратты кешенді түрде бейнелеуді - мәліметтерді мәтіндік, графикалық, бейне, аудио және мультипликациялық түрде шығаруды жүзеге асырады. Бірнеше ақпараттық технологияларды қолдануға арналған мультимедиа білім беру ісінде ең тиімді әдіс болып табылады. Мәселен, компьютер мен адамның арасындағы байланысты арттырады, дауыс шығару, бейне шығару, анимация және видео, текст, сурет, кестелер т.б. Мультимедиялық технологиясының өркендеуіне байланысты оқу үрдістері түрлі көрнекілік құралдармен толыға бастады. Мультимедиялық технологиясы білім беру саласында ең керекті құралдардың біріне, әрі дербес компьютерді

кеңінен қолдануға жол ашты. Қазіргі мультимедиа құралдары материалдары жағынан өте бай ақпараттық құрылымдар жасауға мүмкіндік береді. Мультимедиалық құралдардың дыбыстық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, акустика сабақтары бойынша қызғалықты бағдарламалар жасауға болады. Мұндай бағдарламамен жұмыс істей отырып, оқушы өзі игеріп жатқан пәннің құпияларына терең бойлай түседі. Сонымен, мультимедиалық технологиясымен оқыту оқушының шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік бере отырып, пәнге деген қызығушылықты арттырады. [43].

Гипермедиалық технологиялар текстермен жұмыс істеудің және олардың бір-біріне хабар жіберуін ұйымдастырудың ыңғайлы мүмкіндіктерін жасайтын технологияларды дамыту болып табылады. Барлық қазіргі заманғы ақпараттық-анықтамалық жүйелер гипермедиалық технологиясында жүзеге асады. Оқу мақсатындағы гипермедиалық өнімдері оқушыларға үлкен көлемді материалдарды оқуға ғана емес, тыңдау, көру, материалды іріктеу, керекті жерін жазып алу, қажет рефераттарды дайындауға да мүмкіндіктер береді [100].

Жүйелік технологиялар - жалпы қоғамды ақпараттандырудың бүтіндей және жекелеп алғанда білім беруді ақпараттандыруда қарқынды дамып келе жатқан бағыт. Телекоммуникациялық технологиялар оқушылар мен оқытушылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Мамандандырудың бақылауы бойынша, компьютерлік жүйемен жұмыс оқушылардың әлеуметтік қоғамның мүшесі болу қажеттілігін арттыра түседі. Телекоммуникациялық байланыс арқылы оқушылардың сауаттылығының және тіл дамуының жақсарғаны, олардың оқуға деген қызығушылығының артқаны, үлгерімдерінің жоғарылағаны байқалады.

Мәліметтер базасында сақталған, сәтті құрылған ақпаратты қолдану оқушыға аз қызмет етеді, оған ақпаратты сақтауға көмектеседі, анализ, теңестіру логикалық операцияның орындалу амалдарының жасалуына септігін тигізеді т. б.

Білім берудегі телекоммуникацияны қолдану оқу үрдісіне электрондық почтаны енгізуден басталады. Электрондық почтаны қолдану арқылы оқу үрдісі арнайы жоспарланған және ұйымдастырылған болуы тиіс, себебі оны сыныптық-сабақтық жүйеге сыйғызу өте күрделі. Сондай-ақ электрондық почта оқу үрдісін ақпараттандырудың жеткілікті түрде үнемді әдісі болып табылады, себебі компьютердің көп мөлшерін талап етпейді және соңғы кезде қашықтықтан оқыту формасы кезінде оқытушы мен оқушылар арасындағы байланыс үшін кең қолданылады [101].

Телеконференция бір-бірінен алыс қашықтықтағы оқытушы мен оқушыларға дәстүрліге жақын оқу үрдісін жүзеге асыруға, оқушылардың ұжымдық жұмысын ұйымдастыруға, іс-қимыл ойының өдіс-тәсілдерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Компьютерлік технологияны оқытуда қолдану қоғамды ақпараттандырудың жалпы принциптеріне сай білім беруді сапалы түрде өзгертеді. Бұл жағдайда білім беру технологиясы ретінде оқу бағдарламасындағы оқыту мазмұнын жүзеге асыру әдісі болып табылады. Бұл әдіс қойылған дидактикалық мақсаттарға жетуді

қамтамасыз ететін оқытудың формалары, әдіс-тәсілдері мен құралдарының жүйесі болып табылады. Ақпараттық-есептеу техникасы мен компьютерлік жүйелер құралдарын қолдану арқылы жүзеге асатын білім берудің технологиясы білім берудің ақпараттық және коммуникациялық технологиясы деп аталады.

Білім берудің компьютерлік технологиясын қолдануды кеңейту мен дамытумен оқыту тиімділігін арттыру үміті тығыз байланыста.

Оқытудың компьютерлік әдіс-тәсілдерінің тиімділігінің бағасы әдетте дәстүрлі әдіс-тәсілдерді инновациялық әдістермен салыстыру арқылы беріледі. Оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдері пәндік білімнің жеткілікті түрде игерілуін қамтамасыз етуге ұмтылады. Ал инновациялық әдіс-тәсіл орынға оқыту үрдісінде әр оқушының әртүрлі жеке ойлау формасын дамытуды қояды.

Егер дәстүрлі оқытудың негізгі формасы имитация, үлгілерді көшіру болса, онда инновациялық оқыту әр оқушының жеке тәжірибесін көкейкестілігіне септігін тигізетін өзара іс-қимылдардың көптігі болып табылады.

Жоғарыда сипатталған мультимедиялық және гипермедиялық технологиялары оқушының сезіну қасиетін көбірек стимуляция жасау арқылы оқыту тиімділігін көтеруге мүмкіндік береді.

Білімге мультимедиа құралдарын енгізу тың мүмкіншіліктер туғызады. Қашықтықтан оқыту, мультимедиа құрамдарының дамуы оқушыны сапалы білім алуын, олардың танымдық белсенділігін арттырады. Арнайы бағдарламалар арқылы, мысалы, Power Point арқылы оқушылар мен студенттердің пәнге деген қызығушылығын туғызуға болады, яғни түрлі фотосуреттер көрсетіп, қосымша материалдар үшін интернетке сілтеме жасайды.

Телекоммуникациялық құралдарын пайдалану оқу үрдісінде жаңа құбылыс болып табылады. Компьютерлік телекоммуникациялардың осы заманғы жүйесі қазақ тілі пәні бойынша өткізілетін, әр аймақ оқушылары қатыса алатын оқу жобаларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі ақпарат көздері - компакт дискілер мен қуатты процессорлар құрамына мәтіндік ақпарат, мультипликация, фото, бейне, модельдеу, дыбыстық сүйемел ететін жаңа сапалы бағдарламалар жасауға мүмкіндік береді. Мұндай жобаға қатынасушылар эксперименттер өткізіп, зерттеу нәтижелерімен алмасады, электрондық почта бойынша бірлескен талдау жұмыстарын жүргізеді. Мұндай жобалар қазірдің өзінде бірнеше жыл бойына экология саласында жүзеге асырылуда, бірақ оларды физиканы, информатиканы оқытуда пайдаланудың да келешегі мол. Қазіргі кезде АҚШ-та "Соттгшпііу оГ Ехріогегз" (зерттеушілер қауымдастығы) жобасы [102,103] жүзеге асырылу үстінде. Оған Калифорния мен Жаңа Англияның 27 мектебі қатынасауда. Жобаға қатынасушылар Зсіепсе Ехріогег (ғылыми зерттеуші) және КеііаЬ (релятивистік лаборатория) бағдарламаларының жәрдемімен биология, физика салалары бойынша зерттеулер жүргізеді, сондай-ақ олардың интернет жүйесі бойынша ақпарат жіберуге, қабылдауға мүмкіндігі бар. Көптеген мектептердің мұғалімдері мен оқушылары ортақ мәселелерді бірлесе шешуге және зерттеу нәтижелерімен алмасуға мүмкіндік алған. Олар ақпаратты мәтіндер, графиктер және сандық мәліметтер күйінде жөнелте алады. Сонымен

мультимедиа технологиясының өркендеуіне байланысты оқу үрдістері түрлі көрнекілік құралдармен толық бастады. Әсіресе, СБ-КОМ қондырғысының көмегімен оқушы өзінің білім деңгейін қадағалауға мүмкіндік алды. Бұл қондырғы арқылы компакт дискіге жазылған ақпараттарды оқушы өткен тақырыптарға қайта келу сияқты, сонымен қатар бір дискіге көптеген ақпараттар сыйғыза алады. Мысалы, бір дискіге бірден бірнеше томдық мәтіндерді, жүздеген суреттерді көркем графикалық иллюстрацияларды, ондаған аудио-видео фрагменттерді еркін сыйғызып жаза алады.

Білім беру траекторияларын жүзеге асырумен байланысты мәселелерді шешудің айқындалған жолдарының бірі - интернет болып табылады. Интернет жүйесіндегі СБ-КОМ интерактивті дискілер, хабарландырудың электрондық тақталары, мультимедиа, гипертекстер сияқты жаңа электрондық технологиялар Мокаіс және \U\Y\U интерфейстің көмегімен оқушыларды оқу үрдісіне белсенді түрде тартуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, дәстүрлі оқыту әдістерінің көпшілігінен айырмашылығы, оқыту үрдісін басқаруды да жүзеге асырады. Жоғарыда айтылғандай жаңа материалды жеткізудің жиі кездесетін түрі электрондық оқулықтар болып табылады. Электрондық оқулықтар бір мезгілде жаттығуларды, лабораториялық жұмыстар мен тестерді, яғни бір мезгілде білім беру мен бақылау жасауды да құрайды. Жүргізілген тәжірибелер көрсеткендей, жаңа технологиялық оқыту кезіндегі сабақ сапасы мен оқу курстарының құрылымы дәстүрлі әдістершен әлде-қайда жоғары болады. Электрондық оқулықтың мазмұндық-амалдық компоненті гипермәтін арқылы жүзеге асырылады. Гипермәтіндер сол пән саласы бойынша бейне материалдарымен толықтырылады. Электрондық оқулықтың мотивациялық-тұлғалық компоненті интерактивті жағдайдағы тапсырмаларды орындауға негізделген. Бұл әдістің жүзеге асуы, негізінен, оқыту әдістемесіндегі педагогикалық мәселенің дайындалу деңгейіне және сонымен қатар қашықтықтан оқыту әдістемесіне байланысты. Электрондық оқулықтың бағалық-нәтижелік компоненті тестер арқылы жүзеге асады. Тест сұрақтарына жауап бергеннен кейін оқушы диаграмма түрінде өзінің білім деңгейін көре алады [104].

Электрондық оқулықтар оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына, яғни танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтың ішкі мазмұны үнемі интернет желісі және де басқада электрондық кітапханаларымен толықтырылып отырады. Сөйтіп әр оқушы өз мүмкіндігінше, даярлығына сәйкес ақпарат, мәліметтер алып, танымдық өрісін кеңейтіп, белсенді жұмыс жасай алады. Оқытудың компьютерлік технологиясының оқу үрдісіне кеңінен енуі оқушының танымдық белсенділігін таныта отырып, электрондық оқулық көмегімен оқушыларды өзіндік жұмыс түрлерін орындауға баулавды.

Қазіргі уақытта дәстүрлі оқулықтармен салыстырғанда электрондық оқулықтардың артықшылықтары туралы көп айтылуда. Электрондық оқулықтар арқылы: педагогикалық еңбекті автоматтандыру мен интенсификациялауға (оқыту жүйесін жоспарлауда, сабаққа дайындау

барысында, оқу мақсатына сәйкес оқу материалын іріктеуде);

- оқытудың ойын түрлерін іске асыру (іскерлік, бақылау-тестілікт.б.); оқушының ақыл-ойын, энергиясын шамалайтын техникалық талаптарды қамтамасыз ету;

- имитациялық модельдеудің динамикалық нәтижелерін көркем түрде беру мен нақты объектілерді машиналы түрде имитациялау;

- хабардың мультимедиялық және гипертекстілік берілуін қолдану;

- оқушының жеке қабілетін ескеру және достық интерфейсті қалыптастыру арқылы жұмыста жағдай жасау;

- үлкен ақпараттық массивтердің сақталу қарапайымдылығы [105, 68 с.].

Қазіргі уақытта дүние жүзінде электрондық почта көпшілікке белгілі және телефон, радио, факс ретінде кең таралған.

Электрондық почта - мұғалімдер мен алыстағы оқушылар арасында ақпарат алмасудың тиімді тәсілі. Электрондық почта экономикалық және технологиялық жағынан тиімді технология болып табылады және оқу үрдісі кезінде оқу курстарының мазмұндық жағын жеткізу және оқытушының оқушымен кері байланысын қамтамасыз ету үшін қолданылады. Бұл уақытта дәстүрлі оқыту кезінде мұғалім мен оқушы арасындағы "диалог" шектеулі түрде іске асады, педагогикалық тиімділігі шектеулі болады. Алайда оқушылар модельдік және телефондық каналы бар жеке компьютерді пайдалана алады, электрондық почта консультацияның интенсивті үрдісін іске асырады. Бөлінетін ақпараттық ресурстарға жол табу белгілі бір пәнді игеруде кітапханаларға, ақпараттық-анықтамалық жүйелерге интерактивті түрде қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл режимі белгілі бір секундтар мөлшерінде қажет оқу материалдарын, компьютерлік бағдарламаларды жалпы саны әлемде 125 млн. астам интернет жүйесінің нүктелері мен ірі ғылыми-педагогикалық орталықтардан сияқты компьютерлік жүйелердің көмегімен жүзеге асырады [106, 107].

Электрондық почтаның дидактикалық қасиетін Е.С.Полат [101] ішінара қарастырған. Бұл тәсілдік мүкия талдау жасау бөліктерге тән дидактикалық қасиеттерді және де оған телекоммуникацияны қосатын компьютерлік жүйелердің болу фактісіне көңіл аударуға мүмкіндік береді.

Электрондық почта көмегімен "виртуальдық оқу сыныптарын құрастыруға болады. Қазіргі кезде оқытудың виртуальдық әдісін пайдалана отырып, физиканы үйренуге де мүмкіндік бар. Дүниежүзілік өрмек (\УеБ) арқылы оқыту - бұл оқытудың жаңа виртуальдық жолы. Виртуальдық стенд - бұл оқу-практикалық (лабораториялық) стенд немесе оқу-квалификациялы шеберхана, оқушылардың теориялық білімін жетілдіруге арналған, компьютерлік бағдарламалар мен технологиялардың көмегімен белгілі бір бағыт бойынша тәжірибе жинау. Виртуальдық стенд оқушыға өз білімін бақылауға, лабораториялық жұмыстарды орындауға кететін уақытты компьютердің көмегімен үнемдеуге мүмкіндік береді. Дәстүрлі оқыту кезінде лабораториялық

және практикалық сабақтар "қайсысын істеуге болады" деген ұстаныммен жүреді. Ал "істеуге болмайды" деген ұстанымдар оқушыға тек теориялық тұрғыда түсіндіріледі. Бұл кезде лабораториялық жұмыстар қойылмайды, өйткені адамға, қоршаған ортаға зияны бар. Виртуальдық стенд ешқандай қауіпті жағдайларды болдырмай "істеуге болмайды" деген ұстанымды түсіндіре алады [96].

Электрондық почта мұғалімнің оқуға дайындығы кезінде өріптестерінен кеңес алуға, сервер арқылы интернеттен материал іздеуге қолданылуы мүмкін. Қашықтықтан оқыту тындаушыларына қажетті оқу ақпаратын почтаның тәртібін қолдануға болады. Сонымен бірге, электрондық почта семинар өткізуде және классикалық "ауызша" схема бойынша ашық түрде -мұғалімнің сөзі, семинарға қатысушылардың сөзі және тақырып сұрақтарына, талқылау, мұғалімнің қорытынды сөзі қолданылуы мүмкін. Электрондық лекцияны өткізі үшін оны қолдану орынды, қашықтықтан оқыту технологиясымен оқытылатын электрондық почта арқылы лекцияның мәтіндері, ұсынылған әдебиеттерден үзінділер және т.б. электронды түрде алып жіберіледі. Білім беру траекторияларын жүзеге асырумен байланысты мәселелерді шешудің айқындалған жолдарының бірі - интернет болып табылады. Интернет жүйесі дүниежүзілік компьютерлік жүйемен өзара байланыста болып, кез-келген тақырыпта ақпаратпен қамтамасыз ете алады. Мұның энциклопедиядан ерекшелігі, мұнда ақпараттар легі толықтырылып және жаңарып отырады. Интернет арқылы оқушы аз уақыт ішінде көп ақпарат жинайды, игереді. Оқушылар мен студенттердің бір тақырыпты әбден меңгеріп алғанынша оқуына мүмкіндігі бар, уақыт шектелмейді.

Интернеттің электрондық конференциялары, яғни бұл қызметі электрондық почтаның өзіндік дамуы болып табылады. Электрондық конференциялар немесе оларды көбінесе компьютерлік немесе телеконференциялар дейді, кем дегенде пайдаланушының компьютерден мәтіндерін, "конференцияларды" бір-бірінен әр түрлі қашықтықтағы оқушылардың беруімен, алуына мүмкіндік береді. Жұмыс орындарын ақпараттық-техникалық жарактандыру электрондық почта тәртібіндегі сияқты болады. Білімді тексеру кезінде, тест ұйымдастыруда компьютердің көмегі ерекше. Өте тиімді және көрнекі етіп Місгозой Ехсеі ортасында тест жазуға болады. Қағаз жүзіндегі тестер көпке шыдамайды, өзгертуге қолайсыз, ал компьютерлік тесті редакциялау оңай.

Электрондық тестерді ұйымдастыру үшін тест-мастер бағдарламалары бар. Бірақ оларға тест енгізуге шрифттар сәйкес келе бермейді. Сол себептен де біз Ехсеі ортасымен жұмыс істеп жүрміз. Місгойой Ехсеі көмегімен бақылау жұмыстарының қорытындылары, нәтижелері тез және көрнекі жазылады. Сол сияқты әр түрлі диаграммаларды оқу үшін мастер-диаграмма, график бағдары қолданылады. Графикалық есептерді шығаруда компьютерді пайдалану Ехсеі оқушылардың техникалық қабілетін дамытады. Оқушылар есептеу нәтижесінде алған графиктерін қадағалай отырып, осы сызықтың әрбір нүктесі

өзгерістер мен

үрдістер екеніне компьютер дисплейінен бақылап көз жеткізеді, графиктің кем дегенде екі физикалық шама арасындағы тәуелділікті көрсететін кескін екенін жақсы түсінеді. Ехсеі бағдарламасын қолдану оқушылардың шығармашылық жұмысының өнімділігін, пәнге деген қызығушылығын арттырады [108,109]. Сөйтіп оқушылар өзін-өзі тәрбиелейді, өздерінің қалауы бойынша ақпарат ала алады. Осындай әсер етудің мотиві, стимулі болады. Интернет жұмыс істей алатын балаларды бақылаудың қорытындысы бойынша, олар ең бірінші жеңілдеу және көптеген үлкен байланысқа піығады, бірақ бәрін ретсіз қарай береді. Кейбіреулері ғана қызық оқиғаларға көңілін бөледі. Интернет оқушыларды өзінің бай бояуларымен, мультимедиалық мүмкіндіктерімен, өздерінің сүйікті музыкалық топтары т.б. туралы толық мәліметтер ала алатынымен қызықтырады. Оларды басқа жақтағы елдердегі оқушылардың өмірі қызықтырады. Интернеттегі белсенді жұмыстың келесі бір мотиві болып жастардың өмірде үлкен жетістіктерге жетуге тырысуы, өзінің барлық жетістіктерін көрсеткісі келетіні табылады. Оқушылар интернетке өзі және мектебі, достары туралы ақпараттарды тапсырғысы келеді, көріп басқаларға да өзінің "жетістігін" көрсетуге тырысады, ақпаратты беру тілі арқылы оқушылар көбіне осы жоғарыдағы айтылған біліктілігі мен дағдылардың арқасында білімдерін ары қарай жоғарылатуға болатынын түсінеді. Сол себепті оқушыларды ақпаратты дайындаумен байланысты кәсіптік әрекеттерге дайындай беру керек. Біздің зерттеулеріміз интернетті пайдаланатын оқушыларда компьютермен жұмыс істеудің базалық дағдылары бар екенін, амалдық ортасында емін-еркін бағдар жасай алатынын көрсетті. Бұл ортаның барлық бағдарламаларды бір ұстаныммен құрылғандықтан балалар жүйелік бағдарламамен жұмыс істеуді тез үйреніп алады. Бірақ та сетьте берілген жалпы оқулық, жалпы мәдениеттілік интеллектуалды әдеттерді құрастыру күрделі болып келеді. Бұл кезде оқушыларға көмекке мұғалім келу керек. Бұл кезде олар жаппай ақпараттардың коммуникациясы мен тәсілдері туралы білімді қабылдаулары, ақпараттардың дұрыстығына баға беру, сыншылдық ойлауын дамыта білулері, ақпараттық үрдісті дұрыс ұйымдастыра білулері, ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз етіп және бағалай білуі керек.

Интернетте оқушылар виртуальды бағдарламаға қатыса алады. Чатта жұмыс істеу әдісін үйренген соң оқушылар білім беру жүйесінің проектілерінің тақырыптарын талдауға қатыса алады. Жүйенің білім беру потенциалының өте үлкен екенін айтаай кетуге болмайды. Интернетті жеке білім алуға, мектепте қосымша білім алуға да пайдалануға да болады. Осыған арналған ақпараттар ғылыми және білім беру орталықтарымен бірлесіп құрылады. Интернеттің білім беру потенциалы оқулық мазмұнының қайнар көзі болып қана қоймай, оны іздеуші, қайта

өндеуші, көрсету құралы болып көрінеді. Жаңа замандық интерактивті ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білім мен іскерлікке ие болу, танымдық, іскерлік, шығармашылық, білім беру және т.б. мәселелерді шепіуге қажет.

Интернет адамдардың нақты қажеттілігіне және белгілі бір тапсырмаларды шешуін қанағат ету үшін керек. Ақпаратпен жұмыс істеу қоғамда кәсіптік іс-әрекеттің ең басты мазмұны болып табылады.

Студенттердің зейіні, меңгеру дәрежесі және алынған білімдерінің деңгейі мұғалімнің сабақты қалай ұйымдастыруына байланысты болады. Жүйедегі жұмысты дұрыс жолға қою үшін оның жобасын тағайындау, нақты тапсырмаларды құру, ең соңғы мақсатты анықтау, оған жету жолдарын кезеңдерге бөлу, оқушының жұмысын мазмұнды және ойлы қылып, ойлау әрекетін белсенді ету керек. Жүйедегі жұмыстың бейімдеуі мен қабылдауын ұйымдастыруды көтеру үшін жаңашылдық факторын, жеке түсінік беруді пайдалану керек және де оқушылар сабақта оқыған заттардың атын дұрыс айтулары керек, бұл ақпараттық мәдениетті қалыптастырады.

Жүйеде студенттің жеке және психологиялық мүмкіндіктерін есепке алып, интерактивті режимді қолдау үшін әр баламен жеке жұмыс істеудің маңызы зор.

Интернет оқушыға ақпараттық кеңістікте еркін қозғалуына мүмкіндік береді, іздеу кезінде де әрекеттерді өзі тандайды, материалды береді және талдау жасайды. 12 жылдық мектепте информатиканы оқытудың мазмұнындағы пікірде үздіксіз білім беру жеке оқытумен бірге жүру керек делінген. Жүйелі құрал ретінде пайдаланып оқушылар қашықтықтан оқыту және жобалау әрекеттерінде бұрын қойылмаған мақсатты алдына қойып оны орындауға тырысады. Оқушы ақпаратпен жұмыс істеу үшін пайдаланушы шеберлігі болуы керек. Интернетте материалдар көлемі өте көп болғаннан кейін жаңадан бастаушыларда мақсат қою мәселесі ақпаратты іздеу пайда болады. Іздеу жүйесінің интерфейсі және каталогы интерактивтілікті қамтамасыз етудің барлық жағдайына сәйкес келуі керек. Оқушы өзіне түсінікті ақпаратты тандайды. Жаңадан үйренушілерді жүйеде дұрыс бағыт жасау үшін іздеу жүйесімен жұмыс істеуге үйрету керек. Мұғалімнің пайда болған мәселелерді шешудегі рөлі - медиабілімді шеберліктерін қалыптастыру, интеллектуалды білімдерін ауыстыру, іскерлікке оқыту және есептерді шепіу үшін ең тиімді әдісті тавдауға үйрету.

Медиабілімдік стандартының проектісінде айтылған: "орта мектепті бітірген оқушы ақпаратты мақсатты бағытта іздей білуі, оны сауатты түсіндіру, дайындықтың қарулары туралы түсінігі болуы, ең бастапқы кезде сонымен біраз жұмыс істей алулары керек". Осыған сүйене отырып оқушының ақпаратпен интернетте жұмыс істей алатынын көрсететін және өмірде жоғары технологиялық қоғамда жұмыс істей алатынын көрсететінін медиабілімді дағдыны көрсетеміз:

- компьютермен, жүйенің ақпараттық ресурстарымен,

бағдарламалық әдістермен жұмыс істей алулары керек;

- іздеу системасы мен каталогтарды пайдалану;
- мақсатты бағытта қажетті ақпаратты табу;
- адрестік бағытты түсіну;
- альтернативтік көзқарасты негіздеу және құру, ақпаратты түсіндіру, күнделікті өмірде ақпаратты пайдалану және сақтау;
- өңдеу және ақпаратпен таныстыру [100].

Осы айтылған іскерлік адамның бойында бар болса, онда ол жүйеде сезіммен жұмыс істейді. Медиабілім - жеке ақпараттық қоғамның тәсілі деп есептелінеді. Оқушылардың медиабілімінің дағдысын толық білсе, онда ол өзін-өзі интернеттің қараңғы жақтарынан қорғай алады. Интеллектуалды әдістерді үйренгеннен соң, олар жүйенің пайдаланушы кезеңінен өтеді, оқушыда түсініксіз сұрақтар пайда болса мұғалімнің көмегін қажет етеді.

Интернет жүйесінде оқушыға арналған бағыттар: жалпы даму, іздеу, сөйлесу, ақпаратты өз бетімен беру, керекті компьютерлік бағдарламаны іздеу, ары қарай білімді таңдау. Бұл кезеңде критикалық ойлау дамиды, оқушылар ақпаратты сауатты түсіне бастайды, өзіне қажеттілерін бөліп алып білімін қызықты танымдық мазмұнмен толықтыруға тырысады. Тіл аралық барьер өшіріледі, коммуникативтік іскерліктер дамиды, тілді тереңірек оқудың мотиві пайда болады, жер шарының түкпір-түкпіріндегі адамдармен байланыс жасау мүмкіндігі пайда болады. Жүйеде оқушылар еңбегінің тиімділігін жоғарылату үшін өз алдына әр түрлі оқулық пәндерден нақты материалды іздеуге мақсат қою керек. Сөйтіп олар болашақта интернетте өз бетімен жұмыс істей алады.

Интернет жүйесі осындай барлық мүмкіндіктерге қол жеткізеді. Олар қашықтықтан оқытудың кез-келген білім мекемесінің оқу үрдісінде табысты қолданылады. Бүгінде қолданылатын жаңа технологияны үлкен 3 категорияға бөлуге болады (қашықтықтан білім беру): интерактивті емес (басылымдық материалдар, аудио-видео құралдар);

- компьютерлік оқытудың құралдары (электрондық оқулықтар, компьютерлік тестілеу және білім дәрежесін бақылау, мультимедианың жаңа құралдары);

- видеоконференциялар-аудиоканал, видеоканал және компьютерлік жүйе бойынша телекоммуникацияның дамыған құралдары.

Компьютерлік жүйедегі ақпаратқа шұғыл түрде қол жеткізетін құралдар қашықтықтан білім беруге жаңа мүмкіндіктер әкелді. Мысалы, Ресейдің жоғары мектебінде бұл мүмкіндіктер асинхронды электрондық почтаның көмегімен тақырыптың ақпаратпен алмасу технологиясы мен электрондық оқулықтарды пайдалану ретінде көрінеді. Телекоммуникацияның дамыған құралдары, байланыстың спутниктік каналдарын пайдалану, компьютерлік жүйе бойынша видеокөріністің берілуі қашықтықтан білім беру практикасында соңғы уақытта ғана қолданыла бастады. Бұл байланыстың дамыған инфрақұрылысының жоқтығымен, қолданылатын құрал-жабдықтар мен байланыс каналдарының қымбаттылығымен байланысты. Видеокассеталар-кез

келген пәннен қашықтықтан білім беру үшін өте тиімді құрал. Оқу видеоматериалдарын көбейтуге көп шығын талап етпейтін видеомагнитофон барлық елдерде кең тараған. Видеокассеталар әдетте дәстүрлі лекциялардың орнын басатын оқу материалдары жиынтығының бөліктері ретінде қолданылады.

Компьютерлік жүйелерді қолдану арқылы өткізілген видеоконференциялар орта сапалы арзан видеобайланысты іске асыруға мүмкіндік береді. Видеоконференциялардың бұндай типі 5-10 адамнан тұратын топтарда семинарлар, жеке консультациялар өткізу, өтіліп жатқан курстың жекелеген күрделі сұрақтарын талқылау үшін қолданылады. Дыбыс беру мен видеокөріністерден басқа компьютерлік видеоконференциялар компьютер экранын бірігіп басқару белгілі бір қашықтықта суреттер мен сызулар, фотосурет және қолжазбалық материалдардың берілуін іске асырады.

Сонымен біз ақпараттық және компьютерлік технологияның видеоконференциялардың видеокомпрессияны қолдану арқылы сандық спутниктік канал арқылы берілуі видеокөріністердің жоғары сапасы мен видеоконференцияларды өткізудің төмен бағасын да қамтамасыз етеді. (Әдеттегі телевизиялық сигналды пайдаланғаннан екі есе төмен). Бұл технология лекция көлемі жылына 100-350 сағ және білім алушылар саны 1000-5000 студент болған жағдайда лекциялар, курстар қорытындысын ұжымдық түрде талқылау және білім беру бағдарламасын қарастыру үшін тиімді болуы мүмкін. Қашықтықтан оқытуды дамытудың негізгі мәселесі - телекоммуникациялық ортаға сәйкес келетін оқытудың жаңа технологиясы мен әдістерін жасау. Бұл ортада оқушылар ақпаратты пассивті түрде қабылдаушылар ғана емес, оқыту үрдісінде олар оқытудың мәндік мазмұнын өз бетінше түсінушілер ретінде қарастырады. Оқытудың бұрынғы моделі төмендегідей жағдайға негізделген жаңа модельмен алмасуы қажет. Оқыту технологиясының ортасында - оқушы; технологияның мәні өздігінен білім алу қабілетін дамыту; оқушы оқытуда белсенді рөл атқарады; оқу белсенділігінің негізі - ынтымақтастық болып табылады [144]. Осыған байланысты оқыту әдістемесі, іс-әрекет моделі мен оқушы-оқытушының өзара қарым-қатынасы қайта қарауды талап етеді. Дәстүрлі оқытудың оқу материалын компьютерлік түрге ауыстыру арқылы қашықтықтан оқу курсын жасауға болады деген пікірді қате деп есептейміз.

Сонымен біз аппараттық-бағдарламалық көпфункционалды мүмкіндіктерін талдау арқылы, көптеген ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып, олардың төмендегідей педагогикалық мүмкіндіктерін анықтадық (кесте 3) [44,45,101]. Ю.К.Бабанскийдің айтуынша оқыту үрдісіне компьютерді енгізу оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін қалыптастыруда жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізеді.

Күрделі үрдістерді модельдеу жөнінде қазіргі кезде қолда бар бағдарламалармен қамтамасыз ету ісін талдай келе, сондай-ақ зерттеуіміздің

мақсаттары мен міндеттерін басшылыққа ала отырып, біз имитациялық бағдарламаларына қойылатын мынадай талаптарды бөліп атаған жөн деген ұйғарымға келдік:

студент қосымша шығын шығармастан-ақ, имитациялық модельдеу мәселелерімен айналыса алуы үшін (өкінішке орай, көбінесе көптеген имитациялық бағдарламалардың күрделі сипаты оқушыны тікелей зерттеу жұмыстарынан гөрі олардың жұмыс істеу ұстанымдарына анағұрлым көбірек уақыт шығындауға мәжбүр етеді), оның қарапайым, достық сипаттағы интерфейсі болуға тиіс:

- бағдарлама модельдің "мінез-күлқының" барлық ықтимал варианттарын ескеруі, сондай-ақ жаңсақ әрекеттер тұсындағы үйлесімсіздіктерден сақтандырылуы қажет;
- бағдарлама модельдің әрқилы "мінездік ахуалдарын" ескере отырып, оқушыларды әр түрлі зерттеу жұмыстарына ынталандырып отыруы шарт.

Эксперименттік-зерттеу бағдарламалары. Бағдарламалық камсыздандырудың бұл типі компьютерді шынайы физикалық эксперимент ортасымен кіріктіруге арналған. Мұндай бағдарламалардың қажеттілігі мынада: лабораториялық жұмыстарды орындау барысында оқушылар алынған нәтижелерді кестеге енгізу, ол мәліметтерді өвдеу және графиктер түршзу, диаграммалар құру сияқты әуресі мол амалдардан босатылады. Мәселен, вольт-амперлік сипаттамаларды зерттеу жөніндегі жұмыстарда қорытынды кестелер мен графиктер тұрғызуға көп уақыт жұмсалады. Ал бағдарлама әлбетте бұл мәліметтерді тікелей құралдардан ала отырып, бұл амалдарды автоматты түрде рет-ретімен алуға мүмкіндік береді және қажетті есептеулерді компьютерге енгізілген формулалар бойынша жүргізіп отырады. Эксперименттік зерттеу бағдарламаларын пайдаланудың, оқушылардың лабораториялық өзіндік зерттеулер үрдісіндегі танымдық белсенділігін арттырудағы мүмкіншіліктеріне талдау жасай келе, біз мынадай мәселелерді айрықша атап өтуді жөн деп санадық:

- компьютерді табиғи эксперименттермен ұштастыруға арналған бағдарлама қарапайым, әрі пайдалануға ыңғайлы және шын мәнінде мүмкін лабораториялық базаға бағдар ұстайтын болуға тиіс;

- бағдарлама ұтымды ойластырылған жөне шешілуге тиісті мәселенің бүкіл қырларын қамтуы тиіс; бағдарламаны орындауларда компьютерді пайдаланудың педагогикалық әрі техникалық мәні болуы шарт (мәселен, компьютерді жай ғана осциллограф немесе вольтметр ретінде пайдаланудың еш мағынасы жоқ);

- зерттеу бағдарламалары (басқа да бағдарламалар тәрізді) тиісті әдістемелік нұсқаулармен жабдыкталып, оқушы олардың көмегімен өзінің танымдық іс-әрекетін ұтымды, тиімді ұйымдастыратындай деңгейде құрылуы тиіс.

Тестілік бағдарлама. Ең қарапайым тестілік бағдарламалар әр сұраққа қайтарылған сұрақтар жиынтығынан құралады. Тестіден өтуші осы жиынтықтан дұрыс жауапты іріктеп алуға тиіс еді. Мұндай бағдарламалар қазір де қолданыста бар, өйткені оларды жазу оңай, ал сұрақтар мен жауаптарды мұғалімнің өзі толтыра алады. Аталмыш бағдарламалар оқытушының уақытын үнемдеуге жәрдемдеседі әрі олар қолдануға ыңғайлы, қарапайым. Бағдарламаға тестілеу нәтижелерін және оларды өңдеу мәлеметтерін енгізгенде, оқытушының қолында тестілеудің нәтижелерін есепке алу және талдау мүмкіндігі пайда болады.

Ақпараттық бағдарлама. Соңғы кезде символдық ақпаратпен жұмыс істеу мүмкіндіктерін жүзеге асырған бағдарламалар пайда болды., тевдеулер құрастыру және шешу, есептердің шешімін символ түрінде бейнелеу сияқты жұмыс түрлерін үйрену аса маңызды. Әдетте мұндай ақпаратпен жұмыс істеуші бағдарламалардың аралық және аяқтаушы жүйесі болады. Символдық ақпаратпен жұмыс істеуші бағдарламалардың мысалы ретінде Бегіуе жүйесін атауға болады. Бұл жүйе мамандастырылмаған, сондықтан әр түрлі сабақтарда пайдалана беруге жарады [130].

Алғашқы ақпараттық оқыту бағдарламалары компьютерге енгізілген мәтіннен және соған қосалқы иллюстрациялардан тұратын еді. Мұндай бағдарламалар келешекте мүлдем жарамсыз болып шықты. Олар компьютерлік технологияның ерекше мүмкіндігін пайдалана алмайды. Мұндай бағдарламалар кітап атқаратын рөлде ғана қолдануға жарамды, бірақ кітаптардың өзі олардан анағұрлым ыңғайлы болып келеді.

Одан кейінгі кезеңде гипермәтіндік құрылымдағы жүйелер пайда болды. Гипермәтін бойынша клавиатураның иә "тышқан" манипуляторының жәрдемімен әрі-бері қозғалу, кілт іспетті сөздер бойынша мәтіннің қажетті үзіктерін тауып алу оңай, Көптеген гипермәтіндік құрылымдардың қосалқы сөздіктері мен анықтағыштары бар және олардан ақпаратты қажет кезінде қиналмастан тауып алға болады. Мәтінді монитордан оқу қажеттілігінің келешегі қосалқы функциялардың пайдалануға ыңғайлылығы арқылы бүтінделеді.

Ақпараттық бағдарламаларды динамикалық иллюстрациялар да қатты өзгертті. Мұндай мүмкіндіктер ақпараттың қызғылықтылығын арттырады. Ал көптеген ұғымдар, әсіресе олардың динамикалық құбылыстарға қатыстылары, көрнекті әрі ұғымды бола түседі. Қазіргі мультимедиа құралдары материалдары жағынан өте бай ақпараттық құрылымдар жасауға мүмкіндік береді. Мұндай бағдарламамен жұмыс істей отырып, оқушы өзі игеріп жатқан пәннің құпияларына терең бойлай түседі. Ақпарат: дыбыс, бейне, гипермәтіндер, бейнефильмдер тәрізді барынша әркілі күйлерде келіп түседі. Студенттерге мұндай жүйелермен жұмыс істеу ұнайды, өйткені олар көркемдік және техникалық жағынан жоғары деңгейде орындалған әрі қызғылықты болып келеді, оның үстіне олардан қажетті

ақпаратты тауып алу да оңай.

2.1. Техникалық мамандық бойынша оқитын студенттерін қазақ тіліне оқытудың болжамдық моделі.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялық арқылы тілдерді оқыту қазіргі кезде көптеген ғылыми-әдістемелік еңбектер шығып жатыр. Компьютер педагогке техникалық және технологиялық жағынан ұдайы көмек тигізуде, яғни оқыту барысында педагог студенттермен қарым-қатынасқа түсуіне көп уақыт бөле алады. Бұл ерекшеліктерінің бір: студенттердің жіберілген қателіктеріне және компьютерде бақылау қызметтері Қазақ тілін оқытудағы басты мақсат-студенттерді қазақша сөйлеуге үйрету десек, осы мақсатты жүзеге асыруда көру компьютердің атқаратын қызметі ерекше.

Компьютер арқылы оқыту үрдісін басқаруды жетілдіру, тексеруден өзін-өзі тексеруге, оқытудан өзін-өзі оқытуға көшу. Ерекшеліктері: оқу материалы жеке логикалық бөлшектерге бөлінеді: әр бөлімді меңгерген соң, студент өздігінен тест-сұрақтарға жауап береді: дұрыс жауап берсе, келесі бөлімге өтеді; жауап қате болса, өзі бөлімді қайталап өтіп, сұрақтарға тағы да жауап береді.

Күшті жақтары:

- оқу материалының бөлшектенілуі;
 - студенттің белсенді өзіндік жұмысы;
 - оқыту қарқынды мен оқу материалы көлемінің даярлануы;
- Техникалық оқыту құралдарын пайдалану.

Кемшіліктері:

- бағдарлама жасауға көп уақыт, күш керектігінен ол өте тиімді;
- мектептегі компьютерлердің саны мен сапасы жеткіліксіз.

Модель дегеніміз белгілі- заттың немесе құбылыстың ықшамалдаған , қарапайым көрнекі үлгісі. Моделдің құрамында сол түпнұсқаға (оригинал) тә белгілілердің бәрі сақтала бермейді. Модельде ең маңызды деген белгілер ғана сақталады. Жоғарыда «в упрощенном виде» деп арнайы ескертіп отыр.

нақтылы педагогикалық процесте практикалық кеңестікке қолдануға үйретуге мүмкіндік береді. Егер, ұстаз үшін моделдеу оның ісі бар болатын құбылыстардың жасау процесі болса, онда ғылымда моделдеу, ол белгілі бір құбылыстар мәнінің теориясын жасаудың нәтижесі. яғни, зертеуші –ұстаз үшін моделдеу зертелетін құбылыстың идеалдық моделін қайта жасаудың тәсілі болады.

Тәжірибелі ұстаз үшін моделдеу іс-әрекеттің мақсатына сәйкес оның жағдайын ұстаз өзгерткісі келетін белгілі бір педагогикалық процесті тұтасымен ойша (алдын ала) қайта құру тәсілі болады.

Басқаша айтқанда, *моделдеу* ұстаз үшін педагогикалық *теория мен нақтылы практикалық іс-әрекет арасындағы бөлік* болады. *Модельдеу арқылы мұғалім теориялық білімді практикалық әрекеттің тіліне аударады.*

Бұның бірінші реттегі маңызды болатындығы сондықтан , мұғалім белгілі бір әрекеттер туралы (өзінің және басқа педагогикалық процеске қатысушылардың)

шешімді нақтылы ситуациялық динамикалық өзгеретіндігін ескереді, ал оған қатысушылардың көпшілік құрамы мен оқиғаның тез өрбуі стандарттан тыс шешімдер қабылдауды қажет етеді.

Педагогикалық процестің *мақсаты* тұлғаның дамуы мен қалыптасуы екендігін есекре отырып, ең алдымен біз мұғалім өзінің іс-әрекетін қандай өлшемдер арқылы бақылайтындығын анықтаймыз, демек белгілі бір ситуацияда неі моделдеу керектігін анықтау қажет. Оқушы тұлғасының *даму өлшемі тек қана білім, білік, және дағдыларды ғана білумен* шектелмейді. Аз дегенде осымен анықталады.

Ұстаздың шеберлігі моделденетін оқушы іс-әрекетінде белсенді іс әрекетінің позициясын қалыптастыру үшін керекті қатынастың сол түрлерін қайта жасау білігінен көрінеді [хмель]

«Қазақстан-2030» стратегиялық жолдауында қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағынан ілгерілеуінің маңызды факторы ретінде білім берудің ұлттық моделін дамыту, шығармашыл тұлға қалыптастыруға дағды алу, ақыл-ой қорын жинау сияқты мақсаттарды көздейді. Қазіргі қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік –экономикалық өзгерістер мағлұматтарды қарапайым беруге негізделген жеткілікті дәрежеде айқын қалыптасқан білім беру моделінің тоқыраын айқын көрсетіп отыр. Жеке тұлғаға деген талаптың күшейе түсуі қазір дүние жүзінде білім беру саласында жобалы өзгерістер жасау тенденциясының үдей түсуіне себеп болып отыр.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге шолу жасай отырып, зерттеулерде танымдық белсенділіктің мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық-амалық, процессуалдық-еріктік компоненттерінің мазмұнын ашуға, талдау жасауға үмтылыс жасалды.

Т.И.Шамованың пікірінше танымдық белсенділіктің компоненттерін практикалық талдау мақсатында ғана жіктеуге болады дейді. Танымдық белсенділіктің еріктік компоненті алдыңғы екі компонентпен тығыз байланысты, өйткені олардың негізінде адам белсенділігінің басты қайнар көзі-қажетсіну жатыр. Ерік дағдылары адамды әрекетке итермелеуші бастапқы себепкер ретіндегі қажетсінуге байланысты. Мұнда осы жалпы негіз -қажетсіну мотивациялық және еріктік компоненттерінің сезіммен байланысын айқындайтынын байқамауға болмайды, өйткені сезімде қажетсінудің белсенді жағы бейнеленеді [65].

Танымдық белсенділіктің әр компоненті өзіне тән белгілі бір қызмет атқарады: мотивациялық-тұлғалық компонент қызығушылықты тудырады, оқу-танымдық белсенділікті оятады. Мазмұндық-амалдық компонент оны іске асыру үшін негіз жасайды және жүзеге асыруға мүмкіндік береді, процессуалдық-еріктік компонент оның аяқталуын қамтамасыз етеді. Әр компонент өз қызметі арқылы оқу-танымдық белсенділіктің белгілі бір кезеңін жүзеге асырады:

а) оқу-танымдық белсенділіктің мотивациясы тұрақты болып, қызы ә)оқушылар негізгі интеллектуалдық іс-әрекеттерді және өзіндік жұмыстарды жүзеге асыра алатын болса;

б) студенттердің өзінің танымдық іс-әрекетін басқару сипаты сыртқыдан ішкі қажеттілікке ауысса;

в) студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеті шығармашылық, зерттеушілік сипатқа ие болса, онда олардың танымдық белсенділігі артты деп саналады [28]. Танымдық мотивтің жетекші рөл атқаратынын ескеретін болсақ, танымдық іс-әрекеттердің бағытталуы мотивациялық-тұлғалық компоненттің қалыптасуының негізгі көрсеткіші болып табылады. Студенттердің танымдық белсенділігінің мазмұндық-амалдық компонентінде жетекші білімдердің және оқу-танымдық қызмет тәсілдерінің жүйесі қамтылады, бұл тәсілдер жаңа білімдермен әрекет тәсілдерін өз бетінше игеру біліктілігін айқындайды. Бұл компоненттің ерекшелігін айқындау үшін мектеп оқушыларының білімдерін және олардың оқу-танымдық қызмет тәсілдері үйесінің ерекшеліктерін анықтау қажет. С.И. Архангельский [89,384с.] жоғары білімнің мазмұнына үш компонент кіру тиіс деп есептейді: біріншісі ғылымның қазіргі жай-күйін, екіншісі даму үстіндегі ғылым мен техниканың жаңа мазмұнын айқындайды; үшіншісі ғылым мен техниканың болжамды дамуын көрсетеді. Бірінші компонент ғылымда тұжырымдалған және практикада қабылданған нәрседен тұрады. Білімді игерудің саналы сипаты оқушының білімдері сапасының жетекші көрсеткіші болып табылады, бұл саналылықтың жоғары деңгейі алынған білімдерді практикада қолдана білу біліктілігінде көрініс табады. Оқу-танымдық іс-әрекеттің мақсаты анықталады және есептерді шешуде нақты жоспары жасалады. Студенттердің жетекші білімдері жүйесінің негізінде танымдық белсенділіктің мазмұндық-амалдық жақтары қалыптасады. Біліктер үш топқа бөлінеді, олар: ақыл-парасат, оқу еңбегі және арнаулы біліктер. Осы біліктерді меңгерудің белгілі бір деңгейі танымдағы белсенділіктің ілгері басуын қамтамасыз етуі тиіс. Сөз жоқ, ақпарат алып, өздеуді қамтамасыз ететін ақыл-парасат білігі жетекші білік болып табылады. Оның қалыптасу деңгейінің жалпы танымдық белсенділікті дамыту үшін зор маңызы бар.

Жалпы алағанда оқушының танымдық белсенділігінің мазмұндық-амалдық жағы басқа сапалық деңгейімен ерекшеленеді, мұның өзі ақыл-парасат дамуының неғұрлым жоғары деңгейімен және оқушының оқу-танымдық қызметінің ерекшелігімен байланысты.

Ең басты нәрсені ажырата білу білігі оқу-танымдық қызметінің осы тәсілдерінде жетекші рөл атқарады, бұл білікті ғұшылықтан қажеттілікке ауысатын болса танымдық белсенділіктің мазмұндық-амалдық жағы үшін жүйе құрайтын фактор деп есептеуге болады. Ең бастысы нәрсені ажырата білу біліктілігінің қалыптасуы мазмұндық-амалдық компоненттің дамуының негізгі көрсеткіші болып табылады. Ол хабардың басты идеясын қабылдап жаңғыртуда, алдағы оқу-танымдық қызметтегі ең басты нәрсені айқындауда және осы негізде, осы қызметтің алға қойылған мақсатына сәйкес жұмысты жоспарлай білу және жұмыстың мақсаты мен оқылатын материалдың ерекшелігін ескере отырып, өзін-өзі бақылау біліктілігі

танымдық белсенділіктің мазмұндық-амалдық компонентінің қалыптасуының қосымша көрсеткіштері болып табылады.

Егер жеке тұлға белгілі бір ерік күшін жұмсамаса, білімді және әрекет тәсілдерін игеруге талпынғанымен, білімдердің белгілі бір жүйесі болғанымен және біліктілік қалыптасқанымен танымда белсенділікпен ілгерілеушіліктің болуы мүмкін емес. Сондықтан еріктік компоненті танымдық белсенділіктің ажырамас бөлігі болып табылады, бұл компоненттің негізінде таным барысындағы қиындықтарды жеңу жөнінде ерік күшін жұмсауға дайын тұрушылық және әрекетте іске асырушылық жатыр. В.И. Селиванов көрсеткендей, "атқарудағы қиындықтарды жеңе білу біліктілігі - жеке тұлғаның еркінің дамуын бағалайтын негізгі өлшем" [90,208 с]. Танымдық белсенділіктің еріктік компоненті алдыңғы екі бөлікпен тығыз байланысты, өйткені олардың негізінде адам белсенділігінің қайнар көзі - қажетсіну жатыр, мұнда осы жалпы негіз - қажетсіну мотивациялық және еріктік компоненттердің сезіммен байланысын айқындайтынын байқамауға болмайды, өйткені сезім де қажетсінудің белсенді жағын бейнелейді [91]. Сезім қажетсінудің қанағаттандырылуы немесе қанағаттандырылмауы нәтижесінде пайда болады және сонымен бірге адамның әрекетін реттеушілердің бірі ретінде көрініс табады.

Таным үрдісі түрлі қиындықтарды жеңумен байланысты. Таным барысындағы қиындықтарды жеңу, бұл үшін қажетті ерік күшін жұмсау жеке тұлғаның өзінің танымдық әрекетін нысаналы түрде және саналықпен реттеуін талап етеді. Еріктің болуы жеке тұлға үшін елеулі, маңызды мақсаттар мен міндеттердің болуымен байланысты. Мақсаткерлік адамның ерік мінез-кұлқының негізгі нысандарының бірі, жеке адамның ерік күшін іске асыру үшін зор маңызы бар. Алға мақсат қою және оны қабылдау-жеке тұлғаның мақсатқа жету жөніндегі бұдан былайғы ерік күшін айқындайтын кезең болып табылады. Таным - әрекет түрлерінің бірі болғандықтан, таным барысындағы қиындықтарды жеңу жөніндегі ерік күші таным әрекетінің мақсатын кімнің алға қоятынына елеулі дәрежеде байланысты деп жорамалдауға болады [92]. Танымдық белсенділіктің еріктік компонентінің қалыптасу деңгейлерін ажырату ерекше қиындық туғызады, өйткені психологияда осы мәселенің әзірленуінің қазіргі деңгейі жеке тұлға еркінің дамуының, атап айтқанда, танымдағы ерік күшінің дамуының айқын өлшемдеріне шығуына мүмкіндік бермейді. Сондықтан оқушының оқу-танымдық қызметінде айқынырақ көрініс табатын көрсеткіштер ретінде сабақтарда жұмыстың ынталы жүргізілуін, жұмыстағы жүйелілікті, танымдық қызметтің барлық түрлерін аяқтауға ұмтылушылық ұсынылады. Студенттердің танымдық белсенділігін арттыру мәселесін зерттеген ғалымдардың ғылыми нәтижелеріне сүйене отырып, танымдық белсенділігінің компоненттерінің

қалыптасу деңгейлерінің көрсеткіштері мен сипаттамасы жаңа негізде анықталды.

Мотивациялық-мақсаттық өлшемдеріне танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді.

Мазмұндық- іс-әрекеттік өлшемдерінде болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен пәндік әдіснамалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық заңдылықтары мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін және жеке тұлға теориясының негіздерін білуі, студенттердің барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады.

Нәтижелі—бағалау өлшемдері болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндетін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастың үрдісті тиімді жүзеге асыра алумен өлшенеді. Ол болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үрдісінің психологиялық-педагогикалық үрдісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен сипатталады.

Бұл үлгінің құрамын анықтауды, біз болашақ техникалық мамандық студенттерінің 1-кесте. Электронды оқулық негізінде орыс бөлімдеріндегі студенттердің даярлығының деңгейлері

	Мотивациялық – мақсаттық	Мазмұнды – іс-әрекеттік	Нәтижелі-бағалау
т ө м е н г і	Өз мамандығының мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсінбейді. Кәсіби мотивтерде тікелей сезімді оятатын күш жоқ. Белсенді емес, тұйық, өзіндік пікірі жоқ.	Болашақ қызметі туралы жалпы түсінігі бар. Кәсіби құқықтық іс-әрекеті туралы мәліметтері таяз. Қазақ тілі пәні бойынша білімі үстірт, жүйесіз, толық емес, «тұрмыстық деңгейде». Меңгеру сипаты репродуктивті. Болашақ білімдері мен дағдылары толық қалыптаспаған.	Рефлексияға қабілеті дамымаған. Өзіне-өзі бағалауы төмен деңгейде. Өз іс-әрекетіне баға бере алмайды және талдай алмайды.
о р	Танымдық белсенділігі жоғары деңгейде.	Бірнеше тақырыптар бойынша білімдері жүйелі, саналы, олар-	Рефлексияға қажеттілігі бар. Мақсатты баға-лай алады. Іс-әрекет процесі-

т а	Кәсіби мотивтері саналы түрде қалыптасқан. Өз білімін іске асыруға қажеттілігі таяз, ынталандыруды қажет етеді.	дың болашақ кәсіби іс-әрекетіндегі маңызын түсінеді. Меңгеру сипаты репродуктивті шығармашылық болып табылады. Әлеуметтік тұлға саласы бойынша білімі жеткілікті деңгейде емес. Ұйымдастырушылық-басқару және кәсіби, арнаулы пәндер бойынша білімдері терең емес. Алған білімдерін практикалық іс-әрекетте белсенді қолдана алады. Түрлі саладағы нормаларды толық талдай алмайды және өз көзқарасын жеткі-лікті деңгейде негіздей білмейді. Қазақ тілі ұғымдары мен категорияларын еркін қолдана алады.	мен нәтижесі үнемі сәйкес келе бермейді, бірақ кемшіліктер себептерін әрда-йым іздес-тіріп отырады. Өзіне-өзі баға беру деңгейі парапар.
ж о ғ а р ы	Кәсіби мотива-циясы табанды және қызметке деген ынтасы ерекше байқалады. Өзінің мүмкіндіктеріне және маман-дықты дұрыс пайдаланғанына сенімді. Танымдық мотивтері берік. Кәсіби және арнаулы білім алу қажеттілігін терең түсінеді. Қызметте	Білімі толық және терең. Білімді жүйелеу-мен кәсіби іс-әрекетке бағыттауда шығармашылық таныта-ды. Болашақ кәсіби қызметі проблемалары бойынша әдебиет-терге қызығушылығы жоғары. Әлеуметтік-тұлғалық, ұйымдастырушы-лық-басқару, кәсіби және арнаулы пәндер бойынша білімі жоғары, оларды практи-калық іс-әре-кеттерде еркін қолдана	Рефлексия жақсы дамыған. Өзіне сын көзбен қарай алады. Өз іс-әрекетіне дұрыс баға бере біледі. Өзін танып-білуге, өзін көрсетуге, өз мүмкіндігін танытуға ынтасы жоғары.

табысқа қол жеткізуге бағдарланған. Ақпараттық технологиялар арқылы кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптас-тыру қажеттілігін толық түсінеді.	алады. Қазақ тілі мәселелеріне сараптама жасай және шеше отырып, ұйымдардың тілдік қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды жоғары деңгейде сараптай және даярлай алады.	
---	--	--

Студенттердің танымдық белсенділігі - күрделі құбылыс. Оған мынадай құрамды бөліктерді қамтуға болады: іс-әрекет мақсаты, мазмұны мен қорытындысы, іс-әрекет түлері және әдістері, мотивтері мен қарым-қатынасы, сондай-ақ танымдық әрекет деңгейлері: репродуктивті, репродуктивті-шығармашылық, шығармашылық.

Репродуктивті танымдық әрекетке - дайын ғылыми жұмыстар, оқу дағдылары мен әдіс-тәсілдері, таным жаттығулары жатады.

Шығармашылық танымдық әрекетке оқушылардың өзіндік жұмысы, бақылауы мен тәжірибесі, ойлау амалы нәтижесінде алған білімі, дағдысы, танымы мен ғылыми түсініктері, білімі жатады [27].

Техникалық студенттердің ізденімпаздық жалпы танымдық іс-әрекет мәселесіне арналған көптеген еңбектерді зерттеу мынандай қорытынды жасауға әкелді: танымдық ізденімпаздық пен белсенділік жеке тұлғаның алуан қырлы болмыс-бітімі болып табылады, ол сезімталдық, танымдық және еріктік үрдіс нәтижесі, танымдық мотив пен дербес әрекет тәсілдерінің жиынтығы, танымға деген тұрақты құлшыныс болып табылатын танымдық іс-әрекетке бейімделуімен сипатталады.

Зерттеушілер мотив белсенділікті тиімді арттыру үшін, оқушылардың өздерінің белсенді болуы және оқытушының тарапынан дұрыс басшылық қажет деп есептейді [16,65,66,67].

Ғылыми әдебиеттердің мәліметтеріне сүйенсек, сондай-ақ өзіміздің тәжірибелерімізде де дәлелденгендей, оқушылар жеке басының дамуына белсенді болу үшін, оның қажеттілігін сезіну қажет, оның мазмұны туралы білуі және зерттеу тәжірибесі қажет. Бұл қасиеттің ерекшелігін білуде психологиялық-педагогикалық пәндердің ерекпіе рөлі зор. Ол барлық оқу-танымдық үрдісте жүзеге асуы қажет. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, бұл күнделікті оқу үрдісінде жүзеге асырылмайды. Себебі оқытушы өз пәнінің жетік маманы болғанымен, психологиялық-педагогикалық жағынан көп мән бермейді. Мұндай жағдайда, оқу және ғылыми таным үрдісі туралы психологиялық, жалпы дидактикалық білім, негізгі үрдістен бөлініп қалады. Сондықтан оқу үрдісінде мынадай өзгерістер қажет:

оқытушының ақпаратты-бақылаушы, бағалау-реттеуші қызметін қайта қарау; оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыс көлемін арттыру; оқушы жастарды "тыңдаушыдан" -"талдаушы", "зерттеушіге" айналдыру;

оқу-бағдарламалық материалды ұйымдастыруда құрылымдық әдісті табу; оқу пәндерінде танымдық дағдылар мен білімді енгізу жолдарын табу.

Мектептерде жүргізілген эксперимент жұмысының нәтижесі қазіргі кезеңде оқушылардың оқу мотивтеріне мән бермейтінін көрсетті. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығының төмендеуіне, мұғалім мен оқушының, оқушы мен оқушының қатынас деңгейінің бүгінгі талабына сай болмауына әсер етіп отыр.

Егер жеке тұлғаның өз тарапынан танымдық белсенділікті арттыру әрекеттеріне бақылау жасалмаса, ізденіс нәтижесі бағаланбаса, жетістіктерге жетуге болады деп айту қиын. Өзгелердің тарапынан болатын бақылаудан гөрі, оқушы өз білім деңгейіне, біліктері мен дағдыларына сын көзбен қарап, бақылау жасауы, оның білімді сапалы меңгеруіне, жұмыстың нәтижесін көруде барынша көмектесетінін тәжірибе көрсетіп отыр.

Техникалық студенттердің өзін-өзі бақылау, бағалау, іс-әрекетке ие болу сияқты іс-әрекеттерді қамтитын бағалау нәтижелік бөлігінің қалыптасуының нәтижесінде оқушының танымдық әрекеті нысаналы, шығармаиылық сипатта және мазмұнды, нәтижелі болады.

Техникалық мамандық студенттердің өзін-өзі бақылай алуы, басқара алуы, бұл өз кезегінде игерілуге тиіс білімдерді терең меңгергенін, іс-әрекеттің жетілдіруге қажет дағдыларды үйренгенін көрсетеді. Өзін-өзі бақылау ақыл-ой және дене іс-әрекеттерінде болатын түрлі үрдістерді үйлестіре отырып, жеке тұлғаның білім алудағы, практикалық, кәсіптік дағдыларды меңгерудегі ізденімпаздығы, белсенділігі, сыншылдығы, ұқыптылығы сияқты қасиеттерінің көрінісі түрінде байқалады. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, өз бетінше талассыз білім алудың қажетті жағдайы ретінде танымдық белсенділікті арттыру болып табылады. Алайда мектептерде жеке тұлғаның осы қасиеттерін дамытуға байланысты бағытталған оқушылардың өзіндік жұмысының жүйесі әзірге қалыптасқан жоқ. қалыптастыру экспериментінің 3-ші кезеңінде өндірістік тәжірибе мүмкіндіктерін пайдалануды жөн көрдік.

Практика барысында болашақ мамандардың аталған тапсырмаларды орындауы, алынған нәтижелерді талдауы мен қорытындылауы, олардың бұрын алған теориялық білімдері мен біліктерінің артуына зор ықпал етті.

Өндірістік практика экспериментке қатынасқан студенттердің басым көпшілігінде электронды оқулықтар арқылы кәсіби іс-әрекетке даярлығының үлгісіндегі біліктіліктер жиынтығына сәйкес тұтас кешенді құрайтын біліктіліктер қалыптасқанын көрсетті.

Сонымен бірге біз зерттеу барысында студенттерге өзінің кәсіби іс-әрекетке даярлығын бағалауды ұсындық, өлшем ретінде мынадай параметрлерді алдық:

даярлық жоғары (5) – толық дайын; орташадан жоғары (4) – жеткілікті дайын; орташа (3) – іс жүзінде дайын; төмен (2) — іс жүзінде дайын емес; өте төмен (1) — мүлдем дайын емес. Осы іс-әрекетке жеткілікті тұрғыдан дайынмын деп бақылау тобындағы студенттердің 55%-ы, эксперимент тобындағы студенттердің 68,3%-ы; іс жүзінде дайынмын деп бақылау тобындағы студенттердің 38,3%-ы, эксперимент тобындағы студенттердің 30%-ы, іс жүзінде дайын емеспін деп бақылау тобындағы студенттердің 6,7%-ы, эксперимент тобындағы студенттердің 1,7%-ы жауап берді. «Сіз маман ретінде қандай деңгейде тұрғаныңызды анықтаңыз?» деген тест сұрақтарына берген студенттердің жауаптарын талдау бақылау тобындағы студенттердің 18,3%-ы және эксперимент тобындағы студенттердің 11,7%-ы біліктерді жалпылама түрде, шамамен, сенімсіз меңгергендігін; бақылау тобындағы студенттердің 75%-ы және эксперимент тобындағы студенттердің 60%-ы қиындықтарды бастан кешіретінін; бақылау тобындағы студенттердің 6,7%-ы және эксперимент тобындағы студенттердің 28,3%-ы шеберлікті толық меңгердік деп санайтынын көрсетті.

Барлық алынған мәліметтерді талдағаннан кейін біз жекеленген компоненттер бойынша кәсіби іс-әрекетке даярлық көрсеткіштерінің сипаттамасы кестесін құрдық [Кесте 2]:

Кесте 2 - Кәсіби іс-әрекетке даярлық көрсеткіштерінің сипаттамасы

Өңкә	Мотивациялық даярлық		Мазмұндық-операциялық даярлық		Рефлексиялық даярлық	
	бақ. тобы -120 адам	экс. тобы-120 адам	бақ. тобы -120 адам	экс.тобы-120 адам	бақ. тобы-120 адам	экс. тобы-120 адам

Байқалмайды	7, 5,8%	4, 3,3%	12, 10%	8, 6,7%	19, 15,8%	17, 14,2%
Шамалы байқалады	32, 26,7%	14, 11,7%	32, 26,7%	18, 15%	24, 20%	18, 15%
Анық байқалады	81, 67,5%	102, 85%	76, 63,3%	94, 78,3%	77, 64,2%	85, 70,8%


Алынған нәтижелерді талдау және оларды анықтау эксперименті барысындағы және бақылау тобындағы көрсеткіштермен салыстыру эксперименттік жұмыстың болашақ мамандардың кәсіби даярлықтарына тиімді ықпал еткенін аңғартты [Кесте 3].

3-кесте Болашақ мамандардың даярлық деңгейлерінің көрсеткіштері


Деңгей	Эксперимент тобындағы студенттер саны – 130		Бақылау тобындағы студенттер саны – 130	
	экспериментке дейін	эксперименттен кейін	экспериментке дейін	эксперименттен кейін
Төмен	25 (19%)	5 (4 %)	19 (15 %)	12 (9 %)
Орташа	89 (69 %)	90 (69 %)	93 (71 %)	96 (74 %)
Жоғары	16 (12 %)	35 (27 %)	18 (14 %)	22 (17 %)

Кестеде келтірілген мәліметтер біз ұсынған педагогикалық жүйе бойынша даярланған студенттердің жоғары нәтижелерге қол жеткізгендігін дәлелдейді. Егер эксперимент басында жоғары деңгей көрсеткен студенттер 12% болса, эксперимент соңында жоғары деңгейді эксперимент тобынан студенттердің 27%-ы, эксперимент басында бақылау тобынан – 14%-ы; эксперимент соңында бақылау тобынан – 17%-ы; эксперимент соңында орта деңгейді эксперимент тобында – 69%-ы; бақылау тобында – 74%-ы; төмен деңгейді эксперимент тобында 4%; бақылау тобында – 9%-ы көрсетті, яғни бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

Экспериментке дейін және эксперименттен кейін студенттердің кәсіби даярлық деңгейлерінің қалыптасуды көрсететін диаграммалар 2-3-ші суреттерде сипатталады [Сурет 2, 3].



Сурет 2 - Экспериментке дейін студенттердің даярлық деңгейлерінің қалыптасу диаграммасы



Сурет 3 - Эксперименттен кейін студенттердің даярлық деңгейлерінің қалыптасу диаграммасы

Студенттерге электронды оқулықтарды пайдалану олардың даярлық деңгейлерінің қалыптасуына қалай әсер еткенін анықтау мақсатында берілген сауалнамалардың нәтижелері анықталды [Кесте 4]:

Кесте 4. Электронды оқулықтардың даярлықты қалыптастыруға тигізген ықпалының диагностикалық сипаттамасы (пайыз өлшемі бойынша)

Көрсеткіштері	Бағалау деңгейі					
	бақылау тобы			эксперимент тобы		
	Ж	О	Т	Ж	О	Т
Электронды оқулықтардың кәсіби іс-әрекетке даярлықты	120	-	-	120	-	-
Электронды оқулықтардың мазмұнының құндылығын анықтай	96	24	-	115	5	-
Электронды оқулықтармен жұмыс жасауға Сіз қызығасыз	120	-	-	120	-	-
Кәсіби іс-әрекетке даярлауда электронды оқулықтардың маңызы мен ролін білесіз бе?	105	15	-	108	12	-
Электронды оқулықтар арқылы Сіз ақпараттық деңгейді	109	11	-	115	5	-
Электронды оқулықтардың ішінен болашақ кәсіби іс-әрекетіңізде қажетті	117	3	-	119	1	-
Электронды оқулықтардағы берілген мәліметтерді салыстырып, оларды	87	21	12	92	19	9
Электронды оқулықтардағы мәліметтерді болашақ кәсіби іс-әрекетіңізге сәйкес талдай білесіз бе?	120	-	-	120	-	-

Электронды оқулықтардың даярлық деңгейіне тигізген ықпалын бағалаудың жоғары деңгейі орташа есеппен бақылау тобында 91%, эксперимент тобында 94,7%, орташа деңгейі бақылау тобында 7,7%, эксперимент тобында 4,4%, төменгі деңгейі бақылау тобында 1,3%, эксперимент тобында 0,9% болды. Яғни, бақылау тобының студенттеріне қарағанда эксперимент тобының студенттері өздердерінің даярлық деңгейіне электронды оқулықтардың тигізген ықпалын анағұрлым жоғары бағалады.

Осылайша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдау электронды оқулықтар арқылы қазақ тілін орыс бөлімдері студенттерін даярлаудың педагогикалық жүйесін жоғары оқу орындарында пайдаланудың тиімділігін көрсетіп, біздің зерттеуіміздің ғылыми болжамының дұрыстығын дәлелдеп берді.

Студенттерге электронды оқулықты пайдалануға студенттердің білімдері мен іскерліктерін қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша дайындалған сұрақтарға жауап беру ұсынылды. Атап айтқанда, білімді ақпараттандыру процесіне даярлық бағдарлары бойынша өздерінің білім, білік, дағдыларын бағалау тапсырылды.

Электронды оқулықты пайдалануға студенттердің білімдері мен іскерліктерін қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштерін қалыптастыру - жеке тұлғалық білім алудың және оқытушылардың сабақты ұйымдастырудың белгілі бір деңгейге көтерілуінің негізгі шарты болып есептеледі. Студенттердің сабақта электронды оқулықтарды пайдалануға даярлығының мынадай өлшемдері анықталды:

1. Қазақ тілі сабағын оқуға психологиялық даярлық,
1. Қазақ сабағын оқуға дидактикалық даярлық.

Эксперимент барысында біз жасаған зерттеудің ғылыми болжамы практика жүзінде жүзеге асты, яғни, электронды оқулықтар негізінде қазақ тілі сабағын өткізуге студенттерді оқыту мына жағдайда тиімді болды, электронды оқулықтардың мазмұны педагогикалық ғылымның жетістіктеріне теориялық тұрғыдан негізделіп, электронды оқулықтардың тәсілдері студенттердің жүйелі білім алуын және сабақтың құрылымын түрлі жағдайда түрлендіре алатын бағыттарын қамтамасыз етті **мұнда** ақпараттық оқыту ортасында бірегей жағдай туындады, студенттердің сабаққа даярлығы тұрақты база арқылы қалыптастырылды, мұның өзі компьютерлік техниканы пайдалануда, электронды оқулық басылымдарында кездесетін психологиялық кедергілерді болдырмауға мүмкіндік берді, себебі, қазақ тілінде қарым-қатынас процесін ұйымдастыруда жеке тұлғалық-бағдарлық және ақпараттық жүйелік әдіс-тәсілдердің жүзеге асатыны дәлелденді.

2.3. Техникалық мамандықтарына қазақ тілін электрондық оқулық арқылы оқытудың тиімділігін анықтаудың эксперименттік жұмысының нәтижесі..

Жаңа компьютерлік технологияларды қазақ тілін оқытуда қолдану мүлде тың

мүмкіншіліктер туғызып отыр. Дербес компьютерде жұмыс істеу жеке жағдайда жүргізіледі. Осының арқасында мұғалім бір топта оқитын, бірақ деңгейі әр түрлі оқушылармен ұтымды жұмыс істей алатын болды. Ал мұндай жұмыс үшін арнайы бағдарламалар мен әдістемелер қажет. Дұрыс іріктеп алынған бағдарламалар әр оқушыға өз қарқынымен жылжуға, өзі үшін қиын мәселелерге тоқталып, пәнді нақ өзінің шамасы жететіндей деңгейде игеруге мүмкіндік береді.

Е.И.Машбицтің пікірі бойынша [2], компьютерді оқытуда пайдалану кезінде есептердің санын көбейту оқу ісінде елеулі өзгерістерге алып келеді. Қазіргі кезде белгілі бір типтегі есептерді шешудің жаңа тәсілін меңгеру оқушылардың бірталай нақты есептерді шешуі есебінен жүзеге асуда. Оның үстіне осы есептерді ойдағыдай шешудің өзі әрекеттің жалпыландырылған тәсілін меңгеруге кепіл бола алмайды. Сонымен қатар, компьютерді оқу үрдісіне қосу кезінде оқушыларға осы типтегі есептерді шешудің жалпы алгоритмін салу жөнінде тапсырма беруге болады. Алгоритмді құрастыра білу оқушының әрекеттің жалпыландырылған тәсілін игергенін көрсетеді.

Компьютер мектептегі физикалық экспериментті дамытуда, эксперименттік есептерді кеңейтуде, оқушылардың зерттеу дағдыларын жетілдіруде ерекше орын алады. Бұл жерде компьютер үш қызметті атқара алады: қазақ тілі кабинетінде эксперименттің пәні бола алмайтын объектілер мен үрдістердің модельдерін оқытып, үйретуде пайдалануға ғана байланысты емес (бұл В. Бласиактың, ВАИЗВОЗЧИКОВТЫҢ [131], И.М.НИЗАМОВТЫҢ [132], Н. В. РАЗУМОВСКАЯНЫҢ [133], т.б. жұмыстарында атап өтілген). Компьютерлік модельдерді пайдалану оқушыны экспериментті жүргізуге байланысты көптеген үйреншікті амалдардан босатып, үнемделген уақытты көптеген өлшеулер жүргізуге, экспериментті басқа жағдайда қоюға және т.б. пайдалануға мүмкіндік береді. Сөйтіп, оқушылардың зерттеу мүмкіндіктерінің ауқымы кеңейеді, олардың модельдері бар экспериментке деген ықыласы артады, танымдық әрекеті күшейеді.

Зерттеу жұмысының қазіргі құралдары мен әдістері туралы түсініктің дамуына, сондай-ақ тиісті дағдылардың қалыптасуына оқушылардың оқу экспериментінің нәтижелерін өңдеуге мүмкіндік беретін ПБК-ді қолдануы түрткі болады. Мұндай ПБК ретінде "электрондық кестелерді" немесе компьютерге шамалардың 4-5 мәндерін енгізу кезінде осы шамалардың арасындағы байланыстардың графиктерін салатын ПБК-дерді алуға болады. Модельдейтін типтегі ПБК-тің негізгі артықшылықтарының бірі сол, оқушы бағдарлама жұмысының түрлі режимдерін тандап, ең бастысы, моделі жасалатын объектінің, процестің параметрлерін кең ауқымда өзгерте алады.

Құбылыстар мен эксперименттердің моделін жасау танымдық жағынан ғана маңызды емес, ол сондай-ақ зерттелетін материалға деген ықыласты арттырады. Компьютерлік технология көмегімен оқушы эксперименттерді бағдарламада көзделген ауқымда жүргізуге мүмкіндік алады. Ол параметрлерді өзгертіп, нәтижелерді бақылап, талдау жасай отырып құбылысты зерттей алады және өз

байқауларының негізінде қорытындылар жасауға мүмкіндігі болады. Әрі онда зерттеу, шығармашылық қызмет үшін үлкен мүмкіндіктер пайда болады, бұл танымдық қызығушылыққа, белсенділікке, ойлануды дамытуға оң әсер етеді. Физика курстың бірқатар маңызды мәселелерін (Томсонның, Иоффе-Милликеннің, Резерфордтың, Штерннің және т.б. тәжірибелері) меңгеру кезінде оқушылар тәжірибелердің жазбанұсқасын, алынған нәтижелерді енжар қабылдаумен шектеледі. Бұл, әрине, қарастырылатын завдардың физикалық мәнін түсінуге теріс әсер етеді, оқу материалын репродуктивті түрде меңгеруге әкеледі. Компьютерді осы тәжірибелерде имитациялық модельдермен жұмыс істеу үшін пайдалану оқушылардың қолына белсенді танымдық құрал ретінде пайдалану мүмкіндігінде компьютерлік модельдеудің негізгі дидактикалық қызметі жатыр.

Имитациялық модельдері бар оқу экспериментін пайдаланумен қатар компьютерді жаңа материалды (графиктік материалмен жұмыс) үйрену кезінде пайдаланудың үлкен әдістемелік құндылығы бар.

Техникалық мамандық студенттерін оқытуда дидактикалық материалдарды пайдаланудың рөлін көптеген әдіскерлер атап өткен болатын.

Сабақтарда түсініктердің қалыптасуы эксперимент пен графиктік бейнелеумен (графиктер, жазбанұсқалар, диаграммалар, т.б.) тығыз байланысу негізінде жүруі тиіс. Курста өтілетін көптеген мәселелерді қарастыру графиктерді кеңінен пайдаланбайынша тиімді болмайды. Графиктер кейде ой жүгіртудің ұзын тізбегін ауыстырады, олар қарастырылатын құбылыстар мен үрдістердің мәнін анықтаудың әдістемелік құралы болып табылады. Функционалдық байланысты графиктік түрде бейнелеу дидактикалық жағынан оқушылардың ойлану қабілетін дамытуда, оларда құбылыстар мен заңдылықтарды айқын түсінуді қалыптастыруда зор көмек көрсете алады. Компьютер белгілі бір есептің шешімінің бірқатар варианттарын жылдам іріктеп алып, бағалауға, салыстыруға және ең дұрысын тандауға мүмкіндік береді. Екіншіден, шешімнің сан алуан варианттарын қарастырып, бағалауға, сөйтіп ұтымдысын таңдап алуға жәрдемдесетін компьютердің қиыстыратын мүмкіндіктерін пайдалану. Үшіншіден, графиктік әдістермен шешілетін физикалық есептердің санын күрт көбейтуге жағдай жасайтын қазіргі компьютердің бай графиктік мүмкіндіктері.

Оқушылардың графиктерді пайдалану дағдыларының қалыптасуымен байланысты графиктік сауаттылығы политехникалық оқытуда, оқушыларды қазіргі өндірістегі еңбекке дайындауда маңызды рөл атқарады. Түрлі технологиялық үрдістердің, приборлар мен машиналардың жұмыс істеу ұстанымдарының негізінде жатқан физикалық құбылыстар мен заңдарды графиктік бейнелеу бүгінде кең тарап отыр. Демек, физиканы меңгеру кезінде графиктерді оқып, түсіне білудің қажеттілігі айқын.

Физиканы оқыту барысында компьютерді қолдану графиктік бейнелеуді тиімді пайдалану үшін зор мүмкіндіктер тудырады.

Қағаздағы графиктік бейнелеулерден, оқу диафильмдері мен кинофильмдерінен ерекшелігі сол, компьютер қарастырылып отырған құбылыстар мен шамаларының кез-келген мәндері үшін байланыстардың графиктерін бір сәтте сала алады. Графиктерді өзгертуге, бірнеше графиктерді оларды салыстырып талдау үшін біріктіруге, графиктегі үрдістің жекелеген сипаттамаларын өлшеп, есептеуге және т.с.с. әрқашан мүмкіндік бар.

Сонымен, компьютерлік технологияны қолданған жағдайда физиканы, оқытудағы графиктік әдістердің дидактикалық мүмкіндігі артады, оқушылардың ойлану қабілетін дамытудың жаңа мүмкіндіктері пайда болады, физиканы үйренуге деген ықылас пен танымдық әрекет күшейеді.

Эксперименттің нәтижелері компьютерлік технологияны физика сабағында қолданған жағдайда студенттерге дидактикалық заңдар мен құбылыстарды талдауға және олардың мәнін түсінуге неғұрлым жан-жақты тұрғыдан келетінін көрсетті. Оқушылардың көпшілігі біртіндеп пәнге қызығушылық білдіреді, физикалық заңдылықтар мен есептердің анағұрлым тиянақты меңгерілгені байқалды.

Соңғы кездері компьютерді оқу үрдісінде пайдалану бағытында жүргізілген еңбектерді талдау, мектептегі физика пәнін оқытуда компьютерлік технологияны пайдаланудың тиімді жолдары анықталмағанын көрсетті. Бұл мәселе жөнінде педагогика ғылымында бір пікір жоқ. Көптеген ғылыми еңбектерде компьютерді қолдану жағына көп көңіл бөлінген, ал бірақ сол арқылы оқушылардың іскерлік қабілетін, танымдық белсенділігін арттыру жағына жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбеген. Компьютерді параметрлерін өзгерту мен тавдап алу арқылы физикалық процестерді сипаттау және бақылау құралы ретінде пайдалану, оны оқу үрдісіне енгізудің өте өзекті де маңызды бағыты. Бұл, бір жағынан, практикалық сабақтардың компьютерді пайдалану арқылы жаңа түрлерін жасауға, сөйтіп оқушыларда оны қазіргі зерттеу әрекеттеріне тән "лабораториялық интерфейс" ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Компьютер студенттердің қолын әуресі мол жұмыстардан босатады. Оның көмегімен есептеулер жасауға, ақпаратты жазып алып, оны сақтап қоюға эксперимент нәтижелерін өздеп, графиктер құруға болады. Студенттер жұмысы жеңілдеп, ол маңызды мәселеге ұзағырақ ой бойлатуға мүмкіндік алады. Мұның өзі оның жұмысын қызғылықты ете түседі. Дерексіз ұғымдарды және динамикалық құбылыстарды адамның көз алдына келтіру мүмкіндігі физиканы оқытудағы аса мәнді мәселе болып табылады [126,127,128]. Мәселен, монитор экранынан маятник қозғалысы мен жылдамдық векторының өзгеруін бір мезгілде бақылауға немесе Жердің Күнді айналып қозғалуын көрсетуге болады. Компьютердің көмегімен ой эксперименттерін жүргізе аламыз. Мұндай жұмыс мектепте оқушылар үшін физиканы терендетіп оқыту кезінде өте пайдалы. Мәселен, олар бұл кезде: "Егер табиғаттың бұл заңы басқа сипатта көрінсе, онда не болар еді?"-деген сұрақ қоюға ғана емес, мұндай жағдайда не болатынын монитор экранынан көруге де мүмкіндік

алады. Компьютерді нақты эксперименттер жүргізуге пайдаланғанда, тың мүмкіндіктер пайда болады. Арнайы жасалған эксперименттік қондырғылар стандартты есікшілер немесе кеңейту тетіктері арқылы компьютерге қосылады. Қондырғыда алынған эксперименттік нәтижелер компьютерге беріледі. Бұл мәліметтерді өздеуге, талдауға және сақтау үшін жазып алуға болады. "Компьютер-эксперименттік қондырғы" кері байланысы бар болған жағдайда экспериментті компьютерден басқаруға, оны автоматтандыруға болады. Мұндай жұмыс барлық шәкірттер үшін қызғылықты, ал болашақ техникалық мамандық студенттері үшін айрықша маңызды. Осы заманғы кәсіби қазақ тілі эксперименттерде компьютер көмегіне сүйену барған сайын жиі ұшырасуда. Компьютерлік эксперимент қондырғыларымен жұмыс істеп болашақ мамандардың кәсіби әзірлігін шындай түседі.

Модельдік экспериментпен істелетін жұмыстардың артықшылығы да, кемшіліктері де бар. Модельдік экспериментті компьютер арқылы жүргізу нақты экспериментке қарағанда анағұрлым қарапайым әрі оны әзірлеу үшін уақыт та аз жұмсалады. Нақты экспериментте іске асуы өте қиын немесе тіпті мүмкін емес болып келетін кейбір нәрселерді модельдік эксперимент арқылы жасауға болады. Мәселен, көптеген эксперименттерде үйкеліс әсерін азайтуға орасан көп күш шығындау керек, ал модельдік экспериментке бұл үшін моделді сипаттаушы дифференциалдық теңдеудің тиісті мүшесін нөлге келтіру жеткілікті. Кәсіби қазақ тілі практикадағы көптеген маңызды эксперименттерді оқу жағдайында өткізу мүлде мүмкін емес. Мұны, мәселен, эксперименттері жөнінде айтуға болады. Оқушылардың мұндай эксперимент жөнінде кітаптан оқуға, дәрісте естуге, кинодан көруге мүмкіндігі бар, бірақ олар бұл материалмен сабақ үстінде жұмыс істей алмайды. Мұндай модельдік эксперименттері бар бағдарламалар бойынша белсенді түрде зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады.

Мұғалімнің оқу әрекетінің өте маңызды бөліктерін өз бақылауына алуға көбіне мүмкіндігі бола бермейтіні дәстүрлі оқыту әдістемесінің елеулі кемшіліктерінің бірі болып табылады. Сонымен жұмыс істеу кезінде оқушылардың әрбір орындаған барлық тапсырмалардың шешімінің дұрыстығын тексеруге оның іс жүзінде мүмкіндігі болмайды. Уақытында түзетілмеген қателіктер жалған түсініктер мен әрекеттің бұрыс тәсілдерін күшейтуге әкелетіні белгілі. Компьютерлік технология барлық жауаптарды тексеріп, қатені анықтауға ғана емес, сондай-ақ оның сипатын айқындауға мүмкіндік береді, бұл қатенің пайда болуына түрткі болған себепті уақытында түзеуге көмектеседі. Компьютерлік технологияның бұл мүмкіндіктері оқушылардың танымдық белсенділігінің дамуына тікелей әсер етеді.

Өзіміз білетіндей, оқу үрдісінің тиімділігін арттырып, оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуды қамтамасыз ететін құралдың бірі оқытуды көрнекі түрде жүргізу болып табылады. Дидактиканың осы басты ұстанымын жүзеге асыру, ең алдымен, оқушыларда зерттелетін объект туралы сезімдік түсінік қалыптастыруды көздейді.

Қазіргі компьютермен кеңінен жабдықтау көптеген мектеп пәндерін, оның ішінде физиканы оқыту кезінде оқу ақпаратының көрініп, бейнеленуі үшін үлкен мүмкіндіктер ашады.

Мұғалім компьютерді қазақ тілі сабақтарында құбылыстар мен процестер механизмінің арасындағы байланыстарды көрнекі түрде беру үшін бірегей құрал ретінде пайдаланады. Компьютер физиканы оқытудың бір құралы ретінде көрнекілікті арттыруға көмектесіп, сол арқылы оқушылардың танымдық іс-әрекетін күшейтуге ықпал етеді. Компьютерді тиімді пайдалану үшін қолда бар бағдарламаларды қолданып, түзету ғана емес, сондай-ақ әрбір сабақтың мақсаттарына сай келетін, алдын ала ойластырылған сценарийлер бойынша жасалған бағдарламаларды құрастыру маңызды, олардың мысалдары төменде қарастырылған.

Компьютерлік технологияны пайдаланып физикалық құбылыстарды модельдеуді қарастырайық. Теориялық бөлімінде компьютерлік технологияны оқу үрдісінде орындалуы қиын эксперименттерді модельдеу үшін пайдалану дидактикалық жағынан ұтымды болатыны атап өтілген еді. Бірнеше мысалдарды қарастырайық. Физиканы оқыту барысында компьютерді сабақтың түрлі кезевдерінде: жаңа материалды меңгеру, өткенді қайталау кезінде, лабораториялық жұмыстарды дайындап, өткізуде және практикумда пайдалануға болатынын атап өткен жөн. Физиканың мектептік курсының жаңа материалын баяндау кезінде компьютерді қолдану мүмкіндігін айтып өтейік.

Бағдарлама графикті салу кезінде түс барынша көп пайдаланылатындай етіп орындалады, өйткені түс графикті салу үрдісінің көрнекілігін арттыратын негізгі фактор. Айталық, диалог күлгін түспен, координат осьтері-қызыл, ал график-жасыл түспен жазылады.

Бағдарламаны компьютерге енгізіп, оны қосқан соң, оқушылар машинаға бастапқы мәліметтерді енгізу қажет. Бұл үшін уақыт пен жылдамдықтың мәндерін енгізу керек.

Студенттер бағдарламамен өз бетінше жұмыс істеу кезінде әдетте уақыт пен жылдамдықтың тек бір ғана мәнін таңдайды. Сондықтан компьютермен жұмыс істеу кезінде мұғалім назарын түрлі графиктерді салу үшін жылдамдықтың әр түрлі мәндерін тавдап алу ұтымды болатынына аударуы тиіс. мысалы, алгоритмдік үлгі бойынша орындалған тапсырма өзіндік жұмысқа төменгі дәрежедегі дайындықты, ал шығармашылық сипаттағы тапсырмалар белсенділіктің жоғары дәрежесін талап етеді.

Танымдық белсенділігі төмен студенттердің білімдерінің төмен екендігін көрсетті: олар игерілетін материалдың негізгі мәнін ашып бере алмайды, логикалық байланысты таба алмайды. Бұндай оқушылар зандар мен заңдылықтарды формальды түрде игереді, өз білімін тәжірибеде қолдана алмайды.

Оқу-танымдық белсенділіктің орта деңгейі қалыптасқан студенттер жалпы заңдылықты игеруге және қорытындылауға біраз қабілеті бола тұра, тақырып мазмұнының негізгі өзегін ашып бере

алмайды.

Қалыптасудың жоғары деңгейіне ие болған студенттер қорытындылауда жоғары дәрежеге жетеді. Әр түрлі тапсырмаларды орындауда, теориялық материалды игеруде белсенділік пен ынталылық танытады. Осыған байланысты берілген тапсырмалар әр түрлі болып келеді. Студенттер білім, білік және дағдылар қалыптасуының деңгейін ескере отырып, компьютерлік технологияның көмегімен шешуге болатын тапсырмалар құрастыру және бағдарламалық кешендер жасау олардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға, өрқайсысының шығармашылық бастамасын дамытуға себеп болды. Әсіресе компьютер арқылы орындалатын эксперименттерді оқу үрдісінде пайдаланған танымдық белсенділігі артатыны белгілі болды. Одан шығатын қорытынды дидактикалық үрдістердің ішінде алдымен белсенділік үрдісі, сонан кейін көрнекілік үрдісі жүзеге асатыны айқындалды. Педагогикалық эксперимент кезінде оқушылардың оқу материалын компьютерлік технологияның көмегімен меңгерткенде олардың білім, білік, дағдысына ықпалы білінді. Сондықтан компьютерді қолдану арқылы өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалардың жинағы оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың неғұрлым тиімді әдісі болып табылады.

Эксперимент жұмыстарын қорытындылай келе, танымдық белсенділікті қалыптастыру мәселесі кешенді сипатта, сатылы, түрде дамып отыру қажет, әрбір оқушының танымдық әрекеті мен шығармашылығы, белсенділігі, ізденімпаздығы қоғамдағы ғылыми-техникалық және әлеуметтік экономикалық үрдістерді қалыптастырып дамуының факторы болып табылатынын баса айтқымыз келеді.

Эксперимент қорытындысында алынған нәтижелер және оларды талдау төмендегіше қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

- студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастыру тек айқын мақсатты арнайы ұйымдастырылған жұмыстардың нәтижесінде ғана мүмкін болады;
- компьютерлік технология және бағдарламалық құралдармен қамтамасыз етуді жетілдіру қажеттілігі туындайды;
- ұсынылған әдістеме студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын жетілдіреді, оларды әлеуметтік-экономикалық дамуымыздың қазіргі жағдайында өмір сүріп, еңбек етуге бейімдейді.

Техникалық мамандық студенттерінің қазақ тілін оқытуда дағдылары қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негізі жасалып, білім сапасын жетілдіруде дидактикалық, әдістемелік дәлелдемелер келтірілді.

Студенттермен жүргізілген қалыптастыру экспериментінің нәтижесі мынандай болды. Бақылау сыныбын эксперимент тобымен салыстырғанда жоғары деңгейі 47 % , орташа деңгейі 34.8 %, төменгі деңгейі 18.2 % болса, эксперимент тобының жоғары деңгейі 54.6 % , төменгі деңгейі 2 % , орташа деңгейі 43.4 %-ке өзгерген, эксперименттік сыныбындағы жоғары деңгейдің өскенін, төменгі деңгейдің едәуір кемігенін көруге болады.

Қалыптастыру эксперименті барысында эксперименттен кейінгі көрсеткіштер мен экспериментке дейінгі көрсеткіштерді салыстыру нәтижесінде, эксперимент жұмысы техникалық мамандық студенттерінің білім сапасы арттыруға тиімді ықпал етті деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты - компьютерлік технологияны пайдаланып оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың двдактикалық шарттарын табу болды. Бұл үшін жоғарыдағы компьютерлік технологияның педагогикалық мүмкіндіктері мен педагогикалық мақсаттарын ұстана отырып, арнаулы компьютерлік бағдарламалар пакеті дайындалды.

Танымдық белсенділігі төмен оқушылар білімдерінің төмен екендігін көрсетті: олар игерілетін материалдың негізгі мәнін ашып, логикалық байланысты таба алмайды. Танымдық белсенділіктің орта деңгейі қалыптасқан студенттер тақырып мазмұнын толық жеткілікті аша алмады. Ал, жоғары деңгейдегі студенттер сабақтың мазмұнын теориялық және практикалық тұрғыда толық меңгергенін көрсетті.

Қалыптастыру эксперименті барысында студенттердің білім, білік және дағдыларының қалыптасуының деңгейін ескере отырып, компьютерлік технологияның көмегімен шешуге болатын тапсырмаларды құрастыру, проблемалық оқыту әдісін, оқытудың белсенді әдістерін және бағдарламалық құралдар пакетін қолдану олардың танымдық белсенділігін арттыруға, әрқайсысының шығармашылық бастамасын дамытуға себеп болды. Педагогикалық эксперимент кезінде техникалық мамандық студенттердің оқу материалын компьютерлік технологияның көмегімен меңгеруінің тиімділігі олардың білім, білік, дағдыларының қалыптасуынан көрінді. Сондықтан компьютерді қолдану арқылы өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалардың жинағы, проблемалық оқыту, оқытудың белсенді әдістері және бағдарламалық пакеттерді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың неғұрлым тиімді әдісі болып табы ер мен экспериментке дейінгі Жоғарыда келтірілген зерттеулер нәтижесі жалпы білім беретін мектептеріндегі оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыруға септігін тигізетін оқу үрдісін ұйымдастырудың

тәсілдерін, формаларын, нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді. Мектептерде оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың арнайы әдістемесі жасалынып, нәтижелері, қорытындылары әдістемелік бірлестіктерде, педагогикалық кеңес, жиналыстарда талқыланды. Дәстүрлі емес, шығармашылық сипаттағы сабақтар, сабақтан тыс шаралар өткізілді. Осыған байланысты біз оқушылар өз бетінше компьютерлік технология көмегімен орындауға арналған физиканың негізгі бөлімін қамтитын тапсырмалар (Бейсик тілінде 50 бағдарламалар жүйесі) мен бағдарламалық құралдар жасадық. Айта кетерлік бір жайт, оқу үрдісінде компьютерлік технологияның мүмкіндігін қолдану жеткілікті дәрежеде дайындығы бар оқушымен ғана емес, қабылдау, ойлау, оқуға және берілген мәліметті қайта жаңғыртуға қабілеті әр түрлі оқушылармен жұмыс жүргізуге мүмкіндік берді. Бұл кезде оқушының белсенділігін дамытудың қажетті шарты-оқу үрдісін дараландыру. Жеке ұжымдық оқыту формаларын қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру ұсынылып, мұғалімдер мен ата-аналар тарапынан мақұлданды.

Нәтижесінде мұғалімдердің барлығы дерлік аталған әдістемені қажет деп тапты. Мұғалімдердің берген жауаптары осы бағдарламаның тиімділігін көрсетті.

Мұғалімдер оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың әдістемесі, жүзеге асыру жолдары мен нысандарын, оқу үрдісіне енгізудің мүмкіндіктері, танымдық белсенділік ұғымының мәні мазмұны жөнінде мағлұматтар алды. Танымдық белсенділік - оқу үрдісіндегі жетістікке жетудің негізгі талабы ретінде қаралды.

Эксперименттік мектептегі мұғалімдер сабақ өткізу барысында әдістемелік құрал мен арнайы әзірленген бағдарламасын басқа да мектептің пән мұғалімдері біліктілігін, кәсіби шеберлігін арттыру үшін пайдалануға болады деген пікірлер айтты. Мектепаралық семинар ұйымдастыру жоспарланды.

Мектептерде танымдық белсенділікті қалыптастыру әдістемесі бойынша шығармашылық сипаттағы сабақтар өткізілді, сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды. Тәжірибелі мұғалімдер көмегімен ашық сабақтар жүргізілді. Бұл жұмыстарға экспериментімізге қатысқан барлық ауыл мектептері мен қала мектептері қамтылды.

Жоғарыдағы келтірілген педагогикалық әдіс-тәсілдерді ұйымдастыру және педагогикалық іс-шаралар (сынып сағаттары, сайыстар, диспут, танымдық тапсырмалар) ұйымдастырылуы оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырып, дүниетанымын кеңейтеді, білімі мен қабілетін шыңдауға мүмкіндік

алады, алған білімдерін практикада еркін пайдалануға т.б. дағдыланады.

Ұснылып отырған әдістеменің тиімділігі оқушылардың білім, іскерлік, білік, дағды, танымдық белсенділік деңгейлері әр түрлі әдістер арқылы тексеріліп, қорытындыланып отырды. қалыптастыру мәселесі бойынша жүргізілген педагогикалық оқу-танымдық әрекеттер мен шараларды ұйымдастыру әрекеттеріне жүргізілген эксперименттің нәтижелерін сараптап бағалау, қорытындылау негізінде төмендегідей көрсеткіштер анықталынды.

Аталған барлық бағыттарды зерттеу негізінде оқушылардың төмендегідей дағдылары талданды:

- оқу әдебиетімен жұмыс істеу;
- әдістемелік құралдар мен практикалық есептерді шығару жөніндегі ұсыныстарды сауатты пайдалану;
- танымдық іс-әрекет үшін көрнекі құралдарды пайдалану;
- лабораториялық базаны пайдалану;
- түрлі анықтамалық әдебиеттерден қажетті ақпаратты ала білу.

Жүргізілген зерттеудің нәтижесінде біз мынаны анықтауға қол жеткіздік.

Осы жағдай тапсырмалар орындау кезінде де байқалады. Әдістемелік құралдар мен ұсыныстардың жиынтығын оқушылардың барлығы бірдей пайдаланбайды. Бұл ішінара әдістемелік жұмыстардың аздығымен

Қазақ тілін оқып-үйретуде компьютерлік технологияның пайдаланудың жаңа амалдарын жүзеге асыру оқушылардың түсіндіріледі, бірақ бұған есептерді шығарудың негізгі дағдыларын машықтандыруға арналған жаттығулардың жетіспеуі көбірек әсер етеді. Көптеген әдістемелік құралдардың көзге елестету және реконструктивті-вариативтік сипаттағы есептермен шектелуі де оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға ықпал етпейді. Ішінара-іздену және зерттеу сипатындағы есептердің санын көбейту табысқа жеткізбейді, өйткені оқушылардың танымдық әрекетін ынталандырудың дәстүрлі әдістері енді жеткілікті нәтиже бермейді.

Бірақ оқытудың қолда бар техниканың құралдары динамикалық үрдістерді бақылауға мүмкіндік бергенмен, олардың құбылыстың барысына (жүйенің параметрлерін өзгертуге) ықпал жасау мүмкіндігінің шектеулілігі оқушылардың танымдық белсенділігін елестету деңгейінен зерттеу деңгейіне дейін дамытуда тежеулі фактор болып табылады. Компьютерлік оқытудың елеулі әсері оқу үрдісін мотивациялау мен жекелеуде ғана байқалды.

Лабораториялық базамен жұмыс істеу студенттер арасында неғұрлым табысқа ие. Бірақ дәстүрлі лабораториялық қондырғылармен жұмыс істеу

эксперименттің нәтижелерін күнібұрын көре білудың қиындығымен, күрделі модельдерді құру кезіндегі талдау жасаудың ауырлығымен тежеліп отыр. Басқаша айтқанда, оқушылар алдын-ала сандық экспериментті жүргізіп, жорамалды тәжірибе жүзінде одан әрі тексеру кезінде қатты қиналады. Оқушылардың әрекеті түрлі анықтамалық ақпаратпен жұмыс істеу кезінде неғұрлым өнімсіз болып табылады

Сонымен, жоғарыда аталған дербес жұмыстарды жүргізу кезінде оқушыларда пайда болатын қиындықтарды анықтай отырып, біз оқушылардың танымдық белсенділігін күшейту үшін компьютерлік технологияның барлық мүмкіндігін және педагогикалық бағдарламалық құралдарды пайдаланудың ұтымдылығына келдік. Эксперименттің қалыптастыру кезеңі

шығармашылық қабілеттері мен логикалық ойлауын дамытуға елеулі әсер ететініне, сондай-ақ оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырып, ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын қалыптастыратынына көз жеткізді.

Эксперимент кезінде демонстрациялық тәжірибелер, лабораториялық жұмыстар, практикумдар, үйде орындалатын тапсырмалар мен виртуальды эксперименттерге арналған оқу құралдары жасалып, оқу үрдісіне енгізілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ғылыми-техникалық прогресс еліміздің материалдық-техникалық базасын жасау құралы болуымен қатар, қоғамның әлеуметтік дамуын жеделдетуге ықпал етті. Ол өндірістік техника мен технологияны жаңартып, материалдық игіліктер молшылығын жасаудың негізінде адамдардың интеллектуалдық байлығын арттырып, танымдық белсенділік қабілетінің дамуына мүмкіндік жасайды.

Ендеше, техникалық мамандық студенттердің дүниетанымын кеңейтудің, олардың белсенділік қабілеті мен біліктерін жетілдірудің қоғамдық мәні зор деген сөз.

Студенттердің қазақ тілі пәніне қызығушылығын арттыруда мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастырудың, мәселелік жағдайларды жасау мен шешудің, компьютерлік бағдарламалық құралдарды пайдаланудың, пән бойынша танымдық міндеттерді кеңінен пайдаланудың, оқу үрдісінде оқушылардың ғылыми ізденістерін ұйымдастырудың, оқып-үйрену барысында техникалық оқу құралдарын, компьютерлік ойындарын және т.б. кеңінен қолданудың маңызы ерекше зор. Осыдан келіп оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруды арнайы ұйымдастыру - оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады. Оны жүзеге асыру жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыруға септігін тигізетін оқу үрдісін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Танымдық белсенділіктің дамыту тарихи және әлеуметтік түп тамыры бар болғанымен, заман ағымы, уақыт талабы бұл мәселені шешуді, оны зерттеудің жаңа сатысына көтерілуді талап етеді.

Қазақ тіліне қызығушылығын арттыру өзекті мәселелердің бірі болуы тиіс, себебі, қоғам мүшелерінің білімдарлығы, түрлі жағдайларға бағдарлануы, алдына қойған міндеттерді шешудің қолайлы тәсілдерін таңдай білуі көбінесе олардың дайындығына байланысты болады. Сондай-ақ жеке тұлға факторын күшейту, қоғамның баға жетпес құндылығы ретіндегі адамға бет бұру қажеттілігіне байланысты.

Зерттеу барысында қол жеткен нәтижелер бізге төмендегідей **қорытындылар** жасауға мүмкіндік берді:

Сонымен, мәселені теориялық тұрғыда зерттеу нәтижесі мен тәжірибелік-эксперимент жұмысы бізге мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: 1.

Ақпараттық коммуникациялық технологияның педагогикалық мүмкіндіктерін және оны пайдаланудың педагогикалық мақсаттарын дәл айқындау негізінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру – танымдық белсенділіктің барлық компоненттерін қамтитын, бүтіндей жүйе құрайтын тиімді оқу үрдісін ұйымдастырудың қажетті шарты болып табылады.

2. Ақпараттық технологияны зерттеуші ғалымдардың және біздің зерттеуіміз компьютерлік технологияны пайдаланудың педагогикалық мақсаттарын айқындау білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі және оқу үрдісіне компьютерлік технологияны тиімді пайдаланудың басты шарты екенін көрсетеді.

4. Компьютерлік технологияның көпфункционалды бағдарламалық-аппараттық мүмкіндіктері: виртуальды лабораториялар, компьютерлік бағдарламалық пакеттер, интернет жүйесі, мультимедиа және т.б. оқушының танымдық белсендігін арттырады, шығармашылық ізденіске баулиды.

5. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы студенттердің қазақ тілін оқытуды арттырудың әдістері мен тәсілдерін анықтау үшін оның компоненттерінің қалыптасу деңгейлерінің көрсеткіштерін және сипаттамасын анықтау қажет.

6. Компьютерлік технологияны пайдаланып техникалық мамандық студенттерін пәнге деген арттыру мәселесінің теориялық және практикалық негіздемесін жасаудың негізі дидактикалық шарттарды анықтау болып табылады.

7. Оқыту үрдісінде компьютерлік бағдарламалық құралдарды, проблемалық сұрақтар жүйесін, компьютерді пайдаланып атқарылатын өзіндік жұмыстарды пайдалану техникалық мамандық студенттерінің танымдық белсенділігінің жоғары деңгейін және білім сапасын арттыруды қамтамасыз етеді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесі бойынша, кезеңнен-кезеңге өту барысында бақылауға арналған сыныптардан гөрі сыныптарда деңгейі жылдам әрі қарқынды дамиды.

Зерттеулерімізде студенттердің білім сапалары да назарымыздан сырт қалған жоқ.

Біздің жүйелі жүргізілген эксперимент жұмыстарымыз нәтижесінде оқушылардың өз бетімен білім көтеретіндер саны 15%-ке өсті, үнемі сабаққа дайындалатындар 8%-ке, негізгіні бөліп көрсетушілік, өздерінің іс-әрекеттеріне мақсат қоюшылар саны артты, қосымша әдебиеттерді пайдалануы, білімін көтеруді саналылықпен түсінушілік, жауапкершіліктері, мамандық тавдауға қызығушылығы, өздерінің, сыныптастарының шығармашылық жұмыстарын талдау, бағалау, тұжырым жасауға деген ынта, педагогикалық жағдаяттарда жол таба білу сияқты қасиеттер пайда болды.

Осы заманғы жеке қолданыстағы компьютерлер туғызып отырған техникалық мүмкіншіліктер содан кейінгі кезевде қысқа мерзімде жұмыс нәтижелерін кестелерлер түрінде дисплей экранына шығарып, мұқият қаттап беруге жол ашқан.

Дидактикалық циклдың келесі кезеңі - кері байланыс орнатып, оқу

материалының меңгерілуін бақылауға алу, қажет болған кездерде түзету әсерлерін жасау. Бұл функцияларды, яғни оқу іс-әрекетін басқару компьютерді оқыту құралы ретінде қолданудың мәнді белгісі болып табылады. Осы соңғы мәселеге және одан да бұрынғы сұрақтарға жауап қайтару үстіндегі оқушының әрекетінің сипаты жөніндегі кері байланыс негізінде компьютер нақты бір шәкірттің моделін жасайды. Оқытудың осы тәсіл арқылы қол жеткізілетін даралануы компьютерді оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында дербес жұмыс үрдісінде пайдалануға мүмкіндік береді [23]. Енді оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін қандай дидактикалық мүмкіндіктер ашылатындығын қарастырып көрейік. Біз осының алдында компьютерлік технологияның көмегімен проблемалық жағдайлар туғызу жолымен шәкірттердің танымдық әрекеттеріндегі мотивацияны қамтамасыз етуге, сондай-ақ оны күшейтуге байланысты мүмкіндіктерді анықтаған едік. Алайда мотивацияны арттырудың ұнамды дәлелдемелері зая кетпеуі үшін, шәкірттердің оқудағы жұмысын пайда болған танымдық қажеттілікті өтеуді қамтамасыз ете алатындай деңгейде ұйымдастыру қажет. Олай болмаған жағдайда, яғни оқушы өзін қызықтырған есепті шешудің жолдарын таба алмай қиналса, оң дәлелдер жоғалып, тіпті теріс бағытқа да бұрылып кетуі мүмкін.

Егер студент тапсырманы орындау үрдісінде өзінің потенциалдық мүмкіндіктерін жүзеге асыра алмаса, жаңағы теріс құбылыс тағы да орын алуы мүмкін. Бұл жағдайда ақыл-ой ширығуын қажет етпейтін есептер шығаруды оқушы бәлендей үлкен табыс деп танымайды. "Адамның үнжырғасын сәтсіздіктен артық ештеңе түсіре алмайтыны, оны табыстан артық ештеңе де желпінте алмайтыны" [21] белгілі жайт. Қажет уақытында көрсетілген көмек оқушыларға сәтсіздік сезімінен құтқарады. Оқу әрекетіне мотивациялық дәлелдемесінің төменгі деңгейде болуының себебі оқи, үйрене және өзінің оқу қызметін ұйымдастыра алмаудан туындап отыратыны да жасырын емес. Міне, сондықтан, Е.И.Машбицтың пікірі бойынша [2], оқыту бағдарламалары әрбір оқушыға оның еркіндігін сыйлайтындай деңгейде көмек бере, әрі оның әрекет бостандығына жол бере отырып, өз күшін сынап көруге мүмкіндік туғызуға тиіс. Оқушы

Компьютерлік технологияны оқытуда қолдану қоғамды ақпараттандырудың жалпы принциптеріне сай білім беруді сапалы түрде өзгертеді. Бұл жағдайда білім беру технологиясы ретінде оқу бағдарламасындағы оқыту мазмұнын жүзеге асыру әдісі болып табылады. Бұл әдіс қойылған дидактикалық мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін оқытудың формалары, әдіс-тәсілдері мен құралдарының жүйесі болып табылады. Ақпараттық-есептеу техникасы мен компьютерлік жүйелер құралдарын қолдану арқылы жүзеге асатын білім берудің технологиясы білім берудің ақпараттық және коммуникациялық технологиясы деп аталады.

Білім берудің компьютерлік технологиясын қолдануды кеңейту мен

дамытумен оқыту тиімділігін арттыру үміті тығыз байланыста.

Оқытудың компьютерлік әдіс-тәсілдерінің тиімділігінің бағасы әдетте дәстүрлі әдіс-тәсілдерді инновациялық әдістермен салыстыру арқылы беріледі. Оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдері пәндік білімнің жеткілікті түрде игерілуін қамтамасыз етуге ұмтылады. Ал инновациялық әдіс-тәсіл орынға оқыту үрдісінде әр оқушының әртүрлі жеке ойлау формасын дамытуды қояды.

Егер дәстүрлі оқытудың негізгі формасы имитация, үлгілерді көшіру болса, онда инновациялық оқыту әр оқушының жеке тәжірибесін көкейкестілігіне септігін тигізетін өзара іс-қимылдардың көптігі болып табылады.

Жоғарыда сипатталған мультимедиялық және гипермедиялық технологиялары оқушының сезіну қасиетін көбірек стимуляция жасау арқылы оқыту тиімділігін көтеруге мүмкіндік береді.

Білімге мультимедиа құралдарын енгізу тың мүмкіншіліктер туғызады. Қашықтықтан оқыту, мультимедиа құрамдарының дамуы оқушыны сапалы білім алуын, олардың танымдық белсенділігін арттырады. Арнайы бағдарламалар арқылы, мысалы, Родуег Роіпі арқылы оқушылар мен студенттердің пәнге деген қызығушылығын туғызуға болады, яғни түрлі фотосуреттер көрсетіп, қосымша материалдар үшін интернетке сілтеме жасайды.

Теллекоммуникациялық құралдарын пайдалану оқу үрдісінде жаңа құбылыс болып табылады. Компьютерлік теллекоммуникациялардың осы заманғы жүйесі физика бойынша өткізілетін, әр аймақ оқушылары қатыса алатын оқу жобаларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бұл жағдайда компьютермен жұмыс істей отырып, өзі ұнатқан кез-келген есепті толық шығаруға мүмкіндік алады.

Бұл мақсатқа түзету әсерлерін қолдана отырып, тіпті шешімнің кейбір үзіктері мен ең дұрыс "тұйық" жолдарын талқылау үстінде қол жеткізуге болады. Дей тұрғанмен, оқушылардың танымдық қызметін реттеу тек қателерді жою немесе олардың алдын алу жұмысына ғана әкеп тіремеуге тиіс. Жіберілген қатенің педагогикалық салдарларын мотивациялық дәйектемелердің теріс факторларына жатқызып, біржақты түсіндіруге болмайды. Көптеген қателіктер оқушылардың шығармашылық потенциалын дамытып, білімдердің, біліктер мен дағдылардың, сондай-ақ оқуға деген ынтаның қалыптасуына оң әсерін тигізеді [28,31].

Оқушыларды ойын ситуациясына кіргізу олардың мотивациясын арттырудың қосымша құралы болып табылады.

Компьютердің көмегімен дидактикалық ойындар жүргізу мәселелері көптеген авторлардың зерттеу жұмыстарында сөз болады. Оларда жарыс сипатындағы ойындарды, кәсіптік тұрғыда және де басқаша жүргізудің әдістері қарастырылған. Мотивацияны арттырудың қайнар көзі ретінде ерекше мәнді қызғылықтылық мәселесіне келсек, компьютердің мұндағы мүмкіндіктерін шын мәнінде шексіз дей аламыз.

Бүгінде айрықша көкейкесті мәнге ие болып отырған міндеттің өзі осы

қызғылықтылық факторының компьютерді пайдалану үрдісінде тым басым күбылысқа айналып кетпеуін көздейді.

Оқуға деген мотивацияны арттырумен қатар компьютер оқыту құралы ретінде оқушылардың танымдық белсенділігінің амалдық жақтарын қалыптастыруға да зор мүмкіндіктер ашады. Біріншіден, компьютер әр оқушыға бір қызмет түрін меңгеру кезінде оны орындаудың нормативтік әдісін өз әдісімен салыстырып отыруға жағдай туғызады. Екіншіден, компьютер кез-келген әрекеттің нәтижелерін көрнекілікпен көрсетіп, оның орындалу шарттарын нақты аңғартады (мәселен, оның жұмыс режимін қамтамасыз ететіндігін есептеп береді). Үшіншіден, компьютер оқыту құралы ретінде оқу материалын әр түрлі жағдайда қолдану әдістеріне үлкен өзгерістер енгізеді және оқушылардың негізгі әрекеттерін қайта құрады. Мәселен, шешімді іздеу не болмаса алынған нәтиженің дұрыстығын бақылау кезінде компьютер оқушылардың әрекетіне өзгерістер енгізеді. Компьютерді оқу үрдісінде пайдаланудың мұнан өзге де оң әсерлері аз емес. Мәселен, оның меңгерілмек оқу пәніндегі тірек ұғымдарды қалыптастыруға тигізер ықпалы мол. Мысалы, көптеген ғалымдардың зерттеулерінде [119,120,121] жалпы физика курсында дербес - компьютерлік сабақтар ұйымдастыру оқушылардың бойында физикалық ұғымдардың қалыптасуы мен дамуына жәрдем ететші, ал мұның өзі дәстүрлі әдістемеге қарағанда білім деңгейін биіктете түсетіні сөз болады.

Сонымен, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін жоғарыда көрсетілген дидактикалық шарттардың бәрі орындалуы тиіс екенін, сондай-ақ өз бетімен дайындық кезінде компьютерді пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері бар екендігін аңғарттық.

Жаңа ақпараттық технология базасында қашықтықтан оқытудың әр түрлі өдістері қолданылады: интерактивті телевидение, телекоммуникация, СБ-КОМ технологаясы, оқу радиосы.

Қашықтықтан оқыту жаңа технология базасына сүйенеді және сырттай білім алуда жинақталған бүкіл тәжірибені қолданады. Қашықтықтан оқыту оқушыдан жоғары мотивация мен танымдық біліктілікті талап етеді. Сонымен қатар тәртіптілік, мәселені шешуге бағыттылық өзіндік қабілеттерін телебайланыста көрсете алуын талап етеді. Жүйелері мен бағдарламаларының интерактивті мүмкіндіктері кері байланысты жөнге салып, белсенділігін арттыруға, дәстүрлі оқыту жүйелерінің көбінде орындалмайтын диалог пен тұрақты көмекті де іске асыруға мүмкіндік берді.

Қашықтықтан оқыту дүние жүзі бойынша кең тараған білім. Бірақ педагогикалық категория түрінде педагогикалық ғылымда қаралмаған. Біздің міндетіміз оның маңызын ашып көрсету.

Әдебиеттерге [94,95,96,97,98] талдау жасай отырып біз қашықтықтан оқыту анықтамасына үш бөліктің кіретінін көреміз: ашық түрде оқыту, компьютерлік оқыту және коммуникациялық компьютерлік жүйе (интернет). Б

ұларға өте күшті танымдық мотивация тән, сол себепті қашықтықтан оқыту ХХІ ғасырдың технологиялық оқытуы болып табылады. Мотивацияны дамытумен қатар компьютер оқыту құралы ретінде оқушылардың танымдық белсенділігінің мазмұндық-амалдық және процессуалдық-еріктік жағын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқытудың бұл түрін ХХІ ғасырдың мамандарын дайындау жүйесі деп атауға болады.

Мамандардың пікірінше, оқытудың бағдарламасында компьютерлік графиканы қолдану шығармашылық жеке адамды тәрбиелеуді жүзеге асырады.

Жаңа әдістерді гипертехнология, мультимедиа, телематикалық жүйелер, сияқты жаңа технологиялар көмегімен оқыту тәсілдерін өрістетуге жаңа формалы интерактивтілік ұстанымдарын іске асырудың бірден-бір жолдары болып саналады. "Интерактивті өзара байланыс" термині отандық және шет елдік педагогикалық әдебиеттерде кең қолданылады. Сөздің тар мағынасында "интерактивті өзара байланыс"- бұл қолданушының бағдарламамен диалогы, яғни тақырыптық сұраныстар және жауаптармен алмасуы. Диалог жүргізудің едәуір дамыған әдістерін қолдану кезінде жұмыс режимі мен оқу материалы мазмұнының варианттарын тандау мүмкін болады.

Оқу үрдісінің тиімді болуы ең алдымен оқу материалдарын оқу үрдісіндегі нақтылы жағдайларға қарай бейімдей білуге байланысты. Осы ұстанымды өркендету үшін қазіргі заманға сай телематикалық жүйелердің тигізер пайдасы зор. Бұл жерде оқу үрдісіне сай бейімдеу туралы сөз болып отырған жоқ. Оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін зерттеп өвдеушілер, оқытушылар оқу курсын немесе оқу материалдарын тартымды да ұғынықты етіп, жеңілдетуі туралы әңгіме етуде

Мультимедиялық технологиялар мультимедиялық өнімдердің жасалу үрдісімен байланысты (яғни электрондық кітаптар, мультимедиялық энциклопедиялар, компьютерлік фильмдер). Бұл өнімдердің өзіндік ерекшеліктері тексттік, графикалық, аудио, видео ақпараттардың, анимацияның бірігуі болып табылады. Әдеттегі бағдарламалық құралдардан айырмашылығы мультимедиялық өнімде бірінші орынға көлемі 100 мегабайт бола алатын ақпарат шығады [99].

Мультимедиялық технология компьютерді тең дәрежедегі өңгіме-дүкен құрушыға айналдырып қана қойған жоқ, оқушыға сыныптан (үйден) шықпай-ақ үлкен ғалымдар мен педагогтардың лекциясына қатысуына, өткен және қазіргі тарихи оқиғаларға куә болуына, әлемнің ең белгілі музейі мен мәдени орталықтарына, жер түкпірлеріне сапар шегуіне мүмкіндік жасады.

Мультимедиа - оқытудың әр түрлі құралдарын пайдалану: басылған оқу құралдары, аудио және видео жазбалар, компьютерлік оқу бағдарламалары және т.б. Мультимедиа -компьютерде дыбысты, ақпаратты, тұрақты және қозғалыстағы бейнелерді біріктіріп көрсету үшін жинақталған компьютерлік технология. Ол ақпаратты кешенді түрде бейнелеуді - мәліметтерді мәтіндік, графикалық, бейне, аудио және мультипликациялық түрде

шығаруды жүзеге асырады. Бірнеше ақпараттық технологияларды қолдануға арналған мультимедиа білім беру ісінде ең тиімді әдіс болып табылады. Мәселен, компьютер мен адамның арасындағы байланысты арттырады, дауыс шығару, бейне шығару,

Жоғарыда келтірілген зерттеулер нәтижесі жалпы білім беретін мектептеріндегі оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыруға септігін тигізетін оқу үрдісін ұйымдастырудың тәсілдерін, формаларын, нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді. Мектептерде оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың арнайы әдістемесі жасалынып, нәтижелері, қорытындылары әдістемелік бірлестіктерде, педагогикалық кеңес, жиналыстарда талқыланды. Дәстүрлі емес, шығармашылық сипаттағы сабақтар, сабақтан тыс шаралар өткізілді.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

- 1 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2015 годы. Астана, 2004.
- 2 Машбиц Е.И. Психолого-педагогические проблемы компьютеризации обучения. - М.: Педагогика.- 1988. - 192 с.
- 3 Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. - М.: Педагогика. - 1976. - 415 с.
- 4 Гальперин П.Я. Формирование умственных действий /хрестоматия по общей психологии: Психология мышления //Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, В.В. Петухова. - М., 1981. - С. 78-86.
- 5 Выготский Л.С. Развитие высших психических функций. - М.: Изд. АПН. РСФСР, 1960. - 500 с.
- 6 Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. —М.: интор, 1996 541 с.
- 7 Эльконин Д.Б. Детская психология.- М.: МГУ, 1976. - 150 с.
- 8 Жарықбаев Қ.Б. Психология. - Алматы: Білім. - 270 б.
- 9 Бап-Баба С. Жалпы психология. - Алматы: Білім. - 68 б.
- 10 Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. - М.: Педагогика. -1981. - 185 с.
- 11 Аристова А.П. Активность учения школьников. - М.: Просвещение. 1968. - 139 с.
- 12 Данилов М.А. Воспитание у школьников самостоятельности и творческой активности в процессе обучения //Советская педагогика. -1961. № 8, - С.32-43 с.
- 13 Махмутов М.И. Проблемное обучение. Основные вопросы теории. - М.: Педагогика. -1975. - 368 с.
- 14 Шамова Т.И. Проблемы активизации учения школьников: Дис. док.пед.наук: - Тбилиси, 1990. - 37 с.
- 15 Коменский Я.А Избранные педагогические сочинения в 2-т. // Под ред. АИ.Пискунова. - М.: Педагогика. -1982. - 396 с.
- 16 Пидкасистый П.И. Самостоятельная деятельность учащихся // Дидактический анализ процесса и структуры воспроизведения и творчества. - М.: Педагогика. -1972.
- 17 Половникова Н.А. Система воспитания познавательных сил школьников /Уч. пособия/ Казань, 1975. - 101 с.
- 18 Есипов Б.П. Самостоятельная работа учащихся на уроке. - М.: Учпедгиз, 1961. - 239 с.
- 19 Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды. - М.: Педагогика. -1989. - 560 с.
- 20 Скаткин М.Н. Активизация познавательной деятельности учащихся в обучении //Материалы международной научно-

практической конференции по дидактике. - М.: Педагогика. -1965.

21 Щукина Г. И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе.- М.: Просвещение. -1979. - 160 с.

22 Морозова Н.Г. Учителю о познавательном интересе. - М.: Знание. -1979.

23 Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения: Дис. док. пед. наук: - Алматы, 1995. - 314 с.

24 Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздері: Дис. пед. ғыл. док. - Алматы, 1996. - 88 б.

25 Хмель Н.Д. Педагогический процесс как объект деятельности учителя: /Уч. пособие для студентов и преподавателей пед. институтов. - Алма-Ата, 1978. - 126 с.

26 Кудайкулов М.А. Дидактические проблемы формирования основ профессионально методических умений у будущего учителя: Дис. док. пед. наук: - Алма-Ата, 1975. - 453 с.

27 Әбілқасымова АЕ. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру /Монография. - Алматы: Білім. - 1994. - 190 б.

28 Садыкова Р.Ш. Формирование познавательной самостоятельности учащихся старших классов (на примере стереометрии): Дис. канд. пед. наук: - Алматы, 1998. - 67 с.

29 Смаилов С. С. Условия активизации познавательной деятельности студентов технического вуза. - Алматы, 1997. - 197 с.

30 Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. - Алматы, 2003. - 144 б.

31 Мустояпова А.С. Қазіргі кезеңде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: Пед.ғыл.канд.дис.автореф. 13.00.02. 24.04.03. Алматы.: Қаз.Қызд.ПИ, 2003. - 22 б.

32 Назарбаев Н. Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2010 жылғы. //Егемен Қазақстан

33 Беспалько В.П. Слагаемые педагогические технологии. - Москва.: Педагогика. -1989.

34 Монахов В.М. Проектирование и внедрение новых технологий обучения //Советская педагогика.- 1990. №7. - С.17-23.

35 Кларин М.В. Развитие педагогической технологии и проблемы теории обучения в школе //Советская педагогика. -1984. № 4. -С.117-122.

36 Третьяков П.И., Сенновский И.П. Технология модульного обучения в школе. - М.: Новая книга. -1997. - 246 с.

37 Қабдықайырұлы Қ. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы және білім стандарты //Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. КазГУ, 1999. - 102 б.

38 Галиев Т.Т. Системный подход к интенсификации учебного процесса (для техн. спец. вуза): Дис. док.пед.наук: - Караганда, 2002. -50с.

39 Кобдикова Ж.У. Педагогическая технология как средство модернизации методической системы обучения в средней школе. Дис. канд.пед.наук: - Алматы, 2000. - 35 с.

40 Қуанбаева Б.О. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары. Дис. пед. ғыл. канд. - Алматы, 2004. - 142 бет.

41 Пейперт С. Переворот в сознании: дети, компьютеры и плодотворные идеи. - М.: Педагогика. -1989. -220 с.

42 Ляудис В.Я., Тихомиров О.К. Психология и практика автоматизированного обучения //Вопросы психологии. -1995. № 4. 48 с.

43 Дацюк Г.И. Психолого-педагогические особенности применения информационных-коммуникационных технологий в учреждениях общего среднего образования. 19.00.13. Дис.канд.пед.наук: - М., 2001. - С. 30-62.

44 Роберт И.В. Современные информационные технологий в образование, - Москва: Школа. - Преся, 1994. -205 с.

45 Қараев Ж.А. Оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану //ИФМ. -1994. №3. - 3 б.

46 Извозчиков В.А. Методические знания как основа учебно-познавательной творческой деятельности учащихся //Методические и теоретические проблемы активизации учебно-познавательной деятельности в свете реформы школы. - Л., 1986. - С. 13-19.

47 Кондратьев А.С., Лаптев В.В. Физика и компьютер. - Л., 1989. - 328 с.

48 Лаптев В.В., Немцев А. Учебные компьютерные модели //Информатика и образование. -1991. №4. - С. 70-73.

49 Низамов И.М. Численный метод решения задач и его реализация на ЭВМ //Физика в школе.- 1990. № 6. - С. 42-44.

Верник А.Н., Кулагина С.А., Угаров В.В. Моделирование фундаментальных физических опытов на персональной ЭВМ //Физика в школе. -1987. № 3. -С. 44-46.

51 Минина Е.Е. Дидактические условия использования компьютерных технолгий пеподавания физики в средней школе. Дис.

канд.пед.наук: - Екатеринбург, 1994. - 182 с.

52 Немцев А.К. Компьютерные модели и вычислительный эксперимент в школьном курсе физики: Дис.канд.пед.наук: - Л., 1992. - 188 с.

53 Ильина В.Е., Кочеев А.А. Некоторые аспекты концепции использования ЭВМ в учебном процессе //Физика в школе. - 1985. № 2.

54 Гурьева Л.В., Савельева С.В. Руководство познавательной деятельностью учащихся при выполнении экспериментальных работ //Методика преподавания физики в средней школе. - Л., 1976.

55 Керімбаев Н.Н. Орта мектепте жоғарғы сынып оқушыларын физика сабағында компьютерлік оқытудың әдістемелік ерекшеліктері. Пед.ғыл.канд.дис. 13.00.02. - Алматы, 2000. -58 б.

56 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //Егемен Қазақстан, 26 желтоқсан, 2012, 5 б.

57 Назарова Л.Р. Развитие творческой активности учащихся основной школы в процессе изобразительной деятельности с использованием информационных технологий. Дис. канд.пед.наук. - Москва, 2002. - 54 стр

58 Педагогическое наследие (Я.А.Коменский, Д.Локк, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци-сборник) сост.: В.М.Кларин и др. - М.: Педагогика. -1987. - 415 с.

59 Шамова Т.И. Формирование познавательной самостоятельности школьников в процессе усвоения ведущих знаний и способов деятельности //Сб. науч. статей/ Под ред. Т.И.Шамовой. -М., 1975. - 69 с

60 Кулагина Г.Н. Формирование у студентов познавательной самостоятельности и активности: Автореф. дис. канд.пед.наук. М.; 1980. - 16 с.

67 Низамов Р.А. Дидактические основы активизации учебной деятельности студентов. - Казань: Изд-во Казанского ун-та, 1975. - 305 с.

70 Коротаева Е. В. Уравни познавательной активности //Народное образование. -1995. № 10.

71 Орлова В.И. Активность и самостоятельность воспитания учащихся //Пед-ка (Вопросы обучения). - 1998. № 3.

72 Қараев Ж.А. Абыканова Б.Т. Компьютерная образовательная среда в обучении физике //ИФМ, 2002. № 4. - 14 с.

73 Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. - Алматы.: Мектеп. -1978. - 110 с.

74 Омарова Р.С. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. - Алматы, 2003. - 145 б.

75 Қазмағамбетов А.Н. Научно-педагогические основы

формирования системы оценочных притязаний старшеклассников в учебном процессе. Дис. докт.пед.наук. - Алматы, 1999. - 232 с.

76 Даулетбекова Ж.Д. Оқушылардың оқу мотивтері, сапалы білім негізі. - Алматы, 2001. - 170 б.

77 Матюшкин А.М. Развитие творческой активности школьников. - М.: Педагогика. -1991. -155 с.

78 Лернер И.Я. Дидактические основы формирования познавательной самостоятельности учащихся при изучении гуманитарных дисциплин. Дис.док.пед.наук. - М., 1971. -810 с.

79 Дистерверг А. Избранные педагогические сочинения. - М.: Учпедгиз, 1959. - 259 с.

80 Белинский В.Г. Избранные педагогические сочинения.: Изд-во АПН РСФСР, 1946. - 255 с.

81 Чернышевский Н.Г. Избранные педагогические сочинения. - М., 1940. - 255 с.

82. Половникова Н.А. О теоретических основах воспитания познавательной самостоятельности школьников в обучении. Казань: Изд-во Казанского ун-та, 1968. - 204 с

83.Бабанский Ю.К. Оптимизация процесса обучения: Общедидактический аспект. - М.: Педагогика. -1977. - 254 с.

84 Леднев В.С. Содержание общего среднего образования. Проблемы структуры. - М.: Педагогика. -1990. 264 с.

85 Шамова Т.И., Третьяков П.И., Капустин Н.П, Управление образовательными системами. - М.: Владос, 2001. -319 с.

86 Берукштене Ф.В. Влияние социально-педагогических факторов на развитие познавательной самостоятельности как черты личности старшеклассника и студента. Дис... к. п. н. Вильнюс, 1980, -232 с.

87 Юркевич В.С. Светлая радость познания. - М.: Знание. - 1977.- 64 с.

88 Юркевич В.С. Развитие начальных уровней познавательной потребности у школьника //Вопросы психологии. - 1980. № 2.

89 Архангельский С.И. Лекции по теории обучения в высшей школе. - М. : Высшая школ. 1974. - 384 с.

90 Селиванов В.И. Воспитание воли школьников. - М.: Учпедгиз, 1954. - 208 с.

91 Рубинштейн С.Л. Принципы и пути развития психологии. - М., 1959.

92 Леонтьев А. Н. Деятельность, Сознание. Личность. - М.: Политиздат. -1975. - 304 с .

- 93 Занков Л.В. Наглядность и активизация в обучении. - М.: Учпедгиз, 1960. - 34 с.
- 94 Жидкова О. С., Богатырев Я. В. Социально-экономические и технологические аспекты проблемы дистанционного обучения предпринимателей-инноваторов //Материалы 4-й Международной конференции по дистанционному образованию. - Москва, 1997г. - 212 с.
- 95 Лобачев С.Л., Солдаткин В.И. Дистанционные образовательные технологии: информационный аспект, - М: МЭСИ, 1998. 104 с.
- 96 Нургалиева Г.К., Кудебаева Г.С., Джусубалиева Д.М., Калиаскарова Ш. Технология дистанционного обучения //В сб. Теоретико-методологические основы модернизации системы образования в Республике Казахстан. 4.2, - Алматы, Гылым. 1998. -С. 63-92.
- 97 Андреев АА. К вопросу об определении понятия ДО// Дистанционное образование. № 4. -1997. - С. 26-20.
- 98 Тусубаева Ж.М. Методика организации дистанционной формы обучения в системе высшего профессионального образования. Дис. ... канд. пед. наук. - Алматы, 2004.
- 99 Заботин Д.О., Смолянинов А.В. Подготовка гипертекстовых учебных материалов на основе существующих учебников и пособий. Материалы IV Международной конференции "Применение новых компьютерных технологий в образовании" -Тройцк, 24-26 июня, 1993 г. - 128 с.
- 100 Ротмистров Ю.Ю. Мультимедиа в образование // Информатика и образование. -1994. №4. С. 89-96.
- 101 Полат Е.С. Новые педагогические технологии. - М.: ИОСО РАО, 1997. - 160 с.
- 102 Гайтомиров А.М. Использование компьютера при изучении физики на факультативных занятиях. Материалы конференции "Образование-94". - Москва, 5-7 июля.- 1994 г. -24 с.
- 103 Муликова СА. Информационно-поисковая технология обучения в вузе (на примере специальности "Документоведения и документационное обеспечение управления") - Алматы, 2003 г. Виштак О.В. Критерии создания электронных учебных материалов // Педагогика. -2003 г. № 8. - 19 с.
- 105 Соболева Н.Н., Гомулина Н.Н., Брагин В.Е., Мамонтов Д.И. Электронный учебник нового поколения //Информатика и образование. -2002. № 6 - 67 с.
- 106 Смолянинова О.Г., Феньев К.Н. Программно-методический комплекс. "Физика" для средней школы. Материалы IV международной конференции "Применение новых компьютерных

технологий в образовании". - Троицк, 24-26 июля. -1993. - 82 с.

Қосымша А

Студенттерге арналған сауалнама

1. Алдыңызға қойған жоспарыңыз қандай ?
2. Қызығушылығыңыз болашақтағы таңдаған мамандығыңызға байланысты ма?
3. "Танымдық белсенділік" дегенді қалай түсінесіз ? 4. Өз бетімен білім алудың қандай жолдарын білесіз ?
5. Мұғалім сабақ үстінде танымдық тапсырмаларды жеткілікті берді деп ойлайсыз ба ?
6. Өзіңіздің танымдық белсенділігіңізді қалыптастыруға үмтылыс жасадыңыз ба ?
7. Танымдық белсенділікті арттырудың жолдарына мысал келтіріңіз.
8. Танымдық белсенділікті арттыру - оқу үрдісінде жетістікке жетудің шарты деп есептейсіз бе ?
9. Танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздық тақырыбындағы қандай әдебиеттермен таныссыз ?

Қосымша В Оқытушыға арналған

сауалнама

- 1) Студенттер сіздің сабақ беретін пәніңізге деген тұрақты қалыптасқан қызығушылығы бар ма?
- 2) Оқу үрдісінде танымдық мотивтерді туғызу оқушыны қандай әрекеттерге бағыттайды?
- 3) Сіз оқу үрдісінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттырасыз ба?
- 4) Танымдық белсенділіктің арттыру оқушының үлгеріміне, оқу үрдісінің тиімділігіне, ой-өрісін дамытуға әсері бар ма?
- 5) Жалпы "танымдық белсенділік" дегенді қалай түсінесіз?
- 6) Жеке тұлғаның дамуына танымдық белсенділік, ізденімпаздылық қасиеті қандай функция атқарады?
- 7) Оқушының танымдық белсенділігін арттыруды қалай жүзеге асыруға болады?
- 8) Өз пәніңіз бойынша оқушыларыңыздың танымдық белсенділігін арттыру барысында өзіңіздің педагогикалық ісіңізге қанағаттанасыз ба?
- 9) Танымдық белсенділікті арттыру тұрғысында педагогикалық біліктеріңіз жеткілікті деп ойлайсыз ба?
- 10) Оқушыларыңыздың танымдық қажетсінуі жеткілікті деңгейде деп ойлайсыз ба?

